

Институтішілік студенттердің ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

ШЕТЕЛ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ:

тәжірибелер, мәселелер,
жаңашылдығы

ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:

опыт, проблемы,
новизна

МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской студенческой научной конференции

28 қараша
ноября
2017 жыл
год

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

**«ШЕТ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ:
ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ»
атты институтішілік студенттердің ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

28 қараша 2017 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской научной студенческой конференции
«ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, НОВИЗНА»**

28 ноября 2017 года

Арқалық қаласы

ӘОЖ 80/81(063)

КБЖ 81.2

ІІ 50

Бас редакторы / Главный редактор:

Қуанышбаев С.Б. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ректор, география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:

Қолдасбаева З.Ш. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

п.ғ.к., доцент Қолдасбаева З.Ш., доцент Анапин Е.Х. пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Бакирова Ж.М., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Оскина М.С., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Бағитжанова Ш.С., пед. ғыл. магистрі, оқытушы Ахметова Г.Х., аға оқытушы Байдалина Ж.Ж., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Тургумбекова Б.Н., гум. ғыл. магистрі, аға оқытушы Ибрагим А.Е., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Аубакирова Ж.З., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Штатбаева Г.С., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Шонгалова А.С., оқытушы Жумабаева Г.С., пед. ғыл. магистрі, оқытушы Боранбаева А.Б., аға оқытушы Абрашитова Р.А.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:

пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Бакирова Ж.М.; пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Оскина М.С., пед. ғыл. магистрі, оқытушы Ахметова Г.Х., аға оқытушы Байдалина Ж.Ж., редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.

ІІ 50 «Шет тілді білім беру: тәжірибе, мәселелер, жаңашылдығы» атты институтішілік студенттердің ғылыми конференциясының материалдары. (28 қараша 2017 ж.). - Арқалық: АрқМПИ, 2017. 228 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-80709-3-8

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің, шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 2017 жылдың 28 қарашасында өткен «Шет тілді білім беру: тәжірибе, мәселелер, жаңашылдығы» атты институтішілік студенттердің ғылыми конференциясына қатысушы студенттердің, жас ғалымдардың ғылыми мақалалары енгізіліп отыр.

Конференция материалдары үш тілділік аясында лингвомәдениеттану методологиясы негізіндегі шет тілдік білім беру парадигмасын, лингвистиканың және филологияның теория-қолданбалы аспектілерін, шет тілдік білім беруде қазіргі заманғы ақпараттық байланыс жүйелері мен технологияларын қамтыған.

Жинақ білім беру саласындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN ISBN 978-601-80709-3-8

ӘОЖ 80/81(063)

КБЖ 81.2

ІІ 50

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2017

АЛҒЫ СӨЗ

Тілдерді қолдану мен дамыту бүгінгі таңда мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр. Себебі, тіл саясаты оның ішінде мемлекеттік тілдің проблемалары еліміздің қауіпсіздігіне, оның мемлекеттілігінің нығаюына тікелей қатысты мәселелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының тілін жүзеге асыру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды тәрбиелеу. Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқалармен салыстыру арқылы ғана әлем суретін әр алуан және әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Бүгінгі таңда еліміздің Президенті Н.Назарбаев отандық білім берудің алдына жоғары талап қойып отыр. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуының нәтижесінде қазақстандық мектептердің түлектері өз білімін шетелдік ЖОО-да жалғастыра алатындай болуы қажет. Сондықтан білім берудің маңызды стратегиялық міндеті, бір жағынан, үздік қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі-мемлекеттік ана және шетел тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады.

ЮНЕСКО ХХІ ғасырды «полилингвизм ғасыры» деп атады. Болашақ ұрпағымыз тек ана тілін меңгеріп қана қоймай, бірнеше шетел тілін меңгеруі керек. Ал шетел тілін жан-жақты меңгертуде оқыту-тәрбие үрдісін қызықты, ыңғайлы және ұтымды қылу үшін бірнеше тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) әдіс-тәсілдерді қолдануымыз керек.

Тәуелсіз ел болған соң әлемнің барша жұртымен қарым-қатынас жасай бастадық. Енді біз тек орыс тілін ғана емес, қытай, түрік, ағылшын, француз және басқа ұлттардың тілін біліп, олармен қатынас жасауға тиістіміз. Алайда, әлемде ең басты тіл – ағылшын тілі екені дау туғызбайтын ақиқат. Ағылшын тілін білсеңіз, бүкіл елдерді аралауға мүмкіншілігіңіз артады.

Тілдік пәндерді біріктіру арқылы полилингвалды тұлғаны қалыптастыру заман талабы болғандықтан, ұлағатты ұстаз өз білімін, шеберлігін ортаға салып, оқушылар санасына сіңіру керек.

Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағымына ілесу деген сөз. Оған қоса ағылшынша білсең, әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғарғы оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті оқуыңды тәмамдаған соң біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етуін үшін де бұл тамаша мүмкіндік. Ең бастысы, ағылшын тілін білу-бұл іскерлік қарым-қатынас және әлемнің кез келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап.

I СЕКЦИЯ

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ӘОЖ 37.091.39

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Айтмырзаева Э.Б.

5B011900 Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Бағитжанова Ш.С.

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстан Республикасы « Білім туралы» Заңының 8 - бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» [1]. ХХІ ғасыр жаңа ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі уақытта еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Сол себепті, ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңдағы, алға қойылып отырған мақсаттардың бірі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізу. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа ағылшын тілін тиімді ұғындырудың бірі – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология негіздері болып табылады. Ақпараттық технологияларды ағылшын тілін оқыту үдерісінде пайдалану оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашып, мемлекетіміздің үш тұғырлы тіл саясатына сай жақсы, жан-жақты дамыған оқушы иесі ретінде танылуларына негіз бола алады. Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен - күнге өзекті болып келеді. Ағылшын тілін оқыту технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді [2]. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі [6].

Интербелсенді оқыту бірлесе білім үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе білім игеруде әрбір үйренуші танымның мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, түсінігімен алмасады, жоғарғы нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Осындай қарым-қатынас бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйластық пен бірін-бірі қолдау жағдайында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды. Сондықтан білімді ұрпақ, ақылды жеткіншек тәрбиелеу үшін білікті жұмыс күші бар мемлекет дамыту үшін білім жүйесін дамытуымыз қажет. Осы мақсатта оқу орындары бірінші кезекте үйрену мен үйретудің басты әдістемесі ретінде интербелсенді әдістемені таңдау қажет.

Қазіргі таңдағы ақпараттың орасан зор мөлшері (кітаптар, интернет т.б.) адамнан бұрынғыдай мағұлматты іздестіріп қана қоймай, қажетті мәліметті табуы, оны игеріп, қажетіне жаратып, пайдалануды, оны бағалауды талап етеді.

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады. Дәстүрлі білім беру өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген білім игерумен шектелсе, тұлғалық даму мен өздігімен білім құрастыруды негізгі идеяда деп ұстанған инновациялық көзқарас оқу мен үйренудің негізінен тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құруы керек деп түсінеді.

Ал, интербелсенді әдістер мен тәсілдер үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан дамуына әкеледі, өз мүмкіндіктерін түсінуге және бағалауға жетелейді. Үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Ағылшын тілінен енген «интерактив» сөзі де осы мағынаны білдіреді. «Inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Сонымен интербелсенді – дегеніміз диалог арқылы үйрену, үйрету, яғни мұнда оқу процесінің негізгін үйретуші-үйренуші, үйренуші-үйренуші, үйренуші-өзімен өзі, байланысындағы жасаған қарым-қатынасын (әңгіме, сұхбат, бірлескен әрекеттер) құрайды.

Интербелсенді оқытуда үйренуде білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану мен қабілеттерді дамыту
- өз әрекеті мен ойын талдау, оларға баға беру
- ақпаратты өздігінен түсініп, оны таразылап, керекті мәліметін алу
- өздігінен жаңа түсінік пен білім құрастыру
- жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптстыру, белсенді өмірлік позиция ұстану
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу
- шешім қабылдау және де қиын мәселелерді шешу
- ортақ жұмысқа жұмыла білу
- басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу

Интербелсенді оқытуда үйренушілер әрқашан белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірлерді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді [5]. Қазіргі заманда

сабаққа қойылатын талаптар мұғалімнен шеберлікті қажет етеді. Мұғалім сабақ үрдісінде материалдарды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай әдіс-тәсілдерді тандап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар жеке адам болып қалыптасады. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытамын, көргенді есте сақтаймын, орындасам түсінемін» - деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі. Сондықтан сабақта қолданылатын интербелсенді оқыту тәсілдерін пайдалану оқушының бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өнерге күштарлығын қалыптастырады. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар атқара отырып, оқушының белсенділігі артады, бір-біріне көмектесе отырып, сабаққа барлық оқушы қатыса алады. Өзінше ізденіп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жетеді. Нашар оқитын оқушының өзі ойын элементтері арқылы интербелсенді оқыту тәсілдерін қолдану барысында оқушының ой - өрісін дамытуға көмектеседі. Жаңашыл ұстаздар сабақ арқылы оқушыға емес, оқушы жүрегі арқылы сабаққа ұмтылыс тудыруды ұсынады.

Қазіргі таңда дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі оқыту» стилі арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайды. Төмендегі кестеден дәстүрлі сабақпен интербелсенді оқыту әдістерінің айырмашылықтарын көруге болады

Дәстүрлі сабақ

1. Мұғалім уақыттың көп бөлігінде сөйлейді, белсенді
2. Оқушылар тыныш отырып, мұғалімді тыңдайды.
3. Оқытудың басым түрі - түсіндіру
4. Сабақтың негізгі бөлігі - жеке-жеке бағалау
5. Сабақ кезеңдері ұзақ мерзімде өтеді

Интербелсенді әдіс

1. Оқушылар көп уақыт бойы белсенді, тапсырманы талқылайды
2. Мұғалім-бағыттаушы. Пікірталас кезінде көмектеседі, сұрақтар қояды
3. Оқушының өзі сұраққа жауап іздейді
4. Бағалаудың жаңа түрлерінен пайдаланылады
5. Жұппен және топпен жұмыс [3]

«Интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа негізделген оқыту, диалог арқылы үйрету. Интербелсенді оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру [4].

Интербелсенді оқыту технологиясына жатады: жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, шағын топтармен жұмыс, аяқталмаған сөйлем, есептеу ағашы, өз атынын сот, азаматтық тыңдау, рөлдік (іскерлік) ойын, өз позицияңды ұстан, дискуссия, дебаттар.

Бұл оқыту техноллогиясы – ең алдымен оқытушы мен оқушы арасындағы өзара әрекетті жүзеге асыратын диалогтық оқыту, танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Интербелсенді оқытудың

мақсаты- оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Интербелсенді тәсіл сабақты пысықтап, қорытындылауға бірден-бір көмегін тигізетін тәсілдердің бірі. Бұл әдіс арқылы оқушылар өз білімін өздері бағалайды да, мұғалім білім, білік, дағдылары бойынша бағалайды. Әсіресе өзін-өзі бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуге септігін тигізеді [4;44]. Ағылшын тілі сабағында білім сапасын арттыру үшін интербелсенді оқыту аясында ойын технологиясын пайдалану тиімді.

Оқушылардың бойында ағылшын тілінде қарым-қатынас барысында тілді пайдалана алуы мен ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологияларын меңгерту үлкен істің бастамасы. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады: сын тұрғысынан ойлау, ойын түрлері, жоба әдісі, компьютер, интернет, диалог, интерактивті тақта қолданылды. Аталған технологиялар арқылы өтетін оқу үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, шығармашылық қабілетін дамытып, қалыптасуларына жол ашады. Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді. Бұл дегеніміз – бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңарған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Міне осындай әдіс тәсілдерді шетел тілі сабақтарында қолдану арқылы оқушылардың тек қана шығармашылық қабілеттері емес, ауызекі және жазба тіліндегі білігі мен дағдылары жетіледі. Ұстаз әр оқушының қандай қабілеті бар екендігін байқап, оқушылардың мүмкіндіктерін, жас және дербес ерекшеліктерін ескеріп, қызығушылықтарын арттыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы;
2. Тубышева Қ. «Модульдік оқыту технологиясын ағылшын тілі сабақтарында қолдану», Оқыту – тәрбиелеу технологиясы, №4, 2007ж. 35-36 беттер
3. Sabaqtar.kz/bayandama/5276-interbelsend-oytu-tehnologiyasy-aryly-oushylyardyzndk-pkrn-alyptastyru.html
4. А.Әлімов Интербелсенді әдістер .Оқу құралы;- Алматы, 2009 328 б;
5. Рысбаева А.К «Педагогикалық процесс субъектілерінің табысты іс әрекетінде интерактивті оқытудың ықпалы» Алматы 2008 ж
6. <http://bilimdiler.kz/ustaz/25187-interaktivti-okytu-tehnologiyasynyn-adis-tasilderin-tarih-sabagynda-koldanu-arkyly-okushylardyn-bilim-sapasyn-arttyru-zholdary.html>

Аннотация: В этой статье рассматриваются интерактивные методы обучения на уроке английского языка. Методы, в которых учащиеся развивают свои познавательные и творческие способности, с помощью интерактивных технологии обучения для эффективного использования в играх.

Resume: In this article considered uses the interactive method of teaching at English lesson. Methods, which pupils develop their cognitive and creative abilities with helping interactive technology of teaching for effective using in games.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Амангелді А.К.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: Оскина М.С

*Педагогика ғылымдарының магистрі, шетел тілдері, орыс тілі және
әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

“Елу жылда, ел жаңа” дегендей еліміз жаңарып, егеменді ел болдық. Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманы ХХІ ғасырда өмір сүріп отырмыз. Қазақстан Республикасының «білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттың және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Шетел тілін жаңаша оқыту соңғы жылдары жоғары қарқынға ие болды.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағымы күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жоғары мектептің басты міндеті болып саналады.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім саласындағы басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау. Ол қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жатқызылып келеді. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттың моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Оқытушылардың біліктілігі олардың педогогикалық қарым-қатынаста жағдаят жасауда көрінеді, онда оқытушылар да, студенттер де тандау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады. Инновация дегеніміз тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісіне қолдана білу. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық – электронды құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық-электронды құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Білім беру саласында түрлітехнологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттап білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқараалады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Ал ағылшын тілін саналы түрде меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру бір жылғы мәселе емес, сондықтан оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруда, оқушы бойындағы қабілеттерді анықтап, ары қарай жетілдіруде, жеке тұлға қабілетін дамытуда қандай технологиялардың әдіс-тәсілдерін қолданған дұрыс деген сауал туындайды. Осы сауалға жауапты Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауынан табуға болады.

XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап өтті: компьютерлік техниканы, интернет, коммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электронды оқулықтарды оқуүрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Қазіргі кезде тілді коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударылуда. Ағылшын тілін оқытудың жаңа технологиясы тілдің

коммуникативтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді. Оқушылардың шет тіліне қызығушылығын оятқан кезде ғана кез келген жетістіктерге жетуге болады, яғни оқытудың ең бастысы оқушылардың тілге деген құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру. Бұл дегеніміз қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Ақпараттық технология-ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Кез келген сабақтарда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді. Барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Сондықтан, ұстаз-мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр.

Шетел тілі пәнін оқытуда инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оқытудың бұл формасы алдына нақты және бағдарланған мақсат қояды. Сондай мақсаттарының бірі – оқу үрдісінің нәтижелілігін арттыратын оқушының ақыл-ой емелдіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру. Шет тілі пәнінде интерактивті оқыту арқылы интернет желісімен байланыса жұмыс жасау, бұл сабақ процесін біршама жеңілдетеді.

Себебі, білім алушы қажетті ақпаратты бірден сабақ барысында алып, оны жаңа тақырыппен байланыстыруға мүмкіндігі пайда болады. Оқушының қай ортада болсын өзіндік әрекеттерді ұйымдастырып, оны басқарушы бола алатындай дәрежеге жеткізу үшін білім мазмұнын даму тенденциялары мен оқу үрдісін инновациялық технологиялар негізінде ұйымдастырып, сабақтың түрлері мен әдіс-тәсілдерін білімділік ұстанымы тұрғысында жетілдіру қажет.

«Инновациялық технологиялар» тіркесі бүгінгі күні педагогикада, оқу-тәрбие үрдісінде ең жиі қолданылатын ұғым болып отыр. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Әсіресе шетел тілін оқытатын оқытушылар, себебі өзге тілді енді ғана меңгере бастаған білім алушыны бірден өз пәніне қызықтыруы, шетел тілін оңай меңгертуге педагогикалық шеберлік қажет.

Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, білімділер қатары көбейері анық. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» // 2010 жыл.
2. Г. Исаева, Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері.
3. В.С.Кукушкин. Педагогикалық технологиялар. Алматы. 2002.
4. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. «Шетел тілі оқыту әдістемесі», Астана -2007
5. Бабинская П.К., Леонтьева Т.П., Андреасян И.М., Будько А.Ф., Чепик И.В. «Практический курс методики преподавания иностранных языков», Минск-2003

Аннотация: В статье рассматривается роль современных информационных технологий как необходимых компонентов обучения иностранному языку, а также роль современных интерактивных видов общения, такие как интерактивное телевидение и интернет.

Resume: The article discusses the role of modern information technologies as essential components of learning a foreign language, and the role of modern interactive types of communication, such as interactive television and the Internet.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ӘДІСІН АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Әсенова С.Б., Бердімұратова К.Д.

5B011900 "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығының 3 курс студенттері

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, доцент Анапин Е.Х.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан қазіргі заман оқушысы үшін оқыту әдістері оның өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналғаны сөзсіз. Соңғы жылдары тіпті ақпараттық технологиялардың шарықтап дамуы және оның оқу үдерісінде қарқынды пайдаланылуы білім беру жүйесіне де бірқатар өзгерістер алып келді. Жаңа заман оқытушыларына нақты бір пәнді оқытудың мазмұны мен мақсатына толығымен сәйкес келетін және де оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін әдістер мен технологияларды сауатты таңдай отырып, пайдалана білу талабы қойылып отыр. Сонымен, модульдік оқыту әдісін оқу үдерісіне ену мәселесінің (оның ішінде ағылшын тілін оқытуда) маңыздылығы және оларды тиімді пайдалану мәселесінің әлі де болса жеткілікті дәрежеде өңделмеуі себепті маған зерттеу жұмысымның мәселесін айқындауға және тақырыпты «Ағылшын тілін оқытудағы модульдік оқыту әдісі» деп тандауыма негіз болды.

Сонымен, модульдік оқыту ол – оқушының белсенді оқу қызметін ұйымдастырады, оқушы өз әрекетін жоспарлайды, талдайды, өзі бақылай білуге үйренеді. Жалпы педагогика ғылымында модуль барлық жүйенің маңызды бөлігі ретінде қарастырылған. С.И. Ожоговтың пікірінше модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның аяқталатын, біршама дербес бөлігі.

Модульдік оқыту элементтері танымдық ойындар мен шығармашылық жұмыстарды ағылшын тілін практикалық тұрғыдан меңгерткенде оқушылардың білім-білік дағдысын ғана дамытып қоймайды, сондай-ақ жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін технологияның бірі болып табылады.

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды (тақырыпты) оқып – үйрену үш негізгі кезеңнен: кіріспе – қызықтырушылық, операциялдық – танымдық және рефлексиялық – бағалау кезеңдерінен тұруы тиіс (Л.М.Фридман).

Аталмыш модульде кіріспе – қызықтырушылық кезең кіріспе бөлімінде іске асырылады. Ең алдымен сабақ жоспары, танысу сосын тақырыпты табу мақсатында қызықты видео көру арқылы өтетін сабақ тақырыбын табу міндет.

Course of a lesson

I. The organizational moment.

T: Good afternoon pupils , I ‘m glad to see you. Sit down, please.

Who is on duty today? Which class are you in? What date is it today? Who is absent today?

Would you like to make some compliments to each other. For example: Miss Moldyr thanks to you for support (students say compliments) Thank you. It is very important to be polite. Now you should be divided into three groups.

II. The main part.

T: Let's start the work. Let's watch the video episode and try to guess the topic of our lesson. (The pupils look through a videoroller) What is the theme of our lesson?

Yes, and today we'll speak about fashion, clothes, its patterns, style and materials.[1]

Бұл кезеңде оқушылар бағдарламаның осы тарауын неге және не үшін оқып – үйренулері керек, өздері нақты нені меңгеріп, үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түйсінуді қажет.

Психологтар дәлелдегендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін оқушылардың мақсатты түйсінуді (мақсаттың қозғаушы, қызықтырушы күш нені үйрену), оның мағынасы (бұл не үшін қажет) нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек.

Сөйтіп, оқу модулінің кіріспе бөлімінде оқытушы:

а) оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен және мазмұнымен таныстырады;

ә) оқушылардың осы оқу модуліндегі танымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, әсіресе бұл мақсаттар мен міндеттерді әрбір оқушының “қабылдауына”, түсінуді ерекше көңіл бөледі;

б) модульдің тұтас тақырыбы бойынша оқу материалын қысқаша (15-20 минут ішінде) түсіндіреді.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды (тақырыпты) тұтас оқып үйренудің екінші – операциялдық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады. Бұл бөлімді құрастырғанда біз Л.Фридманның төмендегідей ережелерге негізделген тұжырымдамасына сүйендім:

1 қабілеттерін, көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылығын және т.б. дамытуға, яғни білім берудің мақсаттары болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен, оқушының қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Оқуды басқару икемді болуы тиіс, бұл тек оқушылардың іштей өсуі жүргенде ғана, балалардың білім дәрежесінің артуына қарай мүмкін болады.

4. Оқушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалық бағытты алған болуы тиіс. Оқу процесін тұлғалық басқару дәрежесі оқушылардың өсуіне қарай артып отыруы және оқудың жоғары сатысында жалпылама сипат алуы тиіс.

5. Оқу процесін басқару балалардың ішкі қуатын және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Модуль жалпы мазмұнға кіретін негізгі мәселелер мен олардың ішкі бөлшектерін, кіші мәселелерін жүйелі түрде көрсетіп, оны оқытушы үшін де, оқушы үшін де нақтылы түрде анық білдіреді. Оқытушы модульдерді қандай тәртіпте оқыту керектігін білсе, оқушы модульден нені білуге, қандай жұмысты жасауға тиісті екенін біледі. Модульдік оқытудың ерекшелігі: оқытушы көп сөйлегеннен гөрі, оқушыны көбірек тыңдауға мүмкіндік береді;

Модульдік оқытуда тағы бір ерекшелік бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады.

Осындай кездерде оқытушы оқушылардың жеке кемшіліктеріне, көңіл бөліп, олардың ой - өрісін дамытуға, белсенділігін арттыруға арналған шығармашылық жұмыстарымен айналасуға мүмкіндік алады. Сабаққа дайындалуға да көп уақыт бөле алатын дәрежеге жетеді.

Педагогикалық технология негізінде оқу цикілін қайта жаңғырту идеясы алынған.

Оның мазмұнына:

1. оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. оқышулардың білім деңгейін алдын ала (диагностикалық) бағалау;
4. оқу әрекеттерінің жиынтығы (бұл кезеңде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс);
5. нәтижені бағалау енеді.

Осының арқасында оқу процесі “модульдік” сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады.

Толық меңгеру әдістемесінде (Дж.Блок, Л.Андерсен және басқалар) әрбір оқу бірліктері ауқымында оқытушының қызметі төмендегіше құрылады:

1. Оқушылардың оқу мақсаттарымен таныстыру.
2. Сыныпты берілген тарау (оқу бірлігі) бойынша жалпы оқыту жоспарымен таныстыру.
3. Оқытуды жүргізу (негізінен оқытушы оқу материалын өзі баяндауы түрінде).
4. Диагностикалық тестіні ағымдағы тексеру.
5. Тексеріс нәтижелерін бағалау және тарау мазмұнын толық меңгерген оқушыларды айқындау.
6. Толық меңгере алмаған оқушылармен түзете оқытуды жүргізу.
7. Диагностикалық тест өткізу және оқу бірлігін толық меңгерген оқушыларды айқындау. [2]

Менің тәжірибе барысындағы зерттеу мәселем күрделі болуы себепті оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге де болмайды. Келешекте, күнделікті қоғамда болып жатқан өзгерістерге сай, модульдік оқытуды пайдалана отырып ағылшын тілін оқыту тиімділігін арттыру мәселесі әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ағылшын тілі мектепте 2009№5.
2. А. Иманбаева, Модульді оқыту №2, 200

Аннотация: Данная статья о современном модульном методе в изучении английского языка, которая развивается в нашей стране

Resume: This article is about a modern modular method in learning English, that is developing in our country.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ –
БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Батыргалиева Г. Д., Жаңабай И.С.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенттері

*Ғылыми жетекші: **БОРАНБАЕВА А.Б.***

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай, сонымен қатар алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Еліміздің орта білім беру саласына енгізіліп жатқан жаңа реформалары білімнің берілу сауаттылығына және де мемлекетіміздің әлемдік деңгейде алатын орнына өзіндік септігін тигізеді. Әрине, әлемдік алпауыт елдермен қабырға теңестіре алу үшін, шет елдік ақпараттарды жете түсіну үшін, әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу үшін Қазақстан жастары ағылшын тілін жетік меңгерулері қажет. Қазіргі таңда ағылшын тілін оқыту мектеп қабырғасынан басталады.

Мектепте ағылшын тілін оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірігуінен құралады. Осы орайда алдымен функционалдық-сауаттылық дегенге түсініктеме бере кетейік.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі

белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс.

Функционалдық-сауаттылыққа үйрену барысында басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ағылшын тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі – субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді. Ағылшын тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының ағылшын тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру бір жылғы мәселе емес. Сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Коммуникативтік сауаттылықты қалыптастыру топта, командада жұмыс істей білуден; басқа адамдарды өзіне қарата білуден; жаңа өзі үйренбеген жағдайларға бейімделуден; топ жұмысын ұйымдастырудан тұрады. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады.

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Сонымен қатар ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруда тағы бір қолданысқа ие әдіс – **сын тұрғысынан ойлау әдісі**. Сын тұрғысынан ойлау оқушының еркін қозғалып, еркін сөйлеуіне, топпен, ұжыммен, жұппен, сондай-ақ оқушының жеке жұмыс жасауына, терең ойлап, тұжырымды жауап беріп, бір-бірін құрметтеп, жұмыла жұмыс істеуге, өз еркімен шешім шығаруға мол мүмкіндік береді. Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни тұрғыда ойлауға қалыптасқан оқушының функционалды сауаттылығы да дамып, өзіне анық мақсат пен міндет артады, және өзіне деген сенімділігі пайда болады. Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» — деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне, қабілетіне, қызығушылығына, ерекшелігіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану жоғарғы нәтиже береді.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыруда мұғалімнің шеберлігінің жоғары болуы да маңызды. Ұстаз баланы қалай оқыту қажет, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс. Сонымен қатар, интербелсенді оқыту

барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Интербелсенді оқыту барысында төмендегідей нәтижелер күтіледі:

- Мағынаны ажырата алады;
- Топпен жұмыс істеу құзіреті артады;
- Көшбасшылық анықталады
- Білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі
- Өз ойын айтуға төселеді
- Функционалдық сауаттылығы артады.

Қорыта айта кетсек, оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлауға бейімдеу – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан болашақтың тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуын біз назарда ұстауымыз керек дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Журнал «Английский язык. Методика преподавания в школе, колледже и вузе» - №1, 2016ж
- 2) Журнал «Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі мектепте, колледжде және ЖОО-да» - №1, 2017ж
- 3) Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
- 4) <http://tarym.kz/>

***Аннотация:** В этой статье мы рассматриваем формирование и повышение функциональной грамотности. К тому же здесь показано способы и методы, которые используются в повышении функциональной грамотности и интерактивное обучение.*

***Resume:** In this article, we consider the formation and enhancement of functional literacy. In addition, it shows the methods and methods that are used in increasing functional literacy. And interactive learning is considered.*

ШЕТЕЛ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛЕП-САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.

Джурабой З.М.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Аға оқытушы Бағитжанова Ш.С.

ҚР Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына қадам басып жатқан кезеңдегі ел дамуының негізгі басымдықтарын айқындап берді. Олардың қатарында еліміздің білім беру жүйесін дамыту мәселесі де қаралған. Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында қазіргі кезде еліміздің білім беру жүйесіне көптеген өзгерістер енгізілуде. Осыған орай еліміздегі мектептерде оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып жатыр. Елімізде қолданылып жүрген технологиялар қатарында шетел тілін оқытуда деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының маңызы зор.[1]

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесі С.Рубинштейн, Л.С.Выготскийдің, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Ю.К.Бабанский, Б.П.Беспалько, В.М.Монахов т.б. ғалымдардың ғылыми-теориялық идеяларына негізделіп жасалған. Ж. Қараев және Б. Кобдиқованың еңбектерінде де деңгейлік оқыту әдістемесі туралы көптеген мәліметтер кездестіруге болады. Бүгінгі таңда Ж. Қараевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясы пәнге деген қызығушылықты арттыратын технология ретінде танылды. «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының» негізгі идеясы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында оқушыны өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.[2]

Бұл технологияның ең басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлінуін болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден бастап орындайды. І деңгей тапсырмалары - мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақытымен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді. І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен, бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейдегі тапсырмаларды орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды да орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен» оқушылар жақсы оқитын оқушылар қатарына ілесе алмай жатса не істеуге болады? – деген сұрақ туындайды.

I деңгейден аса алмай жатқан оқушыларға орындап үлгере алмай қалған тапсырмаларын үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының екінші бір тиімді жағы – оқушылардың дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай-балл жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг, ұпай-балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың сабақ өткенне кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларды орындау барысында қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларды орындауда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп мұғалімнен, сыныптастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.[3]

Даралап – саралап оқытудың маңыздылығы:

1. Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі.
2. Бос отырған оқушы болмайды.
3. Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады.
4. Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге

қызығушылығы пайда болады.

5. Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Даралап-саралап оқытуда күтілетін нәтиже:

1. Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу.
2. Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.
3. Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға қалыптастыру. [2]

Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі:

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.
2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориялардағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
3. Деңгейлеп -саралап оқыту құрылымында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.

Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін:

- жеке тұлға ерекшеліктеріне;
- психикалық даму ерекшеліктеріне (есте сақтау, қабілетінің ерекшелігіне, ойлау, қабылдау, зейін ерекшелігіне, өзінің эмоциясын басқара білуіне);
- пән бойынша білімді игеру деңгейіне оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөлу керек.[4]

Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушылардың өздігінен білім алып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технология бойынша бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Ж.Қараев оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін төрт түрге бөледі.

1. Репродуктивті деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім беру негізіндегі тапсырмалар. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2. Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3. Эвристикалық деңгей. Оқушы берілген тапсырмаларды өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. Шығармашылық деңгей. Бұл деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. [3]

Өзге тілді аудиторияда жаңашаландырып жаңғырта оқытудың деңгейлік әдістемесінің негізін қалаған профессор Қ.Қадашеваның зерттеуінде де жаңалықтар өте көп берілген. Қ.Қадашева «Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты ғылыми зерттеу жұмысында деңгейлеп оқыту мәселесінің теориясын жан-жақты талдап, ашып берген. Ғалым шетел тілін меңгертудің ең тиімді жолы – үш деңгейде оқыту деп санайды. Олар бастапқы деңгей, негізгі (базалық) деңгей, жоғарғы (жалғастырушы) деңгей. Әрбір деңгейдегі тыңдалым, сөйлеу, оқылым, жазылымның көлемі қандай болу керектігін, нені меңгерту керек екендігін анықтаған. Мақсатқа жету әрбір деңгейді жете меңгерумен байланысты, ол табысқа жетудің бағытын анықтап береді. Бастапқы деңгейде үйренушінің білімі өте аз, сондықтан мұғалім маңызды рөл атқарады. Бастапқы деңгейде – танымын, логикасын тексеруге арналған қарапайым сұрақтар арқылы тілдік негіз жасалады. Таңдалған тілдік материалдар арқылы тіл үйренушілер өз бетінше қысқа диалог, сипаттау құра алатындай лексикалық, грамматикалық тіркесімді болу керек. Бұл кезеңде бірнеше мағына беретін сөздерді енгізу тиімсіз.

Аралық деңгейде – грамматика және сөйлеу дағдысы бойынша аталған білімін әрі қарай жетілдіруде сөйлеу жағдаяттық және тақырыптық сөйленіске жаттықтыру ойластырылады. Мұнда негізінен сөйлеу дағдысы мен ептілікті дамыту дағдысы қойылады.

Жалғастырушы сатыда – сөйлеу әрекеті түрлерінде дағды мен ептілікті мейлінше жетілдіру мақсаты орындалады. Мұнда негізінен дербес бедсенді сөйленіс ең басты тапсырма ретінде орын алады.[5]

Деңгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П.Гузик сыныптағы оқушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөлуді ұсынады.

«А» - бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып оқушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді. Материалды алғаш меңгеру жұмыстарының бұл деңгейінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол материалды сан рет қайталануын, мағыналық топтарды бөлу, негізгі ойды табу дағдысын, есте сақтау тәсілдерін білуді т.с.с. талап етеді.

«В» - бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір оқушы орындауға міндетті. «В» - бағдарламасын қолдануға арналған тапсырмаларды орындау үшін қажет, ол оқушыларды оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істеуін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі.

«С» – бағдарламасының орындалуы оқушыларды алған білімді шығармашылықпен қолданылатын деңгейге көтереді. Бұл бағдарлама оқу жұмысы мен ой-әрекетінің тәсілдерін және деректі оқу материалын еркін игеруді көздейді. Өз білімімен мәселелер шешуде оқушыға оның логикалық ойлауын дамытатын мәліметтер беріп оны шығармашылықпен қолдану перспективасын ашады.

«А» - бағдарламасы оқытудың міндетті нәтижесіне сәйкес келеді.

«В» - бағдарламасы оқулықтан қосымша есептер мен жаттығулардың енгізілуін көздейді.

«С» - бағдарламасы қосымша оқу-әдістемелік әдебиеттерден алынған тапсырмалардан тұрады.[5]

Қазіргі таңда шетел тілін оқыту процесінде жаңа технологиялардың ішінде маңыздысы деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы. Барлық оқушы тапсырманы ең төменгі деңгейден бастап, келесі деңгейге өту үшін өз білімін, қабілетін біртіндеп толықтырап, жетілдіріп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестік туғызады және оқушы өз қабілетіне сәйкес жоғары деңгейге көтеріліп отырады.

Қорытындылай келе, шетел тілін оқыту процесінде деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы оқушылардың білім сапасын арттырудың негізгі кепілі болып табылады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша әр оқушының жеке қабілеттері ескеріліп, оқушыға қабілеті жететін саласынан дарынын ашуға мүмкіндік береді. Оқушыларға өз бетінше білімін жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалады. Оқушылар меңгерудің әр кезекті деңгейіне өтіп отырған сайын оларда оқуға деген ынта, мотив, белсенділік, білік пен дағды өсіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Қазақстан халқына жолдауы.
2. К. Ж. Бұзаубақова. «Инновациялық педагогика негіздері» Алматы, 2009 ж.
3. М. М. Атажанова. Ағылшын тілі сабағында саралап, деңгейлеп оқыту әдісінің ерекшелігі. // Шетел тілін оқыту әдістемесі – 2015. - №1(63)
4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999.
5. “Мектеп” Республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журнал. №03/54 Мырзалиева Ұ. Ш. 2008 ж.

Резюме: В статье рассматриваются особенности эффективного использования дифференцированного метода на уроках иностранного языка. Используя эту технологию, учащимся предоставляется возможность развивать свои познавательные способности и повысить их интерес к обучению.

Resume: This article is devoted peculiarities of the effective use of the differentiated method at foreign language lessons. Using this technology gives the opportunity to pupils develop their cognitive abilities and increase their interest in learning.

ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСТАУЫ

Ержан Ж.Н.

«Шетел тілі:екі шетел тілі» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Шонгалова А.С.

Тәуелсіздік тізгіні қолымызға тиіп, егеменді ел болған алғашқы күндерден бастап-ақ елімізде тіл саясаты Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен салиқалы да, сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

Үштұғырлы тіл - өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтін отырған. Бірнеше тілде сөйлей де, жаза да білетін азамат өз елінде де, шет елдерінде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналары сөзсіз.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»- атты Қазақстан халқына жолдауының төртінші басымдылығында: «Қазақ тілінің басымдығы» - сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды»- делінген. Осы орайда Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің халық алдына берілген есебінде: «Үштілді білім беру кезінде негізгі басымдық қазақ тіліне беріледі. Біз бүкіл жаппай халықтың қазақ тілін меңгергенін көздейміз. Орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетінен бөлек Қазақстан тарихы да тек қазақша оқытылады. 2019 жылдан бастап химия, биология, физика және информатика сабақтары жоғары сыныптарда таза ағылшын тілінде өтеді. Ал орыс тілі, литература, дүние жүзі тарихы сияқты үш пән барлық мектептерде орысша жүргізіледі»-деген болатын. Білім саласында жаңашылдық, өзгерістер мен реформалар жиі болуы-қалыпты үдеріс деп ойлаймын. Өйткені әлем күн сайын өзгеруде, заман талаптары жоғары, сондықтан біз заманның ағымына ілесіп, жаңашылдықпен жаңарып отыруымыз керек. Әрбір адамның пікірі мен көзқарасы құнды, дегенмен көпшіліктің пікірінше үштілді болу қазақ тілін жоюдың бірден бір амалы немесе қазаққа жасалған қиянат деп ойлайды. Мен бұл пікірге түбегейлі қарсымын. Әр қазақ қазақ тілін білуге міндетті, себебі қазақ тілі-ана тілі. Ал орыс тілін қоршаған орта үйретеді, ал ағылшын тілін мектеп үйретпесе, бала қайдан үйренбек ?! Ағылшын тілін үйренгісі келетін баласына мектептен тыс курсқа апарып оқытатын барлық ата-аналардың қалтасы көтермейді. Мектепте ағылшын тілі сабағынан бөлек, жаратылыстану

пәндерін де ағылшынша оқытса, баланың өмірге, әлемге деген көзқарасы кеңейеді, білімі арта түседі. Сөздік қоры молаяды, ғылымның тілін білуге құштар болады. Мектеп бітіргеннен соң шетелдің оқу орындарына түсуіне мүмкіндігі көбейеді. Тіпті шетелге оқығысы келмегеннің өзінде де, шет елдерді көру, аралау, шет елдерде демалу кезінде де осы ағылшын тілін білуі көп септігін тигізеді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев кезекті сұхбатында: «Тілді байытуымыз керек. Халықаралық тілдерменен байытсақ тіліміз байыйтын болады. Қорқудың еш қажеті жоқ. Дүние жүзінің 70% халқы ағылшын тілін қолданады. Неге оны қолданады? Ғылым мен білімнің өркендеп өскені, ақпараттық құралдардың, интернеттің тілі, медицинаның тілі, ғылымның тілі, мәдениеттің тілі-ағылшын тілі. Ағылшын тілін білмей-ақ өмір сүруімізге болады деуге әрине болады. Бірақ та, ағылшын тілінде шығып жатқан білімді онда білмейсің. Оны білмесең өркендеп өсуіңе, болашағыңа балта шабасың. Сондықтан қалайда біз өркендеп өсіп мемлекетімізді болашаққа қарай итермелеп, экономикасын көтеретін озат 30 елдің ішіне кіреміз деп отырғанда біздің жастарымыз ағылшын тілін білмесе.... Егер біз үштұғырлы тілді болатын болсақ біздің жолымыз ашық болады»- деген болатын. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіру мүмкіндігін арттыратын жағдайдың бірі-үш тілді қатар меңгеру. Үш тілді меңгеріп әлемнің кез келген бұрышында адамдармен ортақ тіл табыса білетін жастарымызды оқыту негізі-мектепте қалануы тиіс.

Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқалармен салыстыру арқылы ғана әлем суретін әр алуан түрлі және әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Бүгінгі таңда еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев отандық білім берудің алдына жоғары талап қойып отыр. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуының нәтижесінде қазақстандық мектептердің түлектері өз білімін шетелдік ЖОО-да жалғастыра алатындай болуы қажет. Сондықтан білім берудің маңызды стратегиялық міндеті, бір жағынан, үздік қазақстандық білім дәстүрлерін сақтау болса, екінші жағынан мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі-мемлекеттік, ана және шетел тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады. Әлемдік білім кеңістігіндегі озық тәжірибеге негізделген 12 жылдық білім беруге көшудегі негізгі нысана – адамзат тарихында уақыт озған сайын өзектілігі арта түсетін білімді де білікті, тәжірибелі де текті ұрпақ қалыптастыру. Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы бізге, яғни болашақ ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені, білім әр адамға өмір бойы қажет екенін күнделікті тәжірибе дәлелдеп отыр.

«Мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастыра алғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ»- дегендей, әр педогог әрбір баланың ойынан шығып, қажеттілігін қанағаттандыра білуге дайын болуы тиіс. Оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын ұстаз ғана бүгінгі қоғамның мүддесінен шыға алады. Ойы жүйрік, саналы, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тек қана жаңа тұрпатты педогог қалыптастыра алады. Өйткені, жақсы мұғалім ғана жақсы оқушыларды тәрбиелей алады.

Ағылшын тілін балабақшадан бастап үйреніп, оны мектепте әрі қарай оқып жетілдірсе, жоғарғы оқу орындарына әсіресе тіл білгендіктен балалар шет елдерде оқып,білім алуға мүмкіндігі зор. Баласының ағылшын тілін жетік меңгергенін барлық ата-ана қалайды. Балалардың мектеп бітіргенде үш тілде сайрап тұрғаны мектеп пен ата-ана үшін де, мемлекетіміз үшін де зор мәртебе. Үш тілде 11 жыл бойы білім алған оқушы мектеп бітірген соң еркін сөйлей алып, өзі қалаған әлемнің белгілі оқу орындарынан білім алып, білікті маман атанып, елімізді көркейтуге өз үлесін қосса деген үлкен міндет тұрғандай.

Қанша тіл білсең өзгеден соншалықты биіксің немесе қанша тіл білсең сонша адамсың демекші, кең байтақ өсіп өніп келе жатқан осындай тәуелсіз елімізде жас ұрпақтың және біз секілді жастардың үш немесе оданда көп тілді меңгеруі тиіс деп ойлаймын. Жаһандану дәуірінде ғұмыр кешіп отырған қазіргі жас ұрпақ үшін көптілді меңгеру аса маңызды міндеттердің бірі.Себебі адам баласының рухани байлығы, тәрбиесі, білімі бәрі де тіл арқылы жетіледі. Яғни сөздік қоры бай,ұшқыр ойлы ұрпақ қана келешегімізді кемелдетпек.

Бүгінгі күні білім сапасы үлкен мәселе болып тұрғаны шындық. Білім сапасы – мұғалімдер жұмысының көрсеткіші және мұның бәрі пәндік олимпиададан, ғылыми жоба жарыстарынан көрініс табады. Осы жерде ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсыновтың: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педогогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, керек құралдар, құралсыз іс істелмейді» — деген сөзі ойға оралады. Бұл өткен ғасырдың басында айтылғанымен, жүз жыл өтсе де бағыт – бағдар болып тұр.

Ұлттық ғылым Академиясының академигі А.Жұмаділдаев «Үштілділік және Қазақстан мүддесі» атты кездесу сұхбатында: «Бүкіл ғылыми әдебиеттің 80%-ы ағылшын тілінде жазылады, бүкіл бизнес, бүкіл технология ағылшын тілінде айтылады. Сондықтан ағылшын тілін үйрену-қазақ үшін олжа» - деп айтқан екен. Әр тілдің өз пайдасы бар. Елге мықты қорған болып, оған лайықты қызмет ету үшін жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуіміз қажет.

Атақты ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабиден бір әмірші өз елінің болашағы туралы сұрағанда «Сен алдымен жастарыңды көрсет, сонда мемлекетіңнің болашағын барлау қиынға соқпайды»- деген екен бабамыз. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас өскінге саналы тәрбие мен сапалы білім беру - біздің мақсатымыз. Көптілді

тұлғаны қалыптастыру - көпұлтты еліміздің бірлігінің нышаны, өркениет көшінде бәсекеге қабілетті маман болу, ел болашағы үшін елімізбен бірге қарыштап дамуымыз қажет.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар жол десек, үш тұғырлы тіл-бәсекеге қабілетті ұлт болудың игі бастамасы. Үштілді меңгерген жас ұрпақтың болашағы жарқын, алар асуы мен бағындырар белесі мол болары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.
2. 12 жылдық білім. ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, №3 2008ж.
3. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы
4. Үштілділік және Қазақстан мүддесі-IQ Studio <https://www.youtube.com/watch?v=EV70RlcoXII>

***Аннотация:** На сегодняшний день английский язык является языком техники, науки, медицины и культуры. Владея тремя языками мы можем общаться с людьми во многих странах земли. Во время великой глобализаций, для молодого поколения осваивать языки является особо важной задачей.*

***Resume:** Nowadays, English is the language of technology, science, medicine and culture. Three languages, we can communicate with people in many countries of the earth. During the great globalization for the younger generation to master languages is a particularly important task.*

УДК: 811.111

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ, ОСНОВАННЫХ НА КОММУНИКАТИВНОЙ, ИНФОРМАЦИОННОЙ ТЕХНОЛОГИИ

Есенбаева А.

Студент 3 курса специальности 5В011900 «Иностранный язык: два иностранных языка»

*Научный руководитель: **Оскина М.С.***

Магистр педагогических наук, преподаватель кафедры иностранных языков, русского языка и литературы факультета педагогики и филологии

Повышение качества знаний и развитие человеческого потенциала положены в основу утвержденной Президентом Государственной программы развития образования на 2011-2020 годы.

Программа предусматривает широкое применение инновационных технологий обучения, основанных на применении передового опыта, коммуникативной, информационной и интеллектуально-педагогической компетенции педагога.

При организации процесса обучения и профессиональной подготовке специалистов необходимо учитывать некоторые важные моменты. Во-первых, разный уровень знаний и подготовленности обучающихся к восприятию нового.

Основная задача при работе с такой аудиторией - объединить и поставить общие цели, которые помогут произвести настройку аудитории на обучение.

Это настрой рекомендуется использовать на первом - вводном занятии.

Если произвести детальное исследование понятия «ЗНАНИЕ», то можно представить несколькими уровнями, каждый из которых является составной частью сложной системы – ОБРАЗОВАНИЯ.

I уровень – это информатизация и комментарий. Когда преподаватель говорит, объясняет, он имеет тенденцию выходить непосредственно из источника информации, т.е. использует учебный материал. Если предмет содержит наглядные факты, то этот способ может быть довольно полезным. Но это не устойчиво, так как человек - существо забывчивое, и знания, полученные таким путем, быстро проходят.

Необходимо перейти ко второму уровню – это

II уровень - Знание + ответная реакция = понимание.

Вы углубляете знания, превращаете их в понимание, пользуясь различными способами, стараетесь исправить любое непонимание, которое может возникнуть в процессе углубления материала. Этот уровень более продуктивен. Но на достигнутом нельзя успокаиваться.

III уровень – это понимание + стимул к применению и планированию = опыт. Любые полученные знания и понимания необходимо использовать на практике. На практике используются навыки для выполнения конкретных задач. Этот уровень отличается стабильностью. Но если опыт не распространить и хранить, то опыт устаревает и станет не актуальным. Отсюда происходит четвертый уровень - это:

IV уровень – опыт + постоянная передача = глубокие знания. И только таким путем можно получить по-настоящему ценное знание, которое будет всегда актуальным и современным. И, наконец, самый высший пятый уровень - это:

V уровень – глубокие знания + постоянное совершенствование = мастерство. К этому уровню должен стремиться каждый преподаватель в своей педагогической деятельности, довести до этого уровня обучающихся на уроках по своему предмету.

Пользоваться этой технологией – знать простое правило: получил информацию, работай над ней, чтобы понять её в процессе подготовки. Затем используй её для работы над реальными проблемами, следуя реальному плану, контролю за работой.

Такое изучение материала является лишь первым шагом, результаты появятся на основе практического опыта.

Есть такое выражение «Совершенству нет предела», а следовательно самосовершенствование должно быть бесконечным, непрерывным. Самому преподавателю необходимо много учиться, овладевать новыми технологиями, идти в ногу с жизнью, не опоздать, не отстать.

Основной задачей преподавателя-языковеда является формирование речевой деятельности, с ориентацией на будущую профессиональную деятельность обучающихся. Учитывая, что базовым языком обучения является казахский язык, необходимо вести обучение, особенно при изучении английской грамматики, на основе сопоставительной технологии казахского и английского языков, элементов сходства и различия.

Затрудняет обучение неродному языку отсутствие учебных, методических пособий, способствующих формированию языковой базы будущих специалистов.

В связи с этим, наиболее эффективной технологией обучения профессиональному языку является модульная технология, на основе которой преподаватель создает учебно-методический комплекс по изучаемой дисциплине. Суть модуля - это полный, логически заверченный блок. Объем зависит от учебного материала, где четко определены цели и задачи, перечень понятий, умений и навыков обучающихся в соответствии с количественной мерой в учебном блоке. Преимущество технологии - рейтинговая оценка ЗУН-ов позволяет объективно характеризовать уровень обученности. Нацелена на конечный результат, что даёт хорошее качество знаний.

Модульная технология обучения соответствует сказанным выше всем уровням «Знания». Вводная часть УМ есть I уровень, т.е. информатизация + комментарий - это и есть введение в предмет или в учебный блок.

A II, III, IV уровни «Знания» соответствуют диалогической части УМ, при котором происходит усвоение, понимание и углубление знаний. Полученные знания используют на практике, выполняют конкретные задания.

Итоговая часть УМ - это занятия, на котором проводится итоговый контроль ЗУН-ов, что позволяет подвести рейтинговый уровень знаний, умений и навыков обучающихся.

Основной частью УМ является диалогическая часть, поэтому широко применяется диалогическая форма обучения. Проводятся индивидуальные, парные, групповые формы организации работы. Основным объектом изучения языка должна быть профессиональная речь, поэтому целесообразно проводить деловые и ролевые игры. Формированию профессиональной речи особое место отводится лексической работе, способствующей развитию коммуникативных навыков. В основу работы с текстом входят различные виды анализа: дополнить текст, определить основной смысл текста, выписать из текста лексически значащие предложения, выборочное чтение, ответы на вопросы текста, аудирование текста и мн.др. Особое внимание уделяется отбору текста, при этом необходимо учесть объем текста, соответствию профессиональной компетенции обучающегося. Тексты для лексической работы на уроках чаще подбираем из средств массовой информации, т.е. из страниц газет и специальных журналов. Это дает возможность связать урок с событиями в жизни, в стране. Например, прочитать отрывок или абзац из «Послания Президента РК» народу Казахстана.

В работе с текстом выделяются несколько этапов.

1. Восприятие новой информации посредством чтения текста.
2. Нахождение в тексте новых мыслей, новых слов, их фиксация.
3. Словарная работа.
4. Постановка вопросов к прочитанному или составление плана текста.
5. По изученному тексту составляют резюме, аннотацию, краткую информацию или проводится послетекстовый вопрос-ответ.

Работая над информационными статьями, преподаватель дает возможность развивать навыки поисково-исследовательской работы обучающихся. Для этого подбирается тема, информационные источники. Затем происходит знакомство со статьёй, чтение, обсуждение, особое внимание уделяется на непонятные слова, выражения, термины. Выделяется главная, значащая часть текста. Разрабатывают план письменной работы, который состоит из вводной, основной и заключительной части, каждая часть содержит вопросы по содержанию статьи. Благодаря развитию компьютерной, информационной технологии, увеличению числа научных публикаций, расширяется информационная познавательная возможность обучающихся. При проведении мини исследовательской работы на уроке нужно использовать ксерокопированные тексты, что облегчает индивидуальное чтение и лучшее усвоение содержания.

Работая над предложениями, особое внимание уделяется правилам грамматики языка, выполняют грамматические задания. Например, произвести синтаксический разбор предложения. Модульная технология обучения всегда актуальна, эффективна в удовлетворении программных требований, гибка и сочетается с любой другой технологией обучения. Удобно применение технологии «Развитие критического мышления через чтение и письмо», инновационные формы уроков: урок интервью, диалог, КВН, путешествие в царство английского языка и др.

В целом, любая технология хороша, если она даёт хороший результат, а результативность зависит от творческой мысли преподавателя, от его умений включать обучающихся в учебный процесс; от его желания отойти от шаблонов и штампов педагогической практики.

«Только та технология даст необходимый результат, которая одухотворена её главным автором - учителем»

Г.К. СЕЛЕВКО.

Профессиональная обязанность педагога - это деятельность, устремлённая в будущее. Педагог должен учитывать потребности не только сегодняшнего дня, но и видеть проблемы завтрашнего дня.

Список литературы:

1. Тайжанова А.К. Использование информационно-коммуникативных технологий на уроках английского языка. Сборник статей областной педагогической конференции. - Костанай. 2008 г.
2. Алданазарова А.С. Отбор учебных текстов по специальности. Научно-педагогический журнал «БІЛІМ», №4, 2006 г.

3. Жетписбаева Б.А. Некоторые аспекты преподавания государственного языка в школах с русским языком обучения. «Профессионал Казахстана», 2011 г.

Түйіндеме: Мақалада ағылшын тілі мұғалімінің басты міндеттері мен білім деңгейінің жоғарлауы жайлы қаралды. Ағылшын тілін үйрену барысында жана технологиялар мен модульдік қолайлы технологияларды дұрыс пайдалана білу. Мұғалімнің басты кәсіби міндеті-бұл болашаққа талпыну. Мұғалім тек бүгінгі күннің ғана емес, ертеңгі күннің де қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

Resume: This article is about the main tasks of the teacher and about improving the quality of knowledge, the ability to use new technologies, as well as effective learning technology When learning English. The professional duty of the teacher is an activity directed to the future. The teacher must take into account the needs not only of today, but also to see the problems of tomorrow.

ӘОЖ 811.111

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІ

Икрамова Н.А., Насирова М.Х.

5B011900 “Шетел тілі: екі шетел тілі” мамандығының 3 курс студенттері

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарның магистрі, оқытушы

Ахметова Г.Х.

Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік көлемде, білім, білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, ХХІ ғасыр – ғылым мен білім, бәсеке, еліміздің дүниежүзілік өркениетке ұмтылған өрлеу ғасыры.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер ұстаздарға да қойылуда. Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру - бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бүгінгі күні ҚР-ң Білім беру тұжырымдамасы ойлы, саналы, өнерлі, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім жүйесі оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес, белсенді түрін және әдістерін оқу процесіне енгізу бағытында құрылуы тиіс. Бұл тапсырманы оқыту процесіне тек жаңа ақпараттық технологияларды енгізу арқылы ғана орындауға болады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру - мемлекеттік білім саясатының негізгі қағидаларын жүзеге асырудың маңызды бір механизмі және стратегиялық тапсырма болып табылады. Ақпараттық оқыту технологиялардың озық үлгілерін қолдану арқылы білім берудің ғылыми-әдістемелік жүйесін жаңарту, оқыту әдістері мен тәсілдерінің түрлерін молайту, электронды оқулықтар жасауды ұйымдастыру ұлттық білім беру деңгейін халықаралық стандартқа жақындатуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Ағылшын тілін терең меңгерудің тиімді жолдарының бірі - ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану болып табылады. Шетел тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды пайдаланудың мақсаты - компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ағылшын тілін үйретудің тиімділігін жоғарылату.

Міндеттері:

- ағылшын тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияны қолданудың маңыздылығын суреттеу;
- компьютерлік технологиялардың бар бағдарламаларын ағылшын тілінде сөйлеуге, түсінуге үйрету процесінде қолдану, мүмкіндіктерін көрсету;
- видеофильдер мен мультимедиялық презентациялар арқылы диалог және монолог түрінде сөйлеуге үйретудің жаңа нұсқасын ұсыну.

Объекті: ақпараттық технологияларды пайдалану ерекшелігі арқылы ағылшын тілін үйретудің әдісі.

Құралдары: ағылшын тілін үйрету процесіндегі видеофильдер мен мультимедиа, электрондық оқулықтар, оқыту бағдарламалары.

Әдістері: ағылшын тілін оқытуға арналған психологиялық педагогикалық әдебиеттерді талдау; ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін тану, теорияны практикада пайдалану.

Компьютерлік оқыту технологиясын жүзеге асыру барысында бірнеше принциптерге сүйенген жөн, олар: ғылымилық, саналылық, бірізділік, жүйелілік, көрнекілік, қол жетімділік принциптері.

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану білім беру коммуникациясының интерактивті сипатын арттыра түседі. Ғалымдар А.А. Андреев, В.И. Солдаткин, В.П. Кашицин ағылшын тілін оқытуда ақпараттандыру үдерісінің ықпалын жан-жақты сипаттай отырып, әсіресе, білім мен ұғымды ұсыну, меңгеру әдістерінің өзгеретіндігін, мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекетінің жолдары туралы айтады. Осы орайда оқытудың тиімділігін арттыруды ұсынады. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялардың, әсіресе қарым-қатынас ортасын, жалпы тақырып шеңберінде әріптестердің интерактивті өзара әрекет ортасын құрудағы маңызы ерекше. Ақпараттық білім беру технологиялары өз кезегінде қарым-қатынас тәжірибесін игеруде, оқушылардың лингвомәдениеттік құзырлылықтарын қамтамасыз етуде маңызды. Ғалым М.Ушакова ағылшын тілін оқыту әдістемесін зерттей отырып, компьютерлік телекоммуникациялар ағылшын тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтады. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызады. Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық бағыт ақпараттық тұрғыда білім беруді мақсат етеді, оның негізгі мақсаттары: лингвистикалық (тілдік және сөйлеу), тақырыптық, әлеуметтік мәдениет, оқу дағдыларын қалыптастыру. Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияны қолдану тілді үйренудегі белсенділікті қамтамасыз етеді.

Осы орайда теориялық талдау мен оқушылардың ағылшын тілін меңгеру іс-әрекетін ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтадым. Орта білім беру мекемелерінде ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық шарттарын төмендегідей анықтауға мүмкіндік тудырды:

Бірінші шарт оқу-тәрбие үдерісінде қарқынды оқыту мақсатында оқушылардың танымдық іс-әрекеттік қызығушылықтарын арттыру. Егер оқушылар жаңа ақпараттық технологияны жақсы игеріп, ағылшын тілін үйренуге қызығушылықтары артса, онда ағылшын тілін білу мүмкіндігі де артады.

Екінші шарт оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, компьютерлік технологияны қолдануды кезеңдеп жүзеге асыру. Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың білім деңгейіне сәйкес төменгі, орта, жоғары деңгейге бөле оқыту үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі.

Үшінші шарт ақпараттық технологияларды қолданудың жалпы бағыттары мен ғылыми-әдістемелік тұғырларын сәйкестендірудегі іс-әрекеттерді шығармашылықпен үйлестіру. Үшінші шарт бойынша ақпараттық технологиялардың түрлері мен бағыттарын ғылыми-әдістемелік сәйкестендіру іс-әрекеттерін шығармашылықпен үйлестіру түрлері қарастырылды. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың тіл меңгерудегі іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттеріне негізделген.

Мотивациялық компонент - оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы тіл меңгеру іс-әрекетке ұмтылуы, қажеттігі, білім алуда ақпараттық технологияларды қолдануға танымдық қызығушылығы, ынтасы, өзіндік тапсырмаларды орындауда жаңаша оқу жолдарын табуға деген ынтасы, ағылшын тілін меңгеруде мультимедиялық құралдар мен электронды оқулықтарды қолдануға деген қызығушылығы, ағылшын тілінде еркін сөйлеуге деген ынтасы мен ұмтылысы.

Танымдық компонент - танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мүмкіндігі, ақпараттық технологияның маңызы мен қажеттілігін ұғынуы, ақпараттық сауаттылығының болуы, қолданатын ақпараттық технологиялардың түрлерімен таныс болуы және технологиялардың түрлерімен жұмыс істей білуі, ағылшын тілін меңгеруге деген белсенділігі, оқу материалдарын өз қажетілігіне қолдануы, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Бұл компонент бойынша ақпараттық технологияны оқу үдерісінде қолдану жолдары жүзеге асырылды. Мультимедиялық, электрондық оқулықтар оқушылардың ағылшын тілін үйрену оқу іс-әрекетінің негізгі көзі болып табылады. Егер ағылшын тілінен оқу материалдары иллюстрация, анимациялық, дыбысы бар объект түрінде құрылса, оқушылардың даму ерекшеліктеріне сәйкес ағылшын тіліндегі материалдардың мазмұнын тез қызыға қабылдауға, түсінуге, білімін өз бетімен жетілдіруге негізгі түрткі бола алады.

Ағылшын тілі сабақтарында видеофильм, мультимедиялық презентациялар, дыбыстарды, анимациялық суреттердің көмегімен монолог, диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыруға болады. Себебі, шетелде болмай-ақ сол елдің тілінде еркін сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан, мұғалімнің маңызды тапсырмаларының бірі - ағылшын тілі сабақтарында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады.

Ағылшын тілі сабақтарында түрлі дыбыстарды, анимациялық суреттерді пайдалануға болады. Бұл көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен бірге, оқу процесінде оқушылардың белсенділігі артады. Ағылшын тілі сабақтарында төмендегідей компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануға болады.

Олар: Project teaching, student team learning: team rewards and individual accountability, Jigsaw, Learning together, Step by step, Professor Higgins, English Platinum, Hangman, Lex, Self English, Irregular verbs, Albion, BX Language acquisition, English Practice, ActivStudio, Bridge to English және т.б. Аталмыш бағдарламалар оқушылардың есте сақтау қабілетін, сөздік қорын, дұрыс оқу, сауатты жазу мен аудару қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі. Аталмыш бағдарламаларды бірнеше топқа бөлуге болады. Мысалы, оқушылардың сөздік қорын, диалогтық сөйлеуін дамытуда Hangman, Lex, Self English, English Practice, BX Language acquisition, Triple play plus in English, бағдарламаларын, лексиканы үйретуде Triple play plus in English, English on holidays сауатты, көркем жазуға үйретуде Bridge to English, ActivStudio бағдарламаларын пайдаланып, сабақтың тиімділігін арттыруға болады. Білім беруде «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі, теориялық тақырыптарды графикалық иллюстрация түріндегі әртүрлі суреттер, сызба - нұсқалар арқылы береді. Оқулықтың ерекшелігі - әрбір тақырып қажетті суреттермен көркемдеп безендіріледі. Әр модуль қысқаша теориялық кіріспеден, суреттермен анимациялық материалдардан, есеп шығару үлгілерімен өз бетінше шығаруға арналған есептерден және бақылау жұмысынан тұрады.

Оқушылар үшін - электрондық оқулықтар мектепте оқылған жылдардың барлығында өздері толықтыра отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып табылады. Оқулық - дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол оқушыға өз жолымен керекті материалдарды жете меңгеруге арналған күрделі, көп сатылы жүйе. Бұл оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілімен логикасында өзіне тән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керекті деген материалды қарап шығуға мүмкіндік береді. Ал өзіне қажетті мәліметті компьютер жадының керекті ұясына іздеп таба білуде, әрбір оқушының бүтін талап етілетін стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырады,

модульдерде берілген алгоритм оқушыларға өз бетімен жұмыс жасау мүмкіндігін береді, мұнда сабаққа деген қызығушылық пайда болып, белсенділігі арта бастайды. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі жұмысын жеңілдетеді.

Электрондық оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін ақпаратты тез табуға көмектеседі;
- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;
- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиа-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);
- әрбір оқушыға дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;
- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Сабақта АКТ-ны пайдалану арқылы төмендегідей әдістемелік мүмкіндіктерге ие боламыз. Олар:

- ❖ білімнің көрнекіленуі;
- ❖ оқытудың дифференциациялануы;
- ❖ құбылыстарды, ақпараттарды модельдеу;
- ❖ Х өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру;
- ❖ ақпараттық мәліметтер базасын пайдалану;
- ❖ жаттығу және дайындық жұмыстарын жүргізу;
- ❖ оқытудың мотивациясының күшеюі;
- ❖ қиын жағдайда ұтқыр шешім таба білу;
- ❖ ақпараттық мәдениет қалыптастыру;
- ❖ оқу уақытын тиімді пайдалану.

АКТ-ды пайдалану арқылы мен төмендегідей нәтижеге жетуге болады:

- ағылшын тілін жетік меңгерудің жоғары деңгейіне қол жеткізуге,
- оқушылар ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін меңгереді;
- оқушылардың ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығы артады;
- оқушылардың грамматикалық дағдылары қалыптасып, дамиды (оқу, сөйлеу, естіп-түсіну т.б) қорыта айтқанда, сабақта ақпараттық технологияны пайдалану оқушының дүниетанымын кеңейтуге, пәнге деген ынтасын, танымдық қызығуын арттыруға, алғырлыққа, ізденімпаздыққа жетелеуге, нақты, тұжырымды айта білуге, дербес ой-қиялын дамытуға ықпал етеді.

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамдағы жариялылық, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы ағылшын тілін оқытуға сұраныстарды түбегейлі өзгертті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектептегі шет тілі. №4/2003 ж
2. Білімдегі жаңалықтар. №3, 2004 ж
3. Мектептегі шет тілі. №2/2006 ж
4. Ағылшын тілі мектепте. № 5/2009 ж
5. Мектептегі шет тілі. №4/2006 ж
6. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. 1(19) 2005
7. Интернет ресурстары
8. Применение информационных технологий на занятиях по иностранному языку. Материалы научно-практической конференции. - Алматы, 2005
9. Білім беру жүйесінің ақпараттандырудың кейбір мәселелері. / Хабаршы, Абай атындағы ҚазҰПУ.-Алматы, № 3(15), 2007.
10. Ағылшын тілі пәнін оқыту үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық технологияның маңызы. / Ұлт тағылымы. № 3, 2007.

Анотация: Система ведения уроков английского языка на основе информационно-коммуникативных технологий. В данной статье рассматриваются вопросы об эффективности использования компьютерных технологий на уроках английского языка.

Resume: The system of teaching English language on the basis of information-communicative technologies. In this article is written about the efficiency using informational technologies at English lessons.

ӘОЖ 821. 512. 122

**CONTENT-LANGUAGE INTEGRATED LEARNING AS ONE OF THE
POLYLINGUAL APPROACHES**

Исахова Салтанат

5B011900 Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 4курс студенті

Ғылыми жетекші: Оскина М.С.

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

The term Content and Language Integrated Learning (CLIL) was launched during 1994 in conjunction with the European Commission. This followed a Europe-wide discussion led by expertise in Finland and the Netherlands on how to bring language learning excellence, found in certain types of school, into mainstream government-funded schools and colleges. *“CLIL is a dual-focused educational approach in which an additional language is used for the learning and teaching of both content and language.”*

CLIL as an approach has slowly been gaining acceptance in European countries. In fact, in some countries, teachers are now required to use CLIL in their classrooms. The trend seems to be that CLIL will be used more and more in the future in most of the countries of Europe

Today, one of the pressing problems is the poly-linguistic approach. The education system in Kazakhstan is aimed at realizing the idea of polylingual education of its citizens. Since only that society can successfully develop and harmoniously fit into a number of leading countries of the world, which will be able to create decent conditions for its citizens to acquire high-quality and modern education.

Therefore, it is not accidental that in the adopted National Cultural Project "Trinity of Languages", great attention is paid to the development of three languages: Kazakh as a state language, Russian as a language of international communication and English as a language of successful integration into the global economy. In it, the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev emphasizes that "... for a modern Kazakhstani, the possession of three languages is an obligatory condition for one's own well-being" [4].

F.H. Kirgueva notes that "only learning a language as an object in a class is not enough for a full-fledged communication in the language. Therefore, the transition to poly-linguistic education, which in most schools in Western, Central Europe, the United States, and Canada was already considered to be a very promising direction in the study of languages already in the 1960s and 1970s became an objective necessity today "[1].

In these conditions, higher education institutions face new challenges, the goal of which is to provide highly qualified specialists who have mastered not only professional knowledge, but also are ready for intercultural communication, independent solution of problems that have critical and creative thinking, culture and knowledge of foreign languages.

To do this, it is necessary to create a polylingual multicultural space for the training of future teachers, to ensure the social and academic mobility of young people who are ready to teach subjects both in their native language and in the second or third language. Those. creation and development in Kazakhstan of modern scientific and pedagogical centers with international participation, design and implementation of new technologies, and the formation of a system for the retraining of cadres.

New requirements for the level of training of specialists also determine new approaches to the organization and implementation of the educational process. Rapid changes in the sphere of educational services require the same mobility and from higher education institutions, therefore, for each teacher, it should become the norm to upgrade qualifications, introduce innovative teaching technologies, and use the positive experience of the world's leading universities.

One such approach is the Content and Language Integrated Learning (CLIL), which makes it possible to combine learning, for example, English or German and a special subject, i.e. To expand the general educational space through a functional approach to teaching the second language [7-9].

The specificity of this approach is that "language becomes a tool for studying a non-linguistic subject, in which both the language and the subject play a joint role" [9, p. 58]. Attention is given to both the content of special texts and the necessary subject terminology. At the same time, the language is integrated into the training program, and the need to immerse in the language environment for the possibility of discussing the subject material significantly increases the motivation for using the language in the context of the topic under study [3].

Language-based integrated learning is a method of teaching, in which a part of subjects is taught in foreign languages. Thus, the teaching of students in native and foreign languages is one.

Teaching takes place in two languages, so that in learning situations a language is used that is appropriate for the situation and purpose of instruction.

According to the CLIL method, the second language can be used in all classes in all disciplines, except for the native language [2].

The author of the article "The relevance and potential of the content and language of integrated learning (CLIL) for achieving MT + 2 in Europe", David Marsh believes that "Language-based integrated learning refers to any two-context focused educational context in which an additional language, i. not the main language on which the entire course of instruction is conducted, is used as a tool for teaching a non-linguistic subject. " In the author's opinion, this method allows two subjects to be taught simultaneously, although the focus may be on either language or a non-linguistic subject [10].

According to Professor Do Coyle, the method of integrated teaching of the subject and language in the university is primarily related to the widespread use of English as the "dominant" language of preaching in European universities. Based on the experience of subject teaching in an additional (in most cases, English) language, the

Model C1: Multilingual education (Plurilingual education). With integrated learning, more than one language is used in different years of study and when teaching different subjects. Upon completion of training on this model, the student acquires professional knowledge in several languages. This model is a prestigious form of training, which is designed to attract the most dedicated and gifted students from different countries.

Model C2: Auxiliary / additional integrated learning of the subject and language (Adjunct CLIL). Teaching the language goes in parallel with the teaching of subjects, and the emphasis is on developing knowledge and skills for using the language to provide higher-order thinking processes. Language teaching is associated with special areas, language teachers are part of the structural divisions for the teaching of specialties, their role is external support in the training of specialists. Students in the acquisition of specialties acquire the ability to use the language CLIL to work in their specialty.

Model C3: Subject courses with the inclusion of language support (Language-embedded content courses). Specialty training programs are developed in terms of development and language skills.

The training is conducted by both subject instructors and specialists in the field of language teaching [5]. A student even with a poor knowledge of the language of instruction gets support throughout the entire learning process, which makes it possible to master both the subject and the language of his teaching. The model is suitable for teaching students with a variety of linguistic and cultural backgrounds.

The C1 model is implemented only in higher education institutions of a certain specialization (for example, business and management), while models C2 and C3 are the most common. Due to its geographic position in the South Kazakhstan region with the predominant Kazakh-speaking population, it has its own peculiarities of teaching subject and language disciplines. Therefore, it is advisable to implement a mixed model of full and partial immersion in the language of teaching with general and special support for the development of the language competence of students.

Thus, the analysis of the state of the problem under study shows that the subject-language integrated learning as one of the polylingual approaches is one of

the effective mechanisms for forming the professional competence of the future teacher. The effectiveness of the process of forming the professional competence of the future teacher is largely due to the mastery of their knowledge, skills and skills in the aspect of the subject-language integrated learning.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Киргуева, Ф. Х. Подготовка учителя начальных классов в системе многоуровневого образования на основе компетентного и полилингвального подходов. [Текст]: дисс. ... докт. пед. наук / Ф.Х. Киргуева. – Владикавказ, 2010. – С. 424.
2. Лалетина, Т. А. Интегрированный подход и использование предметно-языковой интеграции при обучении ино- странному языку / Т. А. Лалетина. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа : http://elib.sfu-kras.ru/bitstream/2311/8574/1/3_Laletina_T%5B1%5D.A.pdf.
3. Лаптева, Т. Г. Некоторые аспекты использования методики CLIL при обучении иностранным языкам / Т.Г. Лаптева // Интерэкспо ГЕО-Сибирь-2012: VIII Междунар. науч. конгр., 10-20 апр. 2012 г., Новосибирск: Междунар. науч. конф. «Геопространство в социальном и экономическом дискурсе»: сб. материалов в 2 т. – Новосибирск: СГГА, 2012. – Т. 1. – С. 231–233.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу «Новый Казахстан в новом мире» (28 февраля 2007 года) // Послания лидера нации к народу / сост. Г.Т. Танибергенова, К.Т. Калилаханова, Р.Ж. Алимбеков. – Астана: Күлтегін, 2008. – С. 237–280.
5. Ball, P. Teacher Training for CLIL in the Basque Country: the Case of Ikastolas – An Expediency Model / P. Ball,
6. D.Lindsay // CLIL in Spain: Implementation, Results and Teacher Training. D. Lasagabaster and Y. Ruiz de Zarobe (Eds.). – New- castle, Cambridge Scholars. – 2010, 162–187.
7. Coyle, D. Content and Language Integrated Learning / D. Coyle, P. Hood, M. Marsh. – Cambridge : Cambridge Uni- versity Press, 2010. – P. 24–25.
8. Lasagabaster, D. Foreign Language Competence in Content and Language Integrated Courses / D. Lasagabaster // The Open Applied Linguistics Journal. – 2008, 1, 31–42.
9. Lorenzo, F. The Effects of Content and Language Integrated Learning in European Education: Key Findings from the Andalusian Bilingual Sections Evaluation Project / F. Lorenzo, S. Casal, P. Moore // Applied Linguistics. – 2009, 31, 418–442.
10. Marsh, D. CLIL/EMILE-The European Dimension: Actions, Trends and Foresight Potential / D. Marsh. – Strasbourg,

Түйіндеме: Бүгін, жоғары мектептердің алдында жоғары білікті мамандар, тек кәсіби білімді меңгерген мамандар ғана емес, сонымен қатар кросс-мәдени байланысқа дайын, шет тілдерді меңгерген, пәндерді екі немесе одан да көп тілде үйретуге дайын, сондай ақ бір тілден екінші тілге аударып алатын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсаты тұр. Мұндай мұғалімдер дайындау үшін, жаңа технологияларды жобалау және іске асыру, көптілді, көпұлтты кеңістік құру қажет. Бұған пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту көмектеседі, ол көптілді тәсілдердің бірі болып табылады.

- 6) Мы сможем понимать смысл электронных книжных изданий (равно как и обычных книг), ведь много научных статей пишется и переводится на английский. Это придает особую важность знанию английского языка.
- 7) 80 % информации всей компьютерной сети представлено на английском языке.
- 8) В настоящее время с развитием техники английский язык всё больше и больше становится популярным.

И это далеко не весь список того, насколько важно изучение английского языка. Изучив литературу по данной теме, проанализировав изучение английского языка в разных сферах жизни, я определила роль английского языка в жизни человека. Выяснила, что в современном мире английский язык играет огромную роль, однако есть люди, сомневающиеся в этом. Чтобы взяться за язык, нам необходимо время, мотивации и усидчивость. Стоит помнить о том, что потребуется довольно много времени, и если мы рассчитываем на быстрые результаты, нам придётся очень много и упорно работать. Но мы должны помнить, что нас ждут очень приятные результаты, откроем перед собой блестящие перспективы, сможем больше путешествовать и общаться с новыми людьми.

Не знаю как все, но я хочу изучать английский язык, потому что считаю, что это необходимо. Он поможет мне в жизни, на работе и на отдыхе.

Использованная литература

1. Василик М.К Основы теории коммуникации. – Москва, 2003.
2. Журина Т.Ю. Английский язык. – Москва, 2002.

***Түйіндеме:** Бұл мақалада ағылшын тілі рөлінің – қазіргі заманда қолданылуы қарастырылған. Ағылшын тілінің рөлі - жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кезінде, иет елде білім алған жағдайда және саяхаттағанда маңызы зор екені ескеріледі.*

Resume: This article considered the role of English in the modern world. The role of English is especially important when applying new information technologies, studying and travelling abroad.

УДК 81-21

НЕМІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫН ТАЛДАУ

Аманжолова Н.А.

5B011900 «Шетел тілі:екі шетел тілі»мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші: Бағитжанова Ш.С.

Тіл - белгілі бір халықтың тыныс тіршілігінің, салт-дәстрінің, мәдениетінің көрінісі,айнасы. Сондықтан тіл ойды білдіру құралы ғана емес,халықтың мәдениетінен хабар беретін мәліметтер көзі де болып табылады. Тілде халық пен Отанның бүкіл рухани келбеті бар: тіл арқылы халықтың рухы шығармашылықпен ойға,санаға айналады.Шетел тілдерін оқытқан уақытта ,сол елдің мәдениетімен тығыз байланыста оқытудың халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тигізер үлесі өте үлкен. 1975 жылы Еуропада атап айтқанда Хельсинкиде, отыз бес елін бірігіп құрған Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық туралы Кеңесінде қабылданған «Шетел тілдері және цивилизация» деген құжаты бар. Құжатта отыз бес елдің халықтар арасындағы қарым-қатынас пен достықты жетілдіру,кеңейту үстінде, ел-елдің бір-бірінің мәдениетімен танысуын, араласуына өте бір қажетті құрал ретінде шетел тілдерін оқытуды қолдау қажет деген шешім қабылданған. Көрнекті неміс ғалымы В.Гумбольд «шетел тілі белгілі бір халықтың тарихының, мәдениетінің, әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінің, салт-дәстүрінің т.б жиынтығы» деп атап көрсетті. Ал сөз-тілдің негізгі бірлігі, дыбыстық таңбаларымен мағынаның көрінісі. Тіл мен сөз-бір құбылыстың екі жағы болғанмен, бүтін бір нәрсе. Бастапқы сатыда оқыту мазмұнын анықтағанда, неге үйретеміз, тілге ме, сөзге ме деген сұрақ туады. Жүйе ретінде тілге үйретуден бастаймыз ба әлде тілді коммуникативтік мақсатта қолдануға үйретеміз бе? Р.Рогова мен И.Верещигананың көзқарасы бойынша тілді оқытудан бастағаннан-ақ алдымен оқушы түсінгенін қарапайым тілде айта алуы қажет. Ертеректе лексика, грамматика,фонетиканы жеке-жеке үйреткен кезде оқушылар қарапайым коммуникативтік жағдайда білімін іс-жүзінде қолдана алмаған болатын. Оқушылар алған білімін бір ситуацияда өздері саналы ,ережелерге сай ,жүйелі түрде пайдалана алғанда ғана іс жүзіне пайымдайды.. Мақсатымыз лексиканы оқыту болғандықтан,біз фонетика мен грамматикаға емес, лексиканы оқытуға байланысты еңбектерге баса

назар аударамыз, солардың бірі лексиканы қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға байланысты зерттеулер жүргізген ғалымдар Е.Ризель мен Е.Шендельс. Олар өз зерттеулерінде сөйлеуге қажетті лексиканы стилистикалық жағынан бейтарап және функционалды стилистикалық реңктегі сөздер деп екіге бөледі:

1) Стилистикалық жағынан бейтарап лексика сөйлеудің барлық түрлеріне негіз болады. Оған жалпы қолданылатын ,күнделікті өмірде өажетті нәрселерді, құбылыстарды білдіретін сөздер жатады.

2) Екінші топқа айтылатын ойға ерекше бір реңк беретін, көңіл-күйді, бір нәрсенің мәнді, аса қажетті екенін көрсететін сөздер жатады. Бұлар –модаль сөздер, үстеулер, тұрақты сөз тіркестері. Сондай-ақ ,айтылатын ойдың жүйелі, логикалық жағынан бір-бірімен сабақтасып жатуына үстеулер, сан есімдер,есімдіктер т.б қызмет етеді.

Оқу процесінде оқушылар меңгеруге тиісті шетел тілі аспектілерінің ішінде аса маңыздысы-лексика, өйткені шамалы болса да, сөздік қорын игермей, шетел тілін іс жүзінде меңгеру мүмкін емес. Басқа білім салаларының ішінде лексиканың бірінші орын алуының себебі мынада: кейбір грамматикалық мағыналарды меңгермегендіктен, сөзде грамматикалық қателер бола тұрса да, адамдар арасында қатынас болуы мүмкін,олар бір-бірімен түсінесе алады. Мысалы, қазақ тілінде мынадай сөйлемді алайық: Қайда сенікі барады? Әрине, бұл сөйлемде грамматикалық қателер бар: а) сөз тәртібінде-сұрау сөзі бірінші орында тұр; ә)жіктеу есімдігінің орнына тәуелдік жалғауы қолданылып тұр; б)етістік екінші жақ жекеше түрдің орнына үшінші жақта тұр. Дұрысы: Сен қайда барасың? Дегенмен ,Қайда сенікі барады? Деген сөйлемді естіген қазақ тілін білетін адамдар сөйлеушінің нені білгісі келетінін түсінеді. Сол сияқты неміс тілінде Du nach Hause wann kommst? (Сен үйге қашан келесің?)деген сөйлемде сөз тәртібі қазақша болғанмен (немісше дұрысы:Wann kommst du nach Hause?), осы сөйлемді естіген неміс тілін білетін адам сөйлеушінің не айтқысы келетінін түсінеді. Демек, сөзде кейбір грамматикалық қателердің болуы, сол сөзді түсінуге нұқсан келтірмейді. Ал басқа біреудің сөзін түсіну үшін немесе өз ойын айтып жеткізу үшін қажетті лексиканы білмеген жағдайда коммуникация бола алмайды, яғни басқа адамның сөзін түсіне алмаймыз,өз ойымызды да айтып жеткізе алмаймыз. Сондықтан шетел тілін оқытуда лексиканы меңгерудің маңызы ерекше, олай болса, лексикаға көп көңіл бөлу керек. Әрине, бұл айтылғаннан лексиканы меңгеру өз алдына оқыту мақсаты екен деген қорытынды шықпау керек. Маңызы қандай зор болғанмен, лексиканы меңгеру оқытудың мақсаты емес, тек сол мақсатқа жетудің өте маңызды құралы. Сонымен лексиканы лексика үшін емес, оны сөзде қолдана алу үшін меңгеру керек, яғни басқа адамдардың сөзін оқып немесе тыңдап-түсіну, өз ойын ауызша немесе жазбаша түрде жеткізу үшін қажетті лексиканы қолдана алатындай шамада меңгеру жөн. Онсыз шетел тілінде сөз іскерліктері мен дағдыларын меңгеру мүмкін емес.

Әр тілде сөздердің екі жағы болады: а) сөздің формалдық жағы (ауызша сөзде сөздердің дыбыстық бейнесі, жазбаша сөзде олардың графикалық бейнесі) және ә) оның мағынасы. Сөздің бұл екі жағы медальдың екі беті сияқты бір-бірінен бөлінбейтін, біртұтас құбылыс. Неміс тілі мен қазақ тілі лексикасын салыстырғанда сөздердің осы екі жағын ескеру қажет. Екі тілдің сөздерін бір-бірімен салыстыру арқылы олардың түр жағынан да, мағына жағынан да ұқсастықтары мен ерекшеліктері барын байқауға болады. Екі тілдің лексикалық жүйелерін салыстырғанда, мынадай төрт түрлі қатынасты көреміз:

1. Неміс тілі мен қазақ тілінің сөздері түр, мағына жағынан бір-біріне сәйкес келеді. Егер неміс тілі мен қазақ тілі генетикалық, типологиялық жағынан бөлек-бөлек топтарға жататынын, даму тарихында бір-бірімен ешқандай байланыста болмағанын ескерсек, бұл екі тілдің арасында бір түбірлес сөздердің кездесуі мүмкін емес. Бірақ қазақ тілі орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден көптеген сөздерді қабылдағаны белгілі. Мысалы, қазақ тілінде «тәрелке» деген сөз бар. Ол неміс тілінде der Teller сөзінен шыққан. Ол әуелі орыс тіліне «тарелка» түрінде неміс тіліне енген де, кейін орыс тілінен қазақ тіліне «тәрелке» болып енген. Міне, осындай жағдайға байланысты неміс тілі мен қазақ тілі арасында да көптеген сөздер түбірлес немесе өте ұқсас болып келеді. Мысалы: das Alphabet- алфавит, die Bluse-блузка, der Film-фильм, die Galerie-галерея, die Karte-карта, das Hobby-хобби, das Telefon- телефон, die Minute-минут, die Note-нота, das Organ-орган, die Pedale-педаль, der Pionier-пионер, das Pionierlager-пионер лагери, der Sport- спорт, die Aktion - акция, das Album- альбом, der Jahrmarkt-жәрмеңке, die Sportarena-спортарена, die Antike-антик . т.б. Бұл сөздер екі тілде де дыбыстық бейнесі де, мағынасы да сәйкес келетін сөздер жатады. Бұлар негізінен бір түбірлес сөздер. Тек қана неміс тіліндегі **ja** сөзімен дыбыстық бейне жағынан да, мағына жағынан да сәйкес келетін қазақ тілінің сөзі «**иә**» бір түбірлес емес. Лексикалық минимумда мұндай сөздер көп емес небәрі 26 сөз. Бұл сөздер тындап, оқып отырған мәтіндерде түсінуге ең жеңіл сөздер. Ауызша сөзде айтылуы біршама қиындық келтіруі мүмкін, өйткені екі тілде бұл сөздердің дыбыстық бейнелері ұқсас болғанмен, айтылуында шамалы ерекшеліктер бар. Сол ерекшеліктер осы сөздердің дұрыс айтылуын үйренгенде, аздап қиындық келтіреді. Дегенмен, бұл сөздер неміс тілінде ең жеңіл сөздер.

2) Неміс тіліндегі кейбір сөздер қазақ тіліндегі сөздермен түр жағынан ұқсас болғанмен, мағынасы сәйкес келмейді. Бұлар негізінен бір түбірлес сөздер. Бірақ олар әр тілде ерекше мағынаға ие болған: die Familie-фамилия (неміс тіліндегі сөздің мағынасы «семья»), der Artist «цирк, кабаре т.б өнер көрсететін артист» -артист, жалпы өнер қайраткері, der Lektor «жоғарғы оқу орнында шетел тілі практикасынан сабақ беретін мұғалім», «лекция оқитын адам»-лектор, lab «қой, таста»-лас, rette, «құтқар»-ретте, der Punkt «нүкте»-пункт т.б. Бұл сөздер үйренуге өте қиын сөздер. Бұларды түсінуде, қолдануға қиындықтар кездеседі. Дыбысталуы, мағынасы екі тілде де сәйкес келетіндіктен сөздердің дыбыстық бейнелерінің ұқсастығына қарап, ойланбастан оларды бірдей деп қалуымыз мүмкін. Соның нәтижесінде олар бұл сөздерді қате түсініп, қате қолдануымыз мүмкін.

3) Екі тілдегі сөздердің дыбысталуы бір-біріне ешқандай ұқсаспағанымен, мағыналары сәйкес келеді. Мысалы: denken- ойлау, kommen- келу, die Arbeit-жұмыс, der Vater-әке, die Mutter- шеше, laufen- жүгіру, schreiben-жазу, spielen- ойнау, springen-секіру, schon-әдемі т.б. бұл сөздерді түсіну, оларды өз сөзінде қолдану қиын емес. Жалғыз ғана қиындық - осы сөздердің дыбыстық бейнесін меңгеруде.

4) Дыбыстық бейнелерінде ұқсастық жоқ, мағыналары тек жартылай ғана ұқсас сөздер. Яғни екі тілдегі сөздердің кейбір мағыналары сәйкес келгенмен, басқа мағыналары ерекше болады. Бұл сөздерді екі топқа бөлуге болады: а) неміс тілі сөзінің мағына аясы қазақ тілі сөзінің мағына аясынан кеңірек: alt-кәрі, ескі; ablegen – емтихан тапсыру, сырт киімін шешу. Lesen- оқу, теру. die Aufgabe-тапсырма, міндет т.б; ә) неміс тілі сөзінің мағынасы қазақ тілі сөзінің мағынасынан тарырақ: gehen, fahren- бару; der Baum, das Halz-ағаш, der Bruder-аға, die Schwester-апа, fragen-сұрау т.б.

Сонымен неміс тілі мен қазақ тілі сөздерінің арасындағы әр түрлі арақатынас қазақ оқушыларының неміс тілі сөздерін меңгеруіне тиімді-тиімсіз ықпалын тигізеді. Екі тіл лексикасының арасында ұқсастық бар жерде қазақ тілі тиімді, алшақтық бар жерде тиімсіз ықпал етеді. Неміс тілін оқушыларға үйрету барысында ең бірінші қолға алатын мәселе, оқушылардың өз ана тілін ұмыт қалдырмауы, мұғалімдердің оқушыларға ана тілі арқылы шетел тілдерін меңгерте алуы болып табылады. Екі тілде де дыбысталуы бірдей немесе мағыналары сәйкес келетін сөздер кездеседі. Сол сөздерді оқушы шатастырып алмай, екі тілде де тапсырманы бір деңгейде сәйкестендіріп, орындап отырғаны жөн. Ана тілінің әркезде орны ерекше, бірақ кімде-кім болсын тек бір тілмен ғана шектеліп қалмай жан-жақты үйреніп, білім алғаны абзал. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», - деп қазақ халқы айтпақшы, қандай болсаң ба, қай елде жүрсең де білім алып, тіл білген ең қажетті қасиеттердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құнанбаев С.С «Жаңаша оқыту әдістемесі», Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 97-98 беттер, №1, 2006ж
2. С.Әбдіғалиев «Неміс тілін оқытудың негіздері», Алматы «Қазақ университеті» 1992ж

Аннотация: *Что я имела в виду в этой статье? Честь благородных потомков человека нераздельна. Язык- это проявление определенной популяций. Я думаю, что независимо от того, сколько людей он является великим достижением не только для родного языка, но и для иностранных языков. Лучше использовать другой язык, а также родной язык. Начнем с того, что учитель должен начать с немецкого лексикона. Потому что на родном языке много похожих слов, и проводятся различные анализы, чтобы слова не смешались с учеником. Я получаю лексику в этой статье, поэтому вам нужно освоить лексикон, чтобы использовать слова. Я думаю, что желательно читать или слушать слова других людей и иметь возможность использовать их в устной или письменной форме.*

Resume: *What did I mean in this article? Honor of the noble descendants of man is inseparable. Language is a manifestation of certain population. I think that no matter how many people it is a great achievement not only for the native language, but also for foreign*

languages. It is better to use another language , as well as your native languages. To begin with, the teacher must start with a German lexicon. Because in their native language there are many similar words, and various analyzes are conducted so that words do not mix with the student. I get vocabulary in this article, so you need to master the lexicon to use the words. I think it is advisable to read or listen to the words of other people and be able to use them either orally or in writing.

УДК 004.512.4

СИТУАТИВНОСТЬ И ДИАЛОГ

Артикбаева О.З.

студентка 1 курса специальности 5В011800 «Русский язык и литература»

Научный руководитель: Аубакирова Ж.З.

*магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры
иностраннных языков, русского языка и литературы*

Важнейший из стимулов активной речевой деятельности - потребность, необходимость обращения к тому или иному языковому материалу, определяемая в значительной степени проблемной ситуацией. Ситуативность при обучении языку - это проблемность, побуждающая к речевой деятельности.

Говоря о природе ситуативности, ее роли в обучении спонтанной речи, следует разграничивать ситуативность экстралингвистическую и лингвистическую. Применительно к отдельному коммуникативному акту особую роль приобретает лингвистическая ситуативность, т.е. условия, возникающие в результате речевой деятельности (цель, содержание высказывания, место данной реплики по отношению к началу разговора). Монолог, диалог или полилог являются в данном случае формами речевой деятельности.

Основная цель преподавания практического курса русского языка – совершенствование русской речи студентов. Она определяет весь учебный процесс. С этой точки зрения интерес представляет диалогическая речь. Умение свободно вести диалог на изучаемом языке есть, одна из самых важных сторон практического овладения им. Основным элементом диалога является ситуация. Чтобы представить себе ситуацию, в которой будет протекать беседа, необходимо вспомнить отдельные реплики из ранее усвоенных диалогов, которые можно использовать.

При обучении устной речи использовались в основном вопросо-ответные упражнения подстановочного характера, упражнения на преобразование и дополнение предложений и т.д. Такие упражнения развивают умение более или менее свободно оперировать усвоенным языковым материалом, однако одних операционных умений недостаточно для устного общения в условиях естественной коммуникации.

Иная задача стоит перед учащимися при выполнении упражнений, задание к которым формулируется так, чтобы вызвать естественное речевое действие. Язык развивается через ситуацию и неотделим от нее. Поэтому необходимо, чтобы в систему упражнений для развития навыков устной речи были включены специальные упражнения, создающие учебно-речевую ситуацию в естественных условиях.

Ситуация – это совокупность обстоятельств и отношений, создающих то или иное положение. Однако не все обстоятельства и отношения, сопутствующие беседе, найдут отражение в высказываниях собеседников. Те элементы общей ситуации, которые привлекаются участниками беседы для успешной реализации акта общения и вследствие этого влияют на формирование высказываний, мы относим к речевой ситуации. Эти ситуации можно охарактеризовать как ситуации, стимулирующие речь.

Рассмотрение различных видов речевой ситуации позволяет сделать некоторые выводы, важные для организации обучения речи.

1. С точки зрения методики обучения иностранным языкам речевые ситуации могут быть реальными и учебными. Возможность создания реальных речевых ситуаций незначительна, поэтому при обучении речи используются главным образом учебные речевые ситуации.

2. Среди реальных речевых ситуаций различают стандартные и свободные ситуации. Естественно, что и учебные речевые ситуации могли бы разделяться на стандартные и свободные. Однако стандартные ситуации в учебных условиях преобразуются в инсценировки, поскольку процесс обучения трудно обеспечить таксистами, парикмахерами, врачами и т. п., говорящими на иностранном языке. Их роли исполняют обычно сами учащиеся. А это значит, что стандартные ситуации в учебных условиях выступают как ролевые. Свободные же ситуации в учебных условиях становятся проблемными. Следовательно, среди учебных речевых ситуаций различают ролевые и проблемные.

3. Ролевые ситуации, как явствует из вышеизложенного, создаются на основе стандартных ситуаций, поэтому они используют главным образом стандартные речевые средства (разговорные и ситуационные клише). В проблемных речевых ситуациях возможно использование как стандартных, так и нестандартных речевых средств. Проблемные речевые ситуации целесообразно использовать на заключительном этапе обучения речи.

4. Эффективность использования речевых ситуаций при обучении речи зависит от оснащения учащихся стандартными языковыми средствами и передачи им социального опыта, связанного со стандартными ситуациями.

Список использованной литературы

1. Жинкин, Н.И. Психологические особенности спонтанной речи / Н.И. Жинкин. – М., 1990.
2. Пассов, Е.И. Концепции коммуникативного обучения / Е.И.Пассов, В.Б.Царьков. – М., 1993.
3. Шубин, У.П. Языковая коммуникация и обучение иностранным языкам / У.П. Шубин. – М., 1972.

Түйіндеме: Мақалада белсенді тіл қызметінің ең маңызды стимулы – сұраныс, белгілі бір тілге назар аудару қажеттілігі, мәселені үлкен дәрежеде зерттеп анықтауы. Тілге үйрету кезіндегі ситуациялық жағдай – сөйлеу белсенділігіне ынталандыру мәселесі қарастырылады.

Resume: The most important of the stim in active speech activity is the need, the need to address one or another linguistic material, determined largely by the problem situation. Situateness in teaching the language is a problem that leads to speech activity.

ӘОЖ 821. 512. 122

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН МАҚСАТЫ

Әбілбаева Ш.А., Бақберген А.Қ.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 2 курс студенттері

Ғылыми жетекші: **Боранбаева А.Б.**

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі

«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек»

Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»

Халқымыз ежелден тіл мәселесіне көп мән беріп, «Өнер алды-қызыл тіл» деп, сөз өнерін бар өнердің алдына қойып жоғары бағалаған. Сондықтан, тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген. Адамның өз ана тілін жетік білуімен қатар өзге бір ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен өзара түсінісе алатыны үлкен біліктіліктің белгісі деуге болады. Сондықтан да еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында: «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шет ел тілін оқып, үйренуді қамтамасыз етуге тиіс», - деп көрсетілген [1]

Шет тілінде білім берудегі басты мақсат – еліміз дамуының стратегиялық міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көптілді білім беру арқылы бәсекеге қабілетті үштілді кәсіби мамандар дайындау. Осы мақсатта қазақ, орыс, ағылшын тілдері ұлтына қарамастан, тең дәрежеде оқытылады. Көптілді меңгерген адам өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық. Бүгінгі таңда елімізде «үштілділік мәселесі» көкейтесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр.

Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде:

«Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үш тілді болуы, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгеруі тиіс». [2] Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі уақытта ҚР-ның шет елдермен байланыстары күннен күнге арта түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін жетік меңгерген мамандар қажет.

Әлемдік білім беру іс – тәжірибесінде көптілді және билингвалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда, АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде, әсіресе соңғы жылдарда бұл бағытта жетістікке қол жеткен. Бірақ Қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалді білім берудің халықаралық іс тәжірибесінде қолданыс тапқан модельдерін енгізу-жаңа педагогикалық проблема, себебі ол жаңа жағдайларды шығармашылық тұрғыда іске асырылуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қажеттілігіміз болса, өтеуге жарайтын бай тіл. Мәселе – тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді дұрыс атқаруда болып отыр. Ұлттың өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Осы тұста айта кететін жайт - қазіргі Қазақстанның латын әліпбиіне ауысуы. Әлем бойынша қазіргі таңда кириллица әліпбиін 28 мемлекет шамасында қолданатын болса, қалған 130-ға жуық мемлекет латын әліпбиін қолданады. Латын әліпбиіне көшкен жағдайда дүниеге кең қанат жайған ағылшын тілін меңгеру де оңайға соғады. «Үштілділік» саясатына сәйкес ағылшын тілін білу – заман талабы. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз өз тілімізді жаңғыртамыз және шет елмен ақпарат алмасу да ыңғайлы болады. Латын графикасын үйреніп алу аса қиындық туғыза қояды деп ойламаймыз. Өйткені, біз күнделікті өмірімізде латын графикасымен жиі бетпе-бет кездесеміз. Ғаламтор мен ұялы байланысты пайдаланушылар, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдері латын әліпбиін пайдаланып та жүр. Алайда, осы жұмысты жүйелеп, бір бағытқа салу үшін қазақ тілінің түбегейлі латын әліпбиіне көшуі керек. Бұл дегеніміз, шетелдіктердің қазақ тілін үйренуін жеңілдетеді. Бүгінде қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл.

Шетел тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтырылуы, дамытылуы тиіс деп, ел президентінің 2011 жылғы жолдауында көрсетілгендей 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу қолға алынуда. Мектептерде ағылшын тілінде білім беру эксперимент - сынақтар өткізілуде. Сондықтан да ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптар ауқымы үлкен. Болашақ шетел тілі мұғалімінің бірінші курстан бастап даярлығын қамтамасыз етудің негізі- болашақ маманның зиялы, интеллект ретінде кәсіби білікті тұлға болуы үшін, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына көмектесу болып табылады.

Болашақ бастауыш сыныптың шетел тілі мұғалімінің әрбір сабағы басынан аяғына дейін балаға деген мейірімге толы болуы керек. Осы бағытта Ш.А.Амоношвили: «Мектептегі әрбір күн, әрбір сабақ мұғалім тарапынан оқушыға сыйлық болуы керек. Әрбір оқушының мұғаліммен тілдесуі бала бойына қуаныш пен өмірге деген құлшыныс беруі керек» деген екен. Сондықтан да, әрбір ағылшын тілі сабақтары қызығушылықты ояту, ой ашардан басталады. Яғни, мұғалім балаларға жымып, оқушылармен жылы амандасып, хал-жағдайларын сұраумен басталып, өз иелігінде 45 минуттық құзыреттілігін өзі сезініп, балаларды да өзіне тарта білуі керек.

Ағылшын тілін оқытудың технологиясының сапасы оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Жаңа технологиялар мен дидактикалық әдіс-тәсілдер арқылы ағылшын тілі пәнін меңгертуде мынадай түйінді мәселелер өз шешімін табады:

- ағылшын тілін үйренуші студенттің тілді тереңірек танып-білуіне, өз ойын ағылшын тілінде еркін білдіруге қажетті дағдыларды игеруіне оң ықпал етеді;

- ағылшын тілінің практикалық бағытына басымдылық берілетіндіктен, студенттің білімді өмірде қолданудың маңызы жайында түсінігі дамиды;

- студенттің танымдық қабілеті мен ақпараттық мәдениеті қалыптасады;

- студенттер жағдаяттарды ынтымақтастықта шешу қажеттілігін түсінеді.

Шетел тілдерін үйрету, соның ішінде ағылшын тілін оқытуда жаңа технология түрлері арқылы оқып-түсіну, жаңа ақпаратты игеру іске асады:

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүзеге асыратындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды ағылшын тілін оқытуда тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты.

Қорыта айтатын болсақ, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену үшін елбасының алға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру жолында жұмыс істеуіміз керек. «Ел бүгіншіл, менікі - ертең үшін» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, келешек жолында жасалып жатқан ауқымды іс. Олай болса, елбасының сындарлы саясатын қолдап, бірлік, білім, еңбекті ұштастырып, ортақ межеге қол жеткізуге атсалысуымыз керек. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үш тілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.ҚР-ның Конституциясы
- 2.Nur.kz

***Аннотация:** Статья описывает взгляд народа на трехязычное образование и ее важность для будущего страны. А также, современные технологии изучения английского языка и их способы формирования. Рассмотрено актуальные проблемы языкознания и их пути решения.*

Resume: The article describes the view of nation on trilingual education and its importance for future of country. Also, it gives information about modern technologies of learning English and ways of forming. It considers issues of language learning and their decision.

УДК 111

ЭФФЕКТИВНОЕ ИЗУЧЕНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ПО ПЕСНЯМ

Ўбдїбекова Н.А.

*Студент II курса по специальности 5В011900 - "Иностранный язык:
два иностранных языка"*

*Научный руководитель: **Оскина М.С.***

*Старший преподаватель кафедры иностранных языков, русского языка
и литературы*

Сегодня существует масса методик изучения английского языка. Например, вы можете **скачать английский язык** (учебник) в интернете или можно записаться на специализированные курсы, можно прибегнуть к услугам частного репетитора. Но все ли методы одинаково эффективны? Конечно же, нет. А вот от чего зависит эффективность того или иного метода изучения языка, мы попробуем разобраться в данной статье и для примера возьмем, в котором для обучения английскому используются песни.

Известно, что многим из нас для того чтобы запомнить какую-либо информацию, нужно повторить ее, причем не один раз. Взять хотя бы те же отрывки из поэм или прозы, которые нам задавали выучить наизусть в школе. Легко ли нам давалось запоминание? Увы, далеко не всегда, и причиной тому, в большинстве случаев, было неосознанное зазубривание. Такой метод эффективен разве что на пять минут: вызубрил, отчеканил у доски и тут же забыл. Но замечали ли вы, что некоторые популярные песни запоминались вами, словно по мановению волшебной палочки? Стоило вам услышать понравившуюся композицию пару-тройку раз, и вот вы уже подпеваете исполнителю, не делая ни одной ошибки в тексте.

1. Это работает и это забавно.

Есть научная доказательство которая свидетельствует процесса обучения музыкой. Музыка пробуждает ваш мозг в целом. Если вы слушаете песни то помогает вам запомнить слова. Музыка – активизирует больше частей мозга, чем изучение языка обычным способами. Если вы что-то запоминаете под мелодию, вы вспоминаете эту информацию спустя какое-то время. Мелодия помогает нам быстрее запомнит не только отдельные слова, но и целые фразы. Музыка активизирует память на слова и улучшить нам заговорит и улучшит произношения.

2. Легче усваивается грамматика, пополняется словарный запас, улучшается произношение и развиваются все основные навыки (аудирование, говорение, чтение и письмо).

Песня помогает нам уменьшить акцент. То есть, вы можете говорить с ужасным акцентом, но петь вы можете идеально как чисто носителем языка. Об этом феномене рассказывали известные певцы. А.Пугачева: "Я не знаю, но я могу идеально, четко спеть как носитель языка на другом языке".

3. Вы слышите обычный разговорный английский с неформальными сокращениями, фразовыми глаголами и прочее. Это современный английский.

То есть это как говорят носители языка. Почти во всех песнях встречается исключения, но в целом содержится полезные фразы, выражения, разговорная лексика, которая вы можете употреблять в своей речи. Конечно, вы можете брать какую-то классику в 30 годов. Там будет настоящий английский язык, и там четко будет проговаривает слова чем сейчас. Но, имейте ввиду, что язык постоянно развивается. Сейчас встречается в речи огромные количества неформальных сокращений, многие звуки съедается.

4. Прослушивание песен помогает вам сосредоточиться на произношении и чувствовании языка, ритма, интонации.

Благодаря песен вы можете ознакомиться со звучанием английского языка. Прослушивание песен помогает нам сосредоточиться на произношении и чувствовании языка, ритма, интонации. Конечно же в песнях встречается разные высота звуков и рассказывается определенные история которая становится особенно понятным когда мы смотрим клип. Благодаря всему этому песня, лексика, в ней какие-то грамматические конструкции запоминается гораздо быстрее чем обычно.

5. Песни имеют свойство приклеиваться к нам, прокручиваться нашей голове, особенно припев, проникают в наши мысли, запоминаются надолго.

Есть очень интересный феномен – песня имеет свойства словно приклеиваться к нам. Не очень литературным языком приклеивается к нам быстрее, когда привяжется и мы не можем от этого отделиться. Особенно припев. Эти песни привлекает наши мысли и запоминается надолго. Вы наверное уже замечали, когда мы по радио слушаем какую-то песню, которые мы слушали много лет тому назад и неожиданно начинаем для себя подвигать и вспоминать слова из песни, хотя мы не вспоминали об этой песни много лет. Вот это удивительно! Что-то в нашем мозгу происходит, что помогает нам лучше запоминать лексику, какие-то выражения именно через песни.

6. Песни, как правило, эмоциональны. То, что затрагивает эмоционально, гораздо лучше запоминается.

И что интересно, песня вызывает у нас какие-то эмоции. Вы знаете то что нас затрагивает эмоциональна, гораздо лучше запоминается. Оно как будто входят в нас. Музыка помогает нам выразит наши эмоции, влияет на наши настроение, вдохновляет нас. И конечно вы знаете что влияет на наши физические состояние и на психические состояние. Что касается на психические состояние, бывает встаешь уставшая, потом включаешь какую-нибудь песню, зарядилась и пошла. Удивительно, как на нас влияет песни и музыки в целом.

7. Это приятная привычка.

Вы можете превратить изучение песен в приятную привычку. Что самое удивительное, большинство людей не находят на нормальной регулярной занятии английским языком. Но почему-то всегда находят время послушать свою любимую песню. А ведь, развивается в любом случае навык аудирования слушаете ли вы какую-нибудь диалог или песню. На самом деле когда вы изучаете английский по песням это превращает своего рода игру. Вы можете слушать песню где угодно. В ванной, по душам, занимаясь по спортом, в машине. Это здорово! Не отнимает много времени. Вы можете прослушать песню 2-3 раза. Если это ваша любимая песня, вы можете слушать снова и снова, пока она не надоест.

8. Песни помогают лучше ощутить современную культуру англоговорящих стран. Что люди думают, чувствуют, как они выражают свои мысли и чувства.

Мы можем услышать, прочувствовать что люди в англоязычных странах чувствуют. Мы можем понять их мысли, то как они выражает свои мысли мы можем все это услышать и прочувствовать.

Какую музыку слушать?

1. Слушайте то, что вам нравится.

2. Выбирайте современную музыку. Начните, например, с поп-музыки.

Почему поп-музыка? Потому что, там встречается современный английский разговорный язык, все те фразы которые они употребляет в обычной жизни.

3. Выбирайте песню с историей, которая будет вызывать у вас ассоциации.

Если хотите изучать английский язык с нуля, на начальном обучения песни будут детские. В обучение более к сложным песням можно немного позже, когда вы уже освоите язык и пополните свой словарный запас.

Литература:

1. Чуканова З.Т. "Песни как мотивирующий способ изучения английского языка"
2. Веренинова Ж.Б. Роль песни при обучении английскому произношению. // Иностранные языки в школе. – 1998. — №6, С. 65 – 70.
3. Веренинова Ж.Б. Песня как методический приём при фонетической отработке английских срединных сонантов. // Иностранные языки в школе. – 2000. — №5, С. 26- 31.

Түйіндеме: Бұл мақалада ән арқылы ағылшын тілін тиімді үйрену қарастырылады. Ән лирикасының мазмұнында сөйлесуде қолданылатын сюжет, тілдік айналым, сөздік құрам, грамматикалық құрылымдар кездеседі. Егер сізге ағылшын тілінде ән тыңдау ұнаса, онда өзіңіздің ағылшын тіліңізді дамытуға неге қолданбасқа.

Resume: The article examines the effective study of English with the help of songs. Song lyrics contain a plot, speech turns, vocabulary, grammatical structures, which we can use in conversation. If you like listening to songs in English, then why not use them to develop your English.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АЛҒАШҚЫ ТҮСІНІК АЙТУҒА ҮЙРЕТУ -
ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ**

Әмірхан П.

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының ІІІ курс студенті
Ғылыми жетекші: оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі
Ахметова Г.Х.

«Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп Н.Ә.Назарбаев өзінің 2007 жылғы халыққа арналған жолдауында атап көрсеткеніндей, білім беру жүйесінде ерте жастан ағылшын тілін іске асыруды қолдаймын.

Елімізде мемлекеттік тілмен бірге ағылшын тілінде белсенді түрде үйрену мәселесі көтеріліп жатқанда ағылшын тілін мектеп жасына дейінгі балалардан бастап үйрету өте қолайлы. Мидағы ес іздері немесе энграмма пайдаланған сайын нығайып күшейеді. Сондықтан неғұрлым көп естіп білуге ынталанған балалардың еске сақтау қабілеті соғұрлым жоғары дәрежеде дамиды. Ал ерте жастан балаға көңіл аудармай оның жан-жақты дамуына көмек жасамасақ оның ақыл-ой, қабылдау, есте сақтау қабілетері баяу дамиды. Себебі, баланың дамуы кішкентайынан бастап қалыптасқандықтан, тілді үйрету мәселесін де ерте бастаған тиімді екені айтылуда.

Оқыту әдісінің бастапқы кезеңінде сұрақ - жауап әдісі қолданылады. Себебі, диалог оқушыларды қарапайым ауызша сөйлей білуге үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар, тыңдай отырып ұғына білуге және өз ойын жеткізе білуге үйретеді.

Диалогты оқыту әдісін пайдаланып қана қоймай, оқушылардың өз еркімен ойлау жүйесін дамыту мақсатында ішкі ойлау жүйесін (монологты) біртіндеп дамыту қажет. Бұл тұрғыда, біз мазмұндауға арналған жаттығулардың бәріне тоқталып жатпаймыз.

Біріншіден, мазмұндауға арналған жаттығулар – күрделі, сондықтан балалар оны мұқият ұғып алу керек. Мазмұндау жүйесі дұрыс жүргізілсе, жеке тұлға бойында мынандай бейімділік қалыптасады: қиял, өз бетімен жұмыс, шығармашылық. Мәтін бір болғанмен, оқушылардың қабылдауы әр түрлі болып келеді.

Екіншіден, мазмұн айту-жаттығу жұмыстарының ең күрделісі, сондықтан әуелі мұғалімнің жетекшілігімен сыныпта оқытылуы тиіс.

Үшіншіден, мазмұн айту- оқушылардың алғыр білімі мен шеберлігін қажет ететін жаттығу жұмысы, сондықтан тексті оқытпас бұрын өз еркімен ойлай отырып, мазмұн айтуға ұзақ уақыт дағдыландыру қажет.

Оқушыларға мәтінді мазмұндауға көшу үшін жаттығуларды толық орындай отырып, механикалық жаттаудан өз ойын айқындап мазмұн айтуға ұзақ дайындау керек.

Кеңірек тоқталатын болсақ,өзіндік ойлау жүйесін дамыту мақсатында мазмұн айтуға көп тапсырмалар берілген. Бұның барлығы өзіндік оқыту жүйесінде қолданылады. Бірақ, мұны 2 топқа бөлуге болады:

1. Сөздік қор мен ойды дамытатын жаттығулар
2. Логикалық ойлауды қалыптастыратын жаттығулар.

Оқытудың алғашқы сатысында:сөзді жаттау,тілдік үлгідегі ұғымды түсіндіру,өлең және т.б. орын алады.[1,44б.]

Бұл жаттығулардың мақсаты-оқушылардың өз ойын толық жеткізуге мүмкіндік береді Сондықтан ауызша сөйлемдерді енгізген кезде He has a ... This is aОқушы материалды игеріп қана қоймай,автоматты түрде тез ұғып алып,ұғымдарды дұрыс қолдана алатындай етіп жүргізу қажет.(бірыңғай сөйлемдерді құру) Бұл жұмысты орындауға көмек болатын әр түрлі қойылымдық жаттығулар бар,мысалы:

1) Мұғалім сөйлемді оқиды: “ Arman,take a pen!” Соңғы сөзді ауыстырып айту үшін,суретте көрсетілген заттың атауын табуды ұсынады.Алдымен оқытушы өтімді жауапты талап етеді. Содан соң,жеке сұрақтар қояды.(әрбір оқушы 2-3 сөйлемнен айтады)

2) Мұғалім де сол сөйлемдерді айта отырып,оқушыларға таныс сөздермен алмастырып айтуды ұсынады.

Бұл жаттығудың нұсқалары оқушыларды өз бетімен жұмыс істей білуге үйретеді.

3) Мұғалім сөйлемді оқиды: “Amina,take a pencil!” Оқушылар кез-келген сөзбен алмастыру керек. Содан соң сөйлемді ауыстыру қажет “Bagdat,open the window!” “Ernazar,close your copybook!”

Бұл жаттығу барысында оқушылар арасынан әр түрлі нұсқалар қалыптасады. Әр түрлі бұйрықты сөйлемдер айтылады. Бір үлгі арқылы әр түрлі тілдік тұлғалар толықтырылады.

Оқытушы сөйлемдерді қысқартуға және сөйлемдерді толықтыруды ұсынады Бұл сөйлемдердің оқушыларға ағылшынша сөйлемді өз бетімен құруға септігі мол.

Мұғалім сөйлемді оқиды: “I see two green pencils in the red box.”

Оқушылар сөйлемді бір сөзден қысқарта отырып айтады. Хормен барлық сөйлемдер қайталанады.

Мұғалім басқа сөйлемді айтады: “This is a cat.”және анықтауыш болатын сөздерді қоса отырып әр түрлі сөйлем құрауын ұсынады

Өз жұмысымда мынадай сөйлемді кеңінен қолданамын. Мысалы,мұғалім сөйлемді айта отырып,оқушыларға рифмикалық сөйлем беруді ұсынады

Мұғалім: I have a stick.
Оқушылар: We see Nick.
Мұғалім: Ann has a kite.
Оқушылар: My cat is white.

Көбінесе біз оқушылардың өз ойын айтуға қатысы бар жаттығулардың түрін орындатқызамыз.

Бұл жаттығуға кеңінен тоқталайық:

1. Мұғалім суреттің түр-түрін іледі. Оқушылар әр суретке бір сөйлемнен атау береді. Осы атаулардан әңгіме құрайды. Содан соң, барлық сөйлемдер хормен айтылады. Мұнан соң, мұғалім суреттерді алып, 2-3 оқушыға әңгімені қайталауды ұсынады. Содан соң тапсырма күрделене түседі: суреттер қайта ілініп суреттерден 2-3 сөйлемнен құратады оқушыларға сол сөйлемдерді айтқызып,суреттегі детальдардан сөйлем құрайды.

2. Мұғалім сюжеттік суретті көрсетіп,сөйлем етіп құрастырғызады. Әңгіменің басын құрайды. Мұғалім сөйлемдердің барысынан бір сөйлемді таңдап,оқушыларға әңгіменің басы болатын сөйлем құрауды ұсынады. Сонымен,әр түрлі сөйлемнен бір әңгіме шығады. Құралған әңгіме хормен қайталанып,содан соң әр қайсысы бөлек-бөлек оқиды.

3. Мұғалім оқушыларға ауызша әңгіме ұсынады. Айтылып жатқан әңгімеге сай келетін суреттер қойылады. Әңгімені аяқтаған соң,мұғалім оқушылардан әңгімені суретке қарай отырып айтқызады. Бұл жаттығу күрделене түсуі мүмкін: мұғалім үнсіз суреттерді іліп, әңгіме құратады, 2-3 минуттан соң бір оқушы әңгімелейді. Ал қалғандары тыңдай отырып толықтырады, қатесін түзейді.

4. Мұғалім оқушыларға кез-келген бір әңгімені айтады. Әңгімені аяқтаған соң, әңгіменің басын ойдан ойлап шығаруды өтінеді. Әркім өз нұсқаларын айтады,ішінен ең жақсысын таңдайды.

5. Мұғалім оқушыларға өткен тақырып бойынша шағын әңгімеге құрылған материалды оқиды. Одан кейін оқушылардан бір сөйлеммен әңгіменің тақырыбын сұрайды.

6. Мұғалім сөйлемді негізге ала отырып оқиды,және әңгіме қарауды өтінеді. Мұғалім жақсы және қызықты шыққан әңгімені өте жақсы деп бағалайды[2,74б.]. Оқушылар өз бетімен орындайтын мазмұндауға арналған тапсырмаларды орындамас бұрын сыныпта тапсырмаларды көп орындауы тиіс. Сол уақытта ғана мазмұн айту өз бетімен орындайтын тапсырмаға сай келеді. Аталған әдістер мен әдістемелердің қолданылуына байланысты оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығының артқанын сабақ барысында байқауға болады.

Ағылшын тілін оқыту процесінде өлеңдермен өрнектеп өткізуде төмендегідей әдістемелік принциптерге бағынышты болуға тиістіміз:

1. Пайдаланатын өлең мазмұны жағынан сабақтың және тілдік материалмен да өмірмен байланысты болуы керек. Сондай-ақ олардың мазмұны да өмірмен байланысып, тәрбиелік мәнге ие болуы керек.

2. Өлеңді текстпен жұмыс істеу оқушылардың оқу процесіне белсенді араласуын қамтамасыз етуге негізделуі тиіс.

3. Жұмыстың бұл түрі сабақтың көп уақытын алмауы керек, өйткені ол оқушылардың жеңіл ермегіне айналып, көңілін бөліп, оқу материалын меңгеруге кедергі жасайды.

4. Өлеңді текстпен жұмыс істеуді жоспарлағанда кез келген мүмкіндікті пайдаланып, көрнекі құралдарды барынша молайту қажет. Осының бәрін айта отырып, шетел тілін оқыту процесінде, қай тәсілмен жұмыс істесек те көрнекі құралды сабақта көп пайдалануымыз керек. Сонда ғана сабағымыз әсерлі болып, жандана түседі.

Оқу біліктілігін меңгеру мақсатында ортадан жоғары деңгейде жұмысты күрделендіріп, көптеген жұмыстарды іске асыруға мүмкіндік туады. Сондықтан ауызша сөйлеуді меңгеруде мәтінмен жұмыстың да маңызы зор. Мәтінді ауызша мазмұндау үшін тіл үйренушілерді жазбаша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, жоспар құруға, сондай-ақ белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету, жаңа технологиялар және тәсілдерді қолдана отырып, ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту әдістері қолданылады. Көлемді мәтінді оқып қана қоймай, көру арқылы мазмұнын түсініп мәтіннің мазмұны бойынша түсінгенін айта білу. Сондай-ақ өз бетімен әңгіме құрап, мәтінге байланысты қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөйлеуге дағдыландыру. Бұқаралық, ақпараттық хабарларды оқып түсіну (газет, журнал материалдары, теледидар хабары) мен талқылауда белсенділік танытып, біліктілікті жоғарылату жұмыстары басшылыққа алынады

Ауызша сөйлеуді үйретуде әр түрлі технологияларды пайдаланған тиімді. Мысалы, қазіргі білім беру үдерісінде еніп жатқан инновациялық технологияларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Яғни, біз деңгейлеп саралап оқыту технологиясында білім алушыларға деңгейлік тапсырма беру арқылы әр баланы ауызша сөйлеуге үйретеміз. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең біріншіден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсіндіру қажет. Кейін осы жаңа сөздері бар фильмдер көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргіздік.

Ұжымдық, топтық білім беру технологиясы түрінде ауызша сөйлеуге үйрету оқушылар мен мұғалімдер, оқушы мен оқушы арасында іске асырылады. Біріншіден, олар бір-бірімен ауызша тілдесу арқылы қарым-қатынаста болса, екіншіден, ұжым арасында еңбек етуге үйренеді. Дегенмен әр ұстаз қандай технологияны таңдаса да ең алдымен өзі сол технологияны жете түсініп, меңгеруі тиіс. Өйткені техникалық құралдардың әрқайсысын жете білу және меңгеру — оқушы үшін ең қажетті шарт. Сонда ғана оқушылар ауызша сөйлеуге үйреніп, олардың сөйлеу дағдылары қалыптасып, сөйлеуге жаттығады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқу тәрбие үрдісін ақпараттандыру. \Қазақстан мектебі.2,2000
2. Ботағарина Г.Ағылшын тілін оқытудағы бүгінгі белес. \Білім.-74б.№3,2006
3. Қойшығұлова Л. Ағылшын тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. —2014. — № 1. — 44, 45-б.
4. Ибрагимова С.Е. Тыңдап-түсіну, сөйлеу дағдысын арттыру шеберханасы. // Респ. пед. журн. «Мастер-класс». — 2009. — № 11. — 46-б.
5. Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі // Мектептегі шет тілі. — 2011. — № 4. — 23–25-б.

Аннотация: В представленной статье авторами рассматривается вопрос формирование речевых навыков у школьников. Исследователями приведены принципы условно-речевых упражнений.

Resume: In this article, the authors consider the formation of speech skills of school children. The researchers presented the principles of conditionally-speech exercises.

ӘОЖ 81-13

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ШЕТЕЛ ТІЛІ РЕТІНДЕ ҮЙРЕНУДІҢ МАҢЫЗЫ

Байдуллаева Ұ.Н., Жанарыстан Ж.М.

5B011900-“Шетел тілі:екі шетел тілі” мамандығының 2 курс студенттері

*Ғылыми жетекші: **Боранбаева А.Б***

*Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы,
п.ғ.магистрі*

Қазіргі уақыт нарық заманы пен ақпараттың заманы. Өзге алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіріп, солармен бірге еңсемізді тіктеп жүргіміз келсе, бәсекеге қабілетті болуға тиіспіз. Бәсекеге қабілетті болу үшін саналы ұрпақ пен сапалы білім қажет. Білім саласы жөнінде сөз қозғағанда, оның сан қырлылығын байқауға болады. Соның бір қыры ретінде бүгінгі таңда білім беруді жүргізу тілі жайында болып отыр. Біздің мемлекеттік тіліміз қазақ тілі. Елбасымыз айтқандай қазақ тілі ана тіліміз бен мемлекеттік тіліміз болса, орыс тілі біздің халықаралық тіліміз, ал ағылшын тілі біз үшін мәдениетаралық тіл. Ана тіліміз қай кезде болмасын басты назарда болып, ұлттық мәртебесі әрдайым биік. Өйткені ұлттық тіліміз тұғыры арқылы өзге ұлт тілдерін үйреніп елімізді өркендетеміз. Шетел тілін, яғни ағылшын тілі арқылы әлем әдебиеттері мен классиктерін, олардың ашқан жаңалығын, бізден көш ілгері болған дүниелерін көріп, ұлтымыздың жақсысын асырып әлемге танытамыз. «Жақсыны көрмекке» деп бекер айтпаса керек, дана халқымыз. Ал әлемнің бізге ұсынған білімдерін танып білуде шетел тілдерін білудің маңызы зор.

Тіл - қастерлі, қасиетті ұғым. Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлылығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан Ассамблеясында айтқан болатын. Ал, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығын» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды міндеттеді. Міне, сол уақыттан бері тілдер мәселесі бойынша жұмыстар жүргізіліп, олардың нәтижелеріде өз жемісін бере бастады десек қателеспеген болармыз. Дәлірек айтқанда қазіргі таңда кезінде бірінші сынып пен дайындық сыныбында өткізілетін бағдарламалардың басым бөлігін балалар балабақшада үйреніп, мектеп қабырғасына үлкен дайындықпен келеді. Өз кезегінде мектептегі берілетін білім мазмұны да жаһандану саясатына байланысты өзгерістермен

айқындалуда. Өйткені үштілді білім беру үдерісі барысында жаратылыстану ғылымдары кіріктіре оқыту мен билингвалды сабақ түрлері арқылы мектеп оқушылары шетел тілі білімдерін кеңейтіп, білім беру үдерісі кемелденуде. ХХІ ғасыр балалары балабақшадан ағылшын тілінде ауызекі сөйлеуді үйреніп, мектеп қабырғасында жаратылыстану ғылымдары ағылшын тілінде өтіліп, жоғарғы оқу орнына барғанда ағылшын тіліндегі кәсіби білімді алып, толыққанды үштілді тұлға болып қалыптасады. Әрине, тұлғаның қабілеттері мен біліктілік деңгейі де маңызды. Осы тұста, ағылшын тілі маманының біліктілігі мен кәсіби шеберлігінің жоғары болуы маңызды. Өйткені берілетін ағылшын тіліндегі білімді ана тіліндегі мағлұматтай етіп сыныптағы тілдік қарама-қайшылықты жою мұғалімнің құзыреттілігінде болмақ. Ағылшын тілін үйрету тек қаладағы балабақшаларда ғана емес, ауылды жерлерде де қолға алынуда. Бүлдіршіндерге арналған оқулықтардың мазмұны қызықты, әрі тартымды етіп жасалған. Тілді үйренуші балалар ойын түрінде, өлең айту арқылы, сонымен қатар қосымша «Балапан» телеарнасынан берілетін ағылшын тіліндегі мультхикаялар көмегімен тілді жеңіл игере алады. Жоғары да айтылған мәселелер балаларға шетел тілін үйретуге байланысты, ал енді осы бүлдіршіндерге ағылшын тілін үйрететін болашақ мамандар жайында айтсақ. Жастар- қоғамның белсенді өкілдері. Жастардың басым бөлігі шетел тілін меңгеріп, білімдерін шетелде жалғастыруды армандайды. Шетел тілін меңгеру тек қана шетелде білім алу ғана емес, сонымен қатар жас маманға көптеген мүмкіндіктер береді. Қазіргі таңда үштілде еркін сөйлейтін мамандарға сұраныс жоғары және де жақсы жұмыс орнына да тұру сас қиындықтар әкелмейді.

Ағылшын тілін үйрену бүгінгі заманның ең басты талабы. Кез-келген жұмыс орнына орналасарда ағылшын тілін білсеңіз, еркін сөйлей алатын дәрежеде болсаңыз, өзіңізге жақсы. Себебі ағылшын тілін игерген маман жерде қалмайды, керісінше жұмысында табысты болып, жоғарылай бастайды. Тіпті қазіргі үштілді саясат барысында кейбір ағылшын тілі ұстаздары жаратылыстану ғылымдарын қосымша оқып алып, сол пәндерден сабақ беріп жатқан жағдайлары да баршылық. Білім үйрену ешқашан да кеш емес. Бәрі тұлғаның өзіне байланысты, қызығушылығы мен талабы арқасында қалаған деңгейге қол жеткізуге болады. Жастар және ағылшын тілінің болашақ мамандарына шетел тілін үйренуге қатысты ұстаздар әрдайым төрт түрлі дағдыны алға тартады. Олар сөйлеу, оқу, жазу және тыңдап-түсіну. Әрбір тілді үйренбес бұрын ең бірінші тыңдап-түсіну қажет. Студенттер арасында шетел музыкасын, әндеріне қызығушылық жоғары, олар шетел тіліндегі өлеңдерді жаттап, жаңа сөздермен тіл байлығын кеңейтеді. Сөйтіп шетел тілі қызығушылық арқылы жеңіл игеріледі. Мұны біз адамның ырықсыз зейінімен байланыстырамыз. Сонымен қатар шетел тіліндегі өлеңдерді тыңдау арқылы сөздерді дұрыс және орынды қолдануға бейімделуге болады. Ағылшын тілін игеруде тілдік қосымшалар мен сайттар жайында айта кеткеніміз жөн. Жазу дағдысын жетілдіруге Rong-chang, Breaking news

English және Dictationsonline сайттары септігін тигізеді. Сонымен қатар ғаламтор желісі онлайн кітаптар қорына өте бай. Мысалға, Storynory — ағылшын тілін жаңадан үйреніп бастағандар үшін таптырмас құрал. Loyal Books — түрлі жанрға жіктелген ағылшын тіліндегі кітаптардың алтын қоры. Scribl — бұл бағдарламада тегін әрі ақылы кітаптар бар. Ғаламторда берілген кітаптар оқумен қатар, онлайн тыңдау мүмкіндігі болғандықтан шетел тілін үйренушілерге таптырмас көмекші. Шетел тілін үйренуде әлеуметтік желілерде біршама көмектеседі. Әлеуметтік желілер арқылы өзге ұлт өкілдері мен тілдесіп, сөйлеу дағдыларын жетілдіруге болады. Өйткені қазіргі кезде барлық ұлтқа түсінікті, әрі үйренуге ұмтылатын тіл ол –ағылшын тілі. Ағылшын тілі халықаралық тіл және осы тілде көптеген ғылыми оқулықтар жазылған. Ал білімнің осы сарқылмас бұлағына жетіп, шетелдік оқулықтар мен құрылғылардың тілін білу үшін ағылшын тілін меңгеру жастар үшін басты міндет.

Қорытындылай келе, өзге тілді үйрену арқылы өзге ұлт мәдениетімен танысып, ой-өрісімізді кеңейтеміз. Қазіргі таңдағы ана тіліміздің әліпбиін латын тілінің әліпбиіне ауыстыруы және де жаратылыстану ғылымдарын ағылшын тілінде жүргізу қоғамымызды жаһандандырудың алғы шарты болмақ. Осы мақсатта біз болашақ мамандар білімімізді жетілдіріп, кәсіби білікті маман болуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2000-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2 <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/alem-alaqanda/18381/>

***Аннотация:** В этой статье написано о текущей языковой ситуации в Казахстане. Текущее состояние и будущее трехязычного образования, а также важность английского языка.*

***Resume:** This article is written about current situation of languages in Kazakhstan. Current state and future of trilingual education and considered the importance of English language.*

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АУТЕНТТІК МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Байжумина З. Б.

5B011900 «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Штатбаева Г.С

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Қазірде ақпараттық білім алатын кеңістік даму үстінде. Мектептің оқу процесі қоғам сұранысына байланысты өзгеріп отырады. Біздің заманымызда ағылшын тілін білу қалыпты жағдайға айналады өйткені компьютерлік, экономикалық және палитикалық терминдер ағылшын тілінде жүргізіледі. Ағылшын тілін халықаралық қарым-қатынас тілі деуге болады. Тілдік қарым-қатынасты игеру компоненттері мыналар: сөйлеу, аудио, оқу және жазу. Осы құрылымды пайдалану тілді жеттік білуге итермелейді. Қазіргі заманда адамның өмірінде оқу үлкен орын атқарады, себебі оқу бүгінгі күндегі ақпараттық негізгі және жетекші көзі болып табылатын кітап пен басқа да баспа өнімдеріне жол ашады. Оқу өте күрделі процес, оның екі жағы бар:

- мазмұндық жағы;
- процесуалдық жағы.

Осы екеуінің ішінде оқудың мазмұндық жағы жетекші рөл атқарады. Ол үшін сабақ мақсаты және нәтижесі мына тәртіппен өткізілуі керек: оқушылардың терең және сапалы білімдермен қамтамасыздануы; оқытуда өзін-өзі қалыптастыру, дамыту, өз бетімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу; жалпы адамдық құндылықтарды қалыптастыру. Аутенттік материалдарды оқып түсіну ағылшын тілін оқытуда жақсы құрал болып табылады. Тілді үйренудің бұл түрі оқып-үйренудегі тілді дыбысталу жағынан білуге көмектеседі. Аутенттік материалдар тілдің лексикалық және грамматикалық біліктілікті жақсартады.

Бұл тілді меңгеруде күнделікті жаттығулардың арқасында оқушыларда логикалық ойлау қалыптасады және олар анализ, синтез, дедукция, индукция, салыстыру, конкретизация және т.б. күрделі операцияларды орындауға қабілетті бола алады.

Бірінші айта кететін болсақ, ол сабақтардағы аутенттік материалдарды оқып түсінудің орны ерекше. Оқытудың бұл түрі әр сабақта кездеседі және басқа деңгейде қалыптасады. Екіншіден, оқытушы сабақты әрқашан оқушыларға ағылшын тілінде түсіндіргісі келеді және оқушыларда оқытушы сұрағына ағылшын тілінде жауап бергісі келеді. Олар ағылшын тілінде тапсырмалар орындағысы келу себептерінен.

Оқу процесін іске асыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды екі топқа бөлуге болады:

-оқу техникасымен байланысты іскерліктер мен дағдылар, яғни графикалфикалық таңбаларды қабылдап, оларды белгілі бір мағынамен ұштастыру іскерліктері мен дағдылары;

-қабылдаған мәтіннің мазмұнын түсінумен, яғни әр деңгейдегі тіл бірліктерінің арасындағы мазмұнды анықтаумен байланысты іскерліктер мен дағдылар. Нағыз оқуда қабылдау процестері мен оның мәнін түсіну процестері бір-бірімен тығыз байланысты, себебі олар бір мезгілде өтеді және бір-біріне ықпалын тигізеді [1].

Мәтіннің мазмұнын түсіну барысында оқырман мәтінде берілген фактілердің ішінде ең бастыларын анықтайды, жинақтап қорытады, бір-бірімен ұштастырады, оларға баға беріп, түсіндіреді, осы фактілерге байланысты белгілі бір қорытынды жасайды.

Берілген мәтінді оқып, мазмұнын түсіну де әр түрлі сипатта өтетіні анық. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын толық, дәл және түсінуге тиіс. Оқу іскерліктерін дамытудың нәтижелілігі оқитын мәтіндердің сипатына байланысты. Сондықтан оқуға арналған мәтіндер төмендегідей талаптарға сәйкес болуы тиіс:

-мәтіндер мазмұнының тәрбиелік тұрғыдан құнды болуы;

-мәтіндер мазмұнының оқушылардың жастарына, тілек-талаптарына, интеллектуалдық даму деңгейіне сәйкес болуы;

-оқуға арналған мәтіндерде тілін үйренетін елдің тарихы, экономикасы, саяси өмірі, әдебиеті, мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы мағлұматтар болуы;

-аутентикалық мәтіндердің басым болуы [2].

Соңғы жылдары ғалымдар мен әдіскерлер шетел тілі оқулықтарына аутентикалық мәтіндерде кеңінен енгізуді жақтайды. Аутентикалық мәтін дегеніміз адаптирленген, бейімделген емес, яғни жасанды мәтін. Бұл тілін оқып, үйреніп жатқан елдің реальды өмірін сипаттайтын, қазіргі болмысын көрсететін мәтін. Аутентикалық мәтіндерді оқушы оқи отырып, өз елін, тілін үйреніп жатқан тілмен салыстырып, сын елегінен өткізіп, ой-өрісін дамытып, терең жан-жақты білім алып, рухани, саяси-идеялықтұрғыдан тәрбиеленуіне мүмкіндік алады. Аутентикалық мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар мәтіннің жекеленген бөліктерін бір-бірімен ұштастыруды, фактілер мен оқиғаларды логикалық, хронологиялық тәртіппен ұйымдастыруды, фактілерді топтастыруды, оқиғалар арасындағы байланысты анықтауды үйренеді. Оқушы сонымен бірге мәтіннен алынған ақпаратты өңдей отырып, қорытынды шығарып, мәтінің идеясын, түпкі ойын анықтап, оларды бағалай білуді, оларды өздерінің білімдерін тәжірибелерімен ұштастырып үйренеді. Аутентикалық мәтіндермен жұмыс төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- мәтінді оқуға дейінгі кезең
- тікелей мәтінді оқу кезеңі
- мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезең [3].

Мәтінді оқуға дейінгі бірінші кезеңде біз оқушылардың мәтінді оқуға деген құштарлықтары мен қызығушылықтарын оятуға тырысамыз. Ең алдымен біз оқушылардың назарын мәтін тақырыбына аударып, қажетті жағдайда, суреттер, модельдер және т.б. көрсетіп, оқушылардың болжау іскерліктерін дамытамыз. Аутентикалық мәтіндерде, әрине, қысқартылған сөздер, біздің болмысымызға тән емес эквиваленті жоқ сөздер, сөз тіркестері, қиын сөздер болуы мүмкін, сондықтан бұл қиындықтардың алдын алу үшін, бұл сөздерді түсіндіріп кетеміз. Ең бастысы бірінші кезеңде мәтін мазмұнына байланысты еш хабар айтылмағаны жөн, әйтпесе оқушылар мәтінді оқуға тырыспайды.

Екінші кезең мәтінді тікелей оқу кезеңі. Оқушылар мәтінді оқиды, мазмұнын түсінеді, мәтін мазмұнындағы ақпаратты толық түсіну қажет болса, яғни зерттей оқу түрінде, онда мұғалім оқушыларды қатыстыра отыра кейбір сөйлемдерді талдатып, ана тілдеріне аудартып, мәтін мазмұнын 100%-ға түсінгенін анықтайды. Ал таныса оқуда оқушылар мәтіндегі барлық негізгі, басты фактілерімізді міндетті түрде түсіну қажет, яғни басты ақпаратты дәл түсіну керек. Оқудың қарап шығу түрі оқушылардан өте жоғары дәрежеде дамыған оқу іскерлігін талап етеді [4].

Мәтінді оқып болғаннан кейінгі үшінші кезеңде оқушылар мәтін мазмұнына байланысты тапсырмаларды орындайды. Мысалы:

- мәтін мазмұнына байланысты берілген сөйлемдердің дұрыстығын/не дұрыс еместігін/ анықтандар;
- берілген сөйлемдерді аяқтаңдар/не толықтырыңдар;
- мәтінді оқып, оның негізгі мазмұнына қойылған сұрақтарға жауап беріңдер;
- берілген сұрақтарға бірнеше дұрыс жауаптар бар, дұрыс жауапты табыңдар;
- берілген сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай нөмірлендер;
- қай сөйлем мәтін мазмұнына сәйкес келетінін/не сәйкес келмейтінін анықтандар;
- мәтінге жоспар құрыңдар;
- берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтін мазмұнына дәл келетінін анықтандар;
- берілген сөйлемдерге сұрақтар қойыңдар;
- мәтін мазмұнына байланысты ой-пікірлеріңді айтыңдар/жазыңдар;
- мәтінге байланысты эссе жазыңдар;
- мәтін мазмұнындағы көтерілген мәселеге байланысты пікір-талас ұйымдастырыңдар;
- мәтін мазмұнын әңгімелеп беріңдер;
- мәтін мазмұнына байланысты сурет салыңдар;
- мәтінде көтерілген мәселеге байланысты қосымша ақпарат жинаңдар және т.б.

Мәтіннен кейін берілген тапсырмалар оқушылардың сөйлеу және жазу іскерліктерін де дамытады. Біз шетел тілі сабақтарында аутентикалық мәтіндермен осындай тәсілдерді қолданып жұмыс істеп, оқушылардың оқу іскерліктерін дамытамыз [5].

Шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселесінің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Оқыту тілі өзге тілде жүргізілетін мектептерде тіл үйрету туралы жазылған әдістемелік және ғылыми материалдарды зерделей келе, ақпараттық технологияларды пайдалану туралы мәселеге тоқталуды жөн деп санап, осы тақырыпта жинақтаған іс-тәжірибемізді ортаға салмақпыз.

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», -деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілі сабақтарында өзіміз қолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсақ:

-лексиканы меңгерту;

-мәтіндік лексиканың кіріспесінде және онымен жұмыс істеуде, мысалы, азық-түлік, сауда, киім, т.б.

Сөйлеу жұмыстары: көптеген бағдарламаларда микрофонмен жұмыс істеуді қарастырады. Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін, оқушы оны қайталайды. Бұдан соң диктордың сөзді айту, яғни дыбыстау ерекшелігін тыңдай отырып, жеткіліксіз жақтарын аңғарып, оқушы оны түзетуге мүмкіндік алады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлесу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

1 кезең: диалогпен танысу (тыңдау арқылы)

2 кезең: диалогті жаттау;

3 кезең: диалогты қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру;

Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді.

Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда тыңдап түсіну мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Тыңдап түсіну арқылы тіл қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі тиіс.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтарды осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Аталған мәселені өзіміздің тәжірибемізге жүгіне отырып шешкіміз келеді. Әр баланың аз болсын, көп болсын өмірлік тәжірибесі болады. Баланың тамырын басып, сол тәжірибелерін анықтап, өмірдегі білімдерін туған жерін сүйіп, сыйлауға баулыса, біздіңше әр оқушы іркіліп қалмас. Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек дейміз. Мысалы: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдері бір тақырыпты бір уақытта бастап, пәндер арасында тым құрығанда атауларын бала үш тілде біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа әңгіме құра білсе бір оқу жылы ішінде біршама жетістікке жетер еді. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлығының» болуы үшін,

нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу – қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай соған сәйкес қадам жасауымыз қажет [6].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанова Н.Т. Ағылшын тілін үйретудің интерактивті жаттығулар жинағы //Әдістемелік құрал, 2007, №3 Б.54-55
2. Жұмабаева А.Қ. Ағылшын тілі сабақтары //Мектептегі шет тілі, 2010, №1 Б.22-24
3. Носович Е.В., Мильруд Р.П. Параметры аутентичного учебного текста//Иностранные языки в школе.-М.:Просвещение,1999.-№1.-11-18с
4. Жұмабаева А.Қ. Ағылшын тілі сабақтары //Мектептегі шет тілі, 2010, №1 Б.22-24.
5. Примбаева А.Н.Ағылшын тілі сабақтарындағы аудиоматериалдар // Мектептегі шет тілі, 2009, №1 Б.15-21
6. Корбозова Н.Н. Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері // Мектептегі шет тілі, 2011, №2 Б.6-8

Аннотация: В статье обсуждается использование новых подходов к формированию устных речевых навыков, пути использования информационных технологий при аудировании текстов. В статье обсуждаются способы обучения говорению через целенаправленные ситуации.

Resume: The article discusses the use of advanced technologies for the development of speech habits. The authors consider the research methods and ways of communicate technologies through the directed communicative situations.

УДК: 811.111

АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Балтабаева А. А.

*Студент 2 курса специальности 5В011900 «Иностранный язык:
два иностранных языка»*

Научный руководитель: Ахметова Г.Х.

Магистр педагогических наук, преподаватель кафедры иностранных языков, русского языка и литературы факультета педагогики и филологии

Самый верный фактор в ускорении развития глобализации – это распространение английского языка. Очевидной стала необходимость усовершенствования его преподавания и выработки объективных критериев, позволяющих изучать язык более эффективно. Эта потребность стала причиной исследований, которые продолжаются в настоящее время. Последствия становления английского языка основным языком общения очевидны: культуры англоговорящих стран будут доминирующими во всем мире. Английский язык действительно продвинулся далеко вперед на пути к приобретению им статуса международного языка, а, следовательно, активно способствует процессу глобализации.

Возникновение единого международного языка помимо таких причин, как стремление наций к объединению, развитие международных и, как следствие, языковых контактов, объясняется свойствами, находящими отражение в языке и являющимися важными для понимания его развития. Потребность в международном общении – явление характерное не только для современного этапа развития мирового сообщества, подтверждением чему служат исторические факты. Нельзя однозначно утверждать, что доминирующая позиция английского языка обусловлена исключительно тем, что с 16 века это был язык торговли, завоеваний, географических открытий. Наравне с английским в этих сферах употреблялись и португальский, испанский, арабский языки. Но как оказалось, английский язык стал более распространённым и глобальным языком. Превращение английского в глобальный язык кажется уже свершившимся фактом. Языковеды в Европейском союзе обеспокоены тем, что английский язык в век новых технологий и стремительного развития как бы «поедает» языки малых народов. Однако глобализация английского вовсе не является неизбежной. Сегодня в мире в три раза больше людей говорят по-китайски, чем по-английски. В самой большой англоязычной стране – США – постоянно растёт доля людей, которые не говорят по-английски. Распространённость английского языка связана главным образом с тем, что во многих странах он является вторым официальным языком. В тех странах, где у английского нет официального статуса второго языка, многие владеют английским как иностранным. Статусные различия между вторым языком и языком иностранным не имеют значения для человека, который говорит по-английски, однако важны для самого языка. Провозглашение английского языка вторым официальным языком даёт стране право устанавливать местные языковые стандарты, которые фиксируются в словарях.

Оценить, сколько людей знают английский как второй, довольно сложно. Непонятно, какой уровень знания делает человека англофоном, поэтому оценки разных экспертов сильно расходятся. По некоторым данным, их число колеблется от 350 до 518 млн. Данные о численности людей, владеющих английским как иностранным, расходятся ещё сильнее – от 100 млн. до 1 млрд. Несмотря на сложности с подсчётами, большинство экспертов сходятся в том, что число людей, для которых английский является вторым или иностранным языком, уже превысило число коренных носителей языка. И этот разрыв со временем будет лишь увеличиваться. Здесь следует отметить, что большинство пользующихся английским языком владеет им далеко не «в совершенстве» (при том, что эта часто встречающаяся формулировка вообще условна). Типичными являются скорее ограниченные познания и затруднённая, а часто примитивная, речь. Это, однако, никак не влияет на масштаб тенденции глобализации английского языка, которая не показывает никаких признаков исчерпания или даже ослабления.

Исследуя разные мнения по поводу глобализма этого языка, я посчитала нужным отметить следующие отрывки. По мнению Д.Кристалла, английский язык вышел за рамки любой формы социального контроля. Ключевую роль в дальнейшей судьбе глобального английского будет играть состояние дел внутри Соединенных Штатов. Делая долгосрочный прогноз, он рассматривает два пути развития событий. Согласно оптимистическому сценарию английский станет частью богатого многоязычного опыта будущих поколений, в то время как пессимистический сценарий предполагает, что мир станет полностью англоязычным.

Дэвид Грэдол отмечает, что дальнейшее увеличение количества людей, использующих английский в качестве второго или иностранного, может разрушить существующую языковую иерархию. Выбор языка определяется сложной системой факторов, таких как демографические изменения, урбанизация, новые формы коммуникации, международное разделение труда и др. В настоящее время все они претерпевают значительные изменения что, безусловно, отразится на статусе глобального английского.

Том Макартур проводит геополитическую параллель между современным английским и историческим латинским. Он показывает, как некогда единая, монолитная модель английского языка в последние годы становится все более плюралистической. Значительное количество новых разновидностей английского, возникших за последние пятьдесят лет, в будущем может привести к образованию языковой семьи. По-видимому, можно согласиться с мнением Д. Грэдола о возможности возникновения новой языковой иерархии, в которой английский займет более скромное место.

Ситуация, сложившаяся с английским языком в XXI в., действительно уникальна. Никогда прежде ни один из языков не получал такого распространения за столь короткое время. Уникальна и социально-экономическая ситуация, на фоне которой происходит это явление.

В современном западном обществе идут процессы, направленные на разрушение всякой идентичности: религиозной, национальной, гендерной. В основе этих процессов лежит идея свободы. В самой идее нет ничего плохого, но, вытесняя все другие ценности, она становится разрушительной и опасной. Сейчас свободное владение английским сегодня не так важен для языковой глобализации, как факт активного использования. Для сравнения: самый распространенный язык в мире – диалект китайского языка – насчитывает около 1 миллиарда носителей, а английский – около 400 миллионов, но английским, по данным Британского Совета, регулярно пользуются (не будучи носителями) еще около 2 миллиардов человек. Кроме того, глобальная интернет-коммуникация, основным инструментом которой исторически смог стать английский язык, неумолимо расширяет состав «пользователей» глобального языка. Когда представители «поколения гаджетов» будут составлять большинство человеческой популяции, действие указанных тенденций усугубится. Признаки этого можно видеть уже

сегодня. Например, ООН в настоящее время использует пять официальных языков: английский, французский, испанский, русский и китайский, однако около 90% международных организаций используют английский в качестве, по меньшей мере, одного из их официальных языков (в то время как французским пользуется уже менее 50%). Мало того, приблизительно одна треть международных организаций используют в качестве официального исключительно английский язык, причем эта цифра возрастает – свыше 90% среди азиатских международных организаций. А.А. Соловьев добавляет к этому, что характерной чертой современного общества является стремительное развитие новых видов общения, порожденных техническим прогрессом: телефаксы, телешоу, телемосты, Интернет. В качестве орудия, формирующего язык, личность и общество в целом, Интернет имеет и функцию усиления позиций английского языка как средства международного общения и нивелирования национальных особенностей

Интернет достаточно часто приводится в качестве одного из главных доводов а пользу того, что английский становится глобальным языком. По сегодняшним оценкам, примерно 80% интернет – ресурсов являются англоязычными. Однако число интернет – пользователей, не говорящих по – английски, растет быстрее, чем число англоязычных. Согласно исследованиям Euro Marketing Associates, 44% сегодняшних пользователей Интернета используют английский язык лишь для работы.

В заключении хочу вернуться к проблеме глобализации английского языка, следует отметить, что он не только оказывает влияние на другие языки, но и сам подвергается изменениям. Основное преобразование английского как языка глобального состоит в его упрощении. Таким образом, глобальному английскому языку присуща та характеристика, которую создатели искусственных языков называли преимуществом международного языка – простота.

Список литературы:

1. Какуридис Т., Манян М. Глобальный английский: взгляд европейца // <http://www.miresperanto.narod.ru/kiononiskribas/globalnyangliskij/29.07.2003>.
2. Морковкина Н.А., Кулинич М.А. Географический и социально-этнический аспекты функционирования англицизмов во французском языке Канады // Эколингвистика: теория, проблемы, методы. – Саратов: Научная книга, 2003. – С. 45.
3. Палажченко П. Р. Диалог культур в языковом пространстве мира. – М.: Свободная мысль-XXI, 2004.
4. Соловьев А.А. Espanglish на языковой карте мира //– Москва, 2003. – С. 231-232.
5. Шаповалов Ю.А. Взаимодействие культурно-исторических и собственно языковых факторов в процессе взаимодействия языковых единиц
6. Rivers, Wilga M. & Temperley, Mary S. 1978, A Practical Guide to the Teaching of English as a Second or Foreign Language, Oxford University Press. Кибер Ленинка: <https://cyberleninka.ru/article/n/angliyskiy-yazyk-kak-globalnyy-za-i-protiv>

Түйіндеме: Мақалада лингвистикалық жаһанданудың әртүрлі аспектілері талданады, ағылшын тілі жағдайлары жаһандық жағдай ретінде анықталады. Ғаламдық мәртебесін алуды алдын-ала белгілеген ағылшын тілінің ерекшеліктері анықталды. Қазіргі уақытта лингвистикалық жаһандану динамикасының проблемалары мен перспективаларын талдауға ерекше көңіл бөлінеді. Лингвистикалық жаһанданудың логикалық және парадоксикалық салдары анықталды.

Resume: The article analyzes various aspects of linguistic globalization, defines the conditions and factors, the status of the English language as global. Specific features of the English language are determined, which predetermined the receipt of their global status. Special attention is paid to the analysis of problems and prospects for the dynamics of linguistic globalization at the present time. The logical and paradoxical consequences of linguistic globalization are revealed.

ӘОЖ 81342

АҒЫЛШЫН ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫН ИГЕРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Бекеш С.Н.

*5B011900 « Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: Педагогика ғылымдарының магистрі,
аға оқытушы Штатбаева Г.С*

Әрбір жеке тұлғаның өзіндік тілі-дыбыстық тіл. Индивидтің өзінің пікірлерін, ойларын жеткізуі сөз арқылы жүзеге асады. Грамматикалық, лексикалық процесстерді анық игере алу үшін, бірінші, тілдегі дыбыстардың өздеріне қатысты қағидаттарын түсіну қажет. Фонетика тіл дыбыстарының жасалу тәсілдерін, ерекшеліктерін, алуан түрлі тіркесу қағидаттарын, сипатын, зерттеп түсіндіретін тіл білімінің белгілі бір саласы. Сондай-ақ фонетика тіл дыбыстарының жіктелуі, олардың бір-біріне тигізетін әсері, екпін, буын, тілдің дыбыстық жағы мен жазудың арасындағы қатынасы, сөздердің дұрыс айтылуы мен жазылу салалары, тіл дыбыстарының қолданысқа ену жағдайларын қарастырады. Өзге де тілдерді өз дәрежесінде толық меңгеру үшін өз тіліміздегі дыбыстардың айтылуын да дұрыс білу керек. Басқа да тілдерде оқып меңгеру үшін, ең бастысы, сол тілдің дыбыстық жүйесін, жеке дыбыстарының табиғатын тани білуді қажет етеді. Шет тіліндегі сөздерді жетік игеріп, өзіңнің жеке пікіріңді анық жеткізе алу-шетел тілін өте жақсы деңгейде игеру деген сөз.

Сөздерді нақты жеткізе білу үшін өз тіліндегі дыбыстар мен шетел тілінің дыбыстарын бір-бірімен салыстыра отырып меңгеру өте керекті болып табылады. Осы жағдайда фонетикалық әдістер, оны үйретудің жолдары пайдаланылады. Фонетикалық амалдар, тәсілдер, меңгеру жолдары тілді меңгеруге өзге тілдегі сөздер мен дыбыстардың, артикуляциясын, сөз тіркесінің айтылу жолдарын түсіндіріп, оны жетік меңгеру үшін ана тілі мен ағылшын тілін өзара салыстыру нәтижесінде игерту болып табылады.

Сондай-ақ, осы тілдегі көптеген сөздердің және сол тілге тиіс буын, екпін, интонацияның да өзгешеліктері болады. Мәселен, ағылшын тілін оқып меңгеру үшін дыбыстар жүйесін барлық жерде іздестіру кезінде, ағылшын тіліндегі дыбыстық жүйені ана тіліндегі дыбыстарды салыстырғанда ерекшеліктері көп болады екен. Дыбыстар жүйесін қарап көрместен алдын дыбыс, фонема, әріп деген мағыналардың өзгешелігіне мән беру қажет. Қ.Жұбанов, Кеңесбаев және де фонетика саласының енуіне бірден бір себеп болған ғалымдар: Бодуэн де Куртене, оның шәкірті әрі атақты лингвист Л.В. Щерба фонема жайындағы өзіндік ойлары, көзқарастары өзара сәйкес келіп, сөздің белгілі бір мағынасы мен тұлғасын тілдегі ең аз дыбыстық бірлік ретінде біледі. Фонетика тіліміздегі сөздердің шығу тегін зерттеуге, тілдер арасындағы туыстық қатынасты іздеуге, тілдің айтылу мен жазылу формаларын дәл әрі нақты игеруге жағдай туғызады.

Ағылшын тілінде 26 әріп бар болса, оның ішінде 21 дауыссыз, 5-і дауысты. Дауыстыларға тоқталатын болсақ, жалпы алғанда, төрт түрлі негізге сай оқыту заңдылықтары бойынша түсіндіріледі. Дауыстылар ашық буында әліпбидегі әріп бойынша оқылады да, алған буындарда тіпті өзге дыбыстарға өзгереді, сол себепті ағылшын тілін меңгерудің бастапқы сатысында осы дауыстылардың басты ережелеріне аса назар аудара отырып игерген жөн. Сондай-ақ, фонетикалық үйрету, өз деңгейінде жетілдіру жаттығуларын жасағанда дауысты дыбыстардың бастапқы ережелерін игеру аса маңызды болып табылады. Фонетикалық өзгерістерді түсіндіріп жеткізуде оны меңгерудің негізгі сатыларында дауыстылар мен дауыссыз дыбыстардың дұрыс істелу жолына байланысты бөлінуін және монофтонг, дифтонгоидтар жайында нақты мағлұматтар болған жөн. Дауыстылардың созылыңқылығына байланысты созылыңқы және қысқа болып жинақталуын іздестіру кезінде әр жеке дыбыстың дыбыс органдарының қатысы жайында олардың айтып жеткізілуін ұғындыру қажет. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың әрқайсысының ана тіліміз бен ағылшын тілінің салыстырмалы түрде айтылуы Г.Қ. Рысбаевтың «Ағылшын тілінің фонетикасы» еңбегінде жақсы түсіндірілген. Осыған тоқталып кететін болсақ. Мысалыға:

{i}- бұл қысаң, езулік әрі қысқа дыбыс болып келеді. Осы дыбыс жайында айтқан кезде біздің тіліміз алдыға қарай жылжып, тілдің ұшы ең астыңғы тіске тиеді, тілдің ортасындағы бөлігіне келсек, ол жоғарыға көтеріледі, алайда ана тіліміздегі «и» дыбысын айтқандағыдан кішкене төмен тұрады, екі ерін төменгі және үстіңгі тістер байқалатындай созылады. Мысалы: lip {‘lip} ерін т.б.

{i:}- тілдің алды созылыңқы, қысаң, езулік дауысты дыбыс болып келеді. Осы дыбысты жеткізгенде тіл алға қарай созылып, тілдің ұшы астыңғы тіске тиіп, тілдің ортасы жоғарыға көтеріліп, екі ерін созылып, астыңғы және үстіңгі тістер шамалы ғана байқалып тұрады. {i:}- дыбысы ана тіліміздегі (и) дыбысымен салыстырып қарағанда сщзылыңқы болып айтылады. Мәселен: tea{ti:}, deed {di:d} т.б. Ағылшын тілінде дауыстылардың тағы бір өзгеше ерекшелігі- созылыңқы дауыстылар

қысқа айтылса, сөздің мағынасы құбылады. Мәселен: sheep {si:p} қой, ship {sip} кеме. Ал біздің ана тілімізде осы сияқты өзгешеліктер болмайды. Қысқа {ə} дыбысы аса көп қолданылып жүрген дыбыс екендігіне жіті назар аударған дұрыс, барлық дауыстылар екпінсіз болған жағдайда әлсіз ретінде редукцияланып, бейтарап {ə} дыбысына айналып кетеді. Ол әрқашан екпінсіз жағдайда, әлсіз буындардың қатарынан орын алады. Және де бейнелі кесте арқылы дауысты дыбыстардың тілдің қатысына орай, жақтың ашылу орнымен тілдің жоғары қарай көтерілу деңгейіне байланысты, еріннің қатысы, сөйлеу органдарының ширақ не болмаса босаң болуына байланысты бөлінуін айтудың маңызы ерекше. Б.Д. Қисықова бойынша, оның «Ағылшын тілінің фонетикалық курсы» атты еңбегінде {ai} дифтонгын айтқанда дыбыстың сырғуына мән беру керектігін ескерткен. Мәселен: line-dine-bind-pile.

Ағылшын тілінде айтылатын с, q, x және у дауыссыздарының фонемалық белгілері болмайды, алайда практикалық базалық сабақтың негізінде ойда сақталынып, ұғынып жеткізіле бермейтін құбылыс. Ағылшын тіліндегі дауыссыз дыбыстар секілді біршама ұстанымдар негізінде топтастырылып жинақталады, осылардың бірі үн мен салдардың қатысына байланысты қатаң(voiceless), ұяң(voiced), үнді(sonorants) болып бөлінуі. Сонымен қатар, дауыссыз дыбыстардың жасалу, айтылу, жұмсақ таңдайдың қалпы, тілдің қатысына қарай жіктелуін ана тілімізбен салыстырмалы түрде қарастыра отырып жіті қадағалаған дұрыс. Шетел тілінің тілдік өзгешеліктерін салыстыра оқу процесі қазақ тілінің де тілдік құпияларын дұрыс игеруді жақсартуға көп көмегін тигізетіні анық. Ағылшын тілін меңгеру арқылы оқушы қазақ тіліндегі дыбыстардың дұрыс әрі нақты жазылу, айтылу өзгешеліктерін жеткізу амалдарын тереңірек ұғындырған да жөн. Шетел тілін үйрену мақсатында оқушылар кез келген машықтандыру жаттығуларын орындап, ондағы әліпби, дыбыс органдары, олардың қызметі, ағылшын дыбыстарының айтылу жолдары, дауыстылар мен дауыссыздардың жинақталуы, буын және екпіндердің бірнеше нұсқаларын табады, солай қазақ тілін баяғысынан әлдеқайда тез игереді. В.А. Бухбин мен В.Ш.Штраустың редакциясынан шыққан «шетел тілдерін оқыту әдістемесінің негіздерінде» оқытудың жалпы мазмұнына тілге байланысты мәліметтер дағды мен іскерліктер, сөз материалын және қазақ тілінде болмайтын тіл құбылыстарын енгізуді ұсынды. Тілдік сатыда дауыссыз дыбыстармен әліпбилік танысудан соң дауысты дыбыстардың, олармен бірге келетін тіркестердің қағидалардан бөлек оқылуының дыбысталуға сәйкестеліп оқылуы іздестіріліп көруі қажет. Мәселен, {ei}: aim, plain, game, rain, brain, day, way; a+s, n, f, th {a:} ask, task, last, fast, after, bath, path; ai+r; air, hair, chair. Тапсырмалар орындау арқылы 4 дыбысталуға сәйкес оқылатын машықтандыру жаттығуларын істеу, бұл мүмкіндік таптырмайтын тапсырма болып келеді. Мысал келтіретін болсақ, айтылу заңдылықтарына сай жинақтаңыз: balm, grasp, they, snail, stay, plant, tray, claim, path, fair, flay, answer, sail, draft, calve, bay, acid, palm, main, fray, crafty, wear say, play. Дауысты

дыбыстардың қағидаттардан тыс 4 дыбысталуға сай келмей оқытылуы да жаттықтыру тапсырмаларымен де байланысу керек, сондай –ақ лексикалық, грамматикалық мәліметтерді меңгеру кезінде, тексттерді оқуда, сөйлеу барысында, үй жағдайында оқытылатын оқу құралдарында бекітіліп, ары қарай жалғасып кетуі, саналы түрде тілді меңгерушілер үшін аса қажетті талап ретінде саналады.

Шетел тілін оқытудың әр құралдарында оқу материалы, оқулықтар, силлабус, жазба түріндегі сынақтар, электронды сөздік, көрнекіліктер, аудитивтік, аудиовизуалдық құралдар және де бағдарламаға сай оқу құралдары кіреді. Шетел тілін оқытуда қолданылып жүрген күнделікті техникалық құралдар екіге жіктеледі:

а) Аудитивтік құралдар -бұл сөздерді айтқан кезде оны жазып алып,басынан бастап айтып беретін құралдар

б) Визуалдық құралдар

Оқытуға байланысты техникалық құралдар көбінесе сабақта әрқалай мақсатта пайдаланылады. Бұл құралдардың көмегімен тілге байланысты мәліметтерді ұғындыруға, сонымен қатар іскерліктер мен дағдыларды жүзеге асыруға болады. Техникалық құралдардың алғашқы тобына диск пен магнитофонды жатқыза аламыз. Бұл құралдардың аудитивті аталуының себебі, шетел тіліндегі сөздерді оқушылар диск немесе таспаға басып, қайталап тыңдауына болады. Ал визуалдық топқа кез келген проекторлар жатады. Мұғалім осы құрылғылармен алуан түрлі суреттер, видео, кинофильмдерді оқушыларға көрсете алады. Сондай- ақ, сабақты өткізу барысында, осы құралдарды бөлек немесе бірге пайдалана алады. Оқушылар мен мұғалімдерге фонетикалық іскаерліктер мен дағдыларды дамытуда техникалық құралдар өз кезегінде үлкен септігін тигізеді. Бұл жерде ұнтаспа мен дисктер шетел тілін оқыту сабағында мұғалімнен естіген керекті сөздерін назар аудара тыңдап, дыбыстардың қалай оқылатынын, сөздердің интонациясын, екпіндерін естиді де, шетел тіліндегі дыбыстарды нақты айтуға, сөйлемдегі интонацияны, сөздердің арасындағы екпінді дұрыс қоя білуге, осыларды мүлтіксіз орындауға тырысады және үйренеді.

Фонетикалық дағдылар мен іскерліктерді жетілдіру барысында дискті қолданғаннан гөрі таспаны қолданған қолайлырақ, себебі оқытушы таспаға өзі жазады, онда әрбір дыбыстан немесе сөзден кейін үзіліс жасауға болады. Оқушылардың шамасына, үлгеріміне қарай мұғалім сөз жылдамдығын өзі өзгертіп отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Д. Қисықова «Ағылшын тілінің фонетикалық курсы» оқулығы. Қазақ университеті ,Алматы 2007, 7 б
2. Г.К. Рысбаева English Phonetics Алматы 2006, 13-17 б.б
3. Ә. Мұхсинова, Ш. Мұхтарова Практикалық фонетика, Астана-2008 33 б.
4. Е.Е.Кузнецова, «Основы фонетики английского языка» 2006, 13 стр.

Аннотация: Способы изучения английской фонетики; чтобы уметь распознавать характер отдельных звуков для изучения других языков, необходимо знать природу отдельных языков.

Resume: Methods of studying English phonetics; to be able to recognize the nature of individual sounds for learning other languages, it is necessary to know the nature of individual languages.

УДК 81

РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОГО ЧУТЬЯ И ОПОРА НА НЕГО В ОБУЧЕНИИ РОДНОМУ ЯЗЫКУ

Беков М.Е.

Студент 4 курса по специальности 5В011800 «Русский язык и литература»

Научный руководитель: Абдрашитова Р.А.

*ст. преподаватель кафедры иностранных языков, русского языка
и литературы*

Развитие языка в процесса обучения русскому языку на интенсивное речевое развитие требует максимальной опоры на природные способности человека. Не случайно, поэтому в последнее десятилетие активизировалось внимание к проблеме развития языкового чутья ребенка и построения таких методических систем, которые бы обеспечивали в школьном образовании опору на это уникальное проявление психофизиологических возможностей человека. Несмотря на то, что о языковом чутье как реально существующем факте ученые говорят с давних пор, сложная природа этого явления не до конца изучена. Вместе с тем ясно, что, во-первых, это одно из проявлений интуиции в целом как особого способа познания действительности, а во-вторых, основополагающий компонент языковой способности человека. В самом деле, языковое чутье - это реально существующий факт. Это утверждение являлось аксиомой уже для лингвистов XIX века. Так, И. А. Бодуэн де Куртенэ и его ученики строили свою научную концепцию на психологической теории сознательного и бессознательного. Лингвисты предлагали в целях наиболее полного и точного описания языка и особенностей его усвоения различать две категории: 1) знание языка (Sprachkenntnis) и 2) чутье языка (Sprachgefühl). На основе специальных опытов языковеды доказывали, что "чутье языка... не есть выдумка ученых людей, а действительно существующая категория" [1] и что она заключается в "смутном сознании", на которое опирается человек, пользуясь языком в течение всей своей жизни [2].

В дальнейшем ученые пришли к выводу, что интуитивное пользование языком опережает осознание законов языка, что "развитие родного языка начинается со свободного спонтанного пользования речью и завершается

осознанием речевых форм и овладением ими"[3] Особый интерес в разработке этой проблемы представляют современные исследования в области психолингвистики. Они неопровержимо подтверждают наличие у всех носителей языка особого "чутья" и специфических механизмов его образования. Языковое чутье интенсивно развивается в раннем детстве, когда ребенок воспринимает и "перерабатывает" речь окружающих, пытается подражать ей, а затем начинает порождать и собственные высказывания. В процессе активного речевого общения ребенок на подсознательном уровне усваивает законы родного языка, правила формоизменения, создания словосочетаний и предложений разных синтаксических конструкций, усваивает он и определенный набор наиболее употребительных словообразовательных и синтаксических моделей. К сожалению, со временем обостренное языковое чутье, так свойственное дошкольникам младшего и среднего возраста, постепенно угасает, а в школьном обучении не так интенсивно активизируется, как хотелось бы [4].

Между тем при обучении родному языку совершенно необходима опора на природное чутье языка, т.е. способность на уровне интуиции (без системы лингвистических доказательств) опознать какое-либо языковое явление, догадаться о его специфических свойствах, предугадать какие-то языковые затруднения, сообразить, какое из языковых средств является более предпочтительным в речи и т.п. В связи с этим принцип опоры на языковое чутье и его развитие признается одним из важнейших направлений, реализующихся в эффективных современных методиках, обеспечивающих интенсивное речевое развитие.

Кратко охарактеризуем несколько эффективных приемов, которые способствуют активизации языкового чутья в процессе обучения родному языку в основной школе.

Прежде всего, это прием пропедевтического анализа языковых явлений. Суть его в том, что ученикам систематически для анализа предлагаются языковые факты, еще не изученные или изученные не в полном объеме. При этом у ребенка развивается способность ориентироваться в неизвестном языковом материале по известным компонентам, сознательно применять критерии "знаю - не знаю", "умею - не умею", а само явление предстает не в искаженном или адаптированном виде, а в полном объеме, с набором всех характеристик, с которыми рано или поздно придется познакомиться ученику. Покажем это на примере. В соответствии с требованием большинства современных учебных программ по русскому языку в V классе изучаются не более трех частей речи (обычно - существительное, прилагательное, глагол). Однако установлено, что наибольшего обучающего эффекта можно достигнуть, если с самых первых уроков и на протяжении всего учебного года пятиклассники учатся опознавать все части речи. В результате уже к VII классу ученики приобретают некоторый опыт в опознавании частей речи, в том числе наречий и служебных слов, деепричастий и причастий, рассмотрение которых предусмотрено на последнем этапе изучения морфологии.

Прием пропедевтического обучения, способствующий развитию языковой догадки, языкового чутья, может быть построен и на основе работы с планами грамматического разбора. Сама по себе эта работа хорошо известна каждому учителю, а потому новизны не содержит: грамматический разбор является одним из наиболее традиционных упражнений на уроках русского языка. Суть пропедевтического обучения состоит в том, что с первых уроков уже в V классе дети пробуют проводить анализ по неадаптированным и неупрощенным планам морфологического и синтаксического разбора. При этом, конечно, ученики будут постоянно сталкиваться с такими пунктами плана, которые называют еще не изученные грамматические категории. Дети могут пропускать эти пункты плана, но в их памяти постепенно откладывается последовательность грамматического анализа. Кроме того, некоторые ученики, забегаая вперед, пробуют определить в слове, словосочетании, предложении еще не рассмотренные на уроках языковые категории, но, заметим, те категории, которыми они прекрасно владеют на подсознательном уровне - на уровне языкового чутья.

В результате такой работы у школьников формируется способность отвлекаться от конкретного языкового факта и оперировать абстрактными грамматическими понятиями, видеть проблему в представленном языковом материале и формулировать учебную задачу. Большое значение пропедевтическому анализу придается и в орфографической работе. Особенно важен этот подход в тех случаях, когда нужно сформировать общее представление о том языковом материале, написание которого подчиняется правилу, состоящему из нескольких частей, часто смешивающихся в сознании учащихся. Пропедевтический подход позволит уже на первом этапе сформировать у школьника целостное представление о том или ином правиле, о его объеме, составных частях, несмотря на то, что еще не все морфологические категории, попадающие в это правило, могут быть изучены. Так, пятиклассников стоит познакомить с тем, что пишется во всех формах глагола (в том числе и не изученной еще - повелительного наклонения: режь, режьте), в наречиях (можно дать небольшой список подобных наречий, пока без исключений). Таким образом, правило будет осмыслено в полном объеме, а в дальнейшем при рассмотрении соответствующих категорий (формы глаголов, наречия) правило закрепляется, углубляются знания за счет расширения количества слов, которые становятся объектом орфографического анализа. Прием поморфемного письма - еще один вид работы, активизирующий языковое чутье ребенка в процессе обучения. Суть этого приема в том, что при записи слова ребенок вынужден показывать его морфемное строение очень простым способом, - отделяя морфемы друг от друга черточками (рас-с-прос-и-л-а, пред-двер-и-е, вод-ян- ист-ость-ю, со-при-кос-ну-вш-его-ся). Обучающая сила этого приема заключается в том, что он заставляет ученика определять морфемную структуру слова не после записи (как это происходит при морфемном разборе), а в процессе написания слова.

Школьники одновременно выполняют орфографический и морфемно-словообразовательный анализ слова, в результате чего появляется запись, которая наглядно демонстрирует суть основного орфографического принципа - единообразное написание значимых частей слова: без-опас-н-ость-ю, меценат-ск-ими, о-богат-и-тель-н-ого, пере-во-оруж-а- вшь-ся, рас-стил-а-ющ-ие-ся, скор-о-пал-и-тельн-ый и т.п.

Методические эксперименты показывают, что целенаправленное и систематическое обучение приему поморфемной записи слов, поморфемного проговаривания и поморфемного комментирования (вместо распространенного послогового комментирования написания сложных с орфографической точки зрения слов) дает положительные результаты даже в классах с очень слабой языковой подготовкой, поскольку такая работа способствует речевому развитию ребенка на основе активного подключения морфемного канала восприятия слова и активизации природного языкового чутья.

Особое внимание хотим обратить на раздел "Морфемика и словообразование". В усвоении его школьники испытывают огромные затруднения, несмотря на то, что словообразовательный компонент, выделяющийся в языковой способности человека, на интуитивной основе усваивается уже в ранние детские годы. Установлено, что дошкольник осваивает приемы определения значения производного слова путем осмысления его структуры, овладевает способностью понимать морфемные значения, уместно использовать разные типы морфем при формо- и словообразовании в процессе речевой деятельности. Однако школьное обучение не обеспечивает поддержки и развития природной морфемной зоркости ребенка, не способствует полноценному осознанию тех языковых процессов, в которых принимают участие морфемы и которые, следовательно, отражаются в структуре слова. Интуитивные способности ребенка в области морфемики и словообразования, его языковой опыт и лингвистическое чутье не оказываются той базой, на которой строится обучение родному языку. Поиск наиболее эффективных приемов активизации языкового чутья, внимания к внутренней форме слова, его морфемному строению нужно проводить с учетом современных исследований в области психолингвистики. Результаты этих исследований позволяют глубже осмыслить некоторые традиционные методические проблемы, найти новые подходы к их решению. Так, например, установлено, что морфемный канал восприятия слова активно включается в нестандартной речевой ситуации, когда требуется понять незнакомое слово, опираясь на его внутреннюю форму.

Следовательно, одним из ведущих приемов обучения может стать создание необычной учебной ситуации, требующей повышенного внимания к структурно-семантическому анализу слова, что происходит в процессе работы со словами-окказионализмами, неологизмами, искусственными словами (типа глокойкуздры), детскими неузualmente образованиями, а также с редко употребляющейся лексикой

Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына тікелей байланысты. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне Мерсердің диалогтік оқыту әдістемесінің зерттеушілік әңгімесі арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда. А. Байтұрсынов өзінің «Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «....Мұғалім қандай болса, мектеп, пән сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Қорытындылай келе, егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан- жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан- жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) «Қазақстан мектебі» журналы. № 9 2009 жыл
- 2) Қ.Ө.Бітібаева «Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары»
- 3) « Қазақстан мектебі» журналы №11-12 2016 жыл
- 4) ҚР Білім туралы заңы
- 5) ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2015-2016 ж.ж)
- 6) Н.С.Сарсенова «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары» Алматы 2006жыл

***Аннотация:** В этой статье обсуждается некоторые способы развития навыков говорения на английском языке на уроке английского языка. Благодаря этим методам учитель может помочь ученикам свободно и четко изучать английский.*

***Resume:** This article discusses a variety of ways to develop pupils speaking skills in English at an English lesson. Thanks to these methods, the teacher can help students freely and clearly interacting and learning English.*

ӘОЖ 111

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САЛЫСТЫРА
ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Жолдасбек А.Н.

*5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Шонгалова А.С.*

Әлем тілдерін грамматикалық жағынан қарастыра отырып, адам ойының процесінің өзін реттейтін логикалық заңдар барлық тілдер үшін бірдей, ал әрбір тіл үшін грамматиканың әртүрлі екеніне көз жеткіземіз. Бір тілде ыңғайлы, ұғынықты түсініктер екінші тіл үшін қолайсыз және басқа тіл үшін артық. Алайда, ағылшын тілі мен қазақ тілінің арасында салыстыру жүргізе отырып, олардың арасында кейбір грамматикалық ұқсастықтарды байқауға болады.

Әуелі фонетикаға назар аударайық. Дауысты дыбыстар бойынша ағылшын және қазақ тілдерінде бөлендей айырмашылық жоқ: қазақ тілінде олар 11, ал ағылшын тілінде (дифтонгтарды қоспағанда) 12 және олардың көпшілігі айтылуы бойынша да бірдей, бірақ артикуляцияда аздаған айырмашылықты көруге болады. Мысалы, қазақ тілінде жаңа сөздер мен сөздердің әртүрлі нысандары түбірге қосылу, яғни жұрнақтар мен жалғаулар арқылы жасалады.

Ағылшын тілінде де сөз жасаудың осындай тәсілі бар. Инфинитивтен оған –ing жалғауын қосу арқылы «ингтік» деп аталатын нысандағы ағылшын тілінің ең жиі қолданылатын нысаны пайда болады.

Инфинитивге жалғанған -er (кейде -or) жұрнағы көп жағдайда іс-әрекетті жасауды білдіреді: to read – reader (оқу – оқырман), to write – writer (жазу – жазушы), to work – worker (жұмыс – жұмысшы), to sail – sailor (жүзу – теңізші) және т.б. Сөзге жаңа лексикалық мән беретін жұрнақ қазақ тілінде ең жиі таралған сөз жасайтын аффикс болып табылады. Ол сөзжасамда оңай байқалады. Мысалы, -шы, -ші: жұмыс – жұмысшы, оқу – оқушы, жазу – жазушы және т.б.

Дегенмен, кейбір айырмашылықтар да бар. Қазақ тілінде түбір өзгеріссіз қалады, ал аффикстер түбірмен үйлесімдік табады, яғни, үйлесімдік заңы бойынша өзгеріске ұшырайды. Осы заңға сәйкес барлық қазақ сөздері жіңішке және жуан буынға бөлінеді. Мысалы, көл, ән – жіңішке немесе қол, жан – жуан. Ағылшын тілінде жұрнақтар мен жалғаулар негізінен тәуелсіз болып табылады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың да саны бірдей деп айтуға болады: қазақ тілінде олар 25, ал ағылшын тілінде – 24. Дауысты дыбыстар бұл екі тілде де бірдей. Қазақ тіліндегі сияқты ағылшын тілінде дыбысты дұрыс айтпау сөздерің мағынасының өзгеруіне алып келеді.

Бұл тілдер арасында сондай-ақ кейбір ерекшеліктер де бар. Орыс тіліндегі «род санаты» ағылшын тілінде әдетте тек жақты, өзіндік есімдікті және ерекшелік түрінде кейбір жануарлар мен заттарды білдіреді. Адамға қатысты зат есім («Who is this?» – «Бұл кім?») сұрағына жауап береді) орыс тіліндегідей «мужской род» (сәйкесінше «he, his – ол, оның» есімдігі) және «женский род» (сәйкесінше «she, her – ол, оның» есімдігі) түрінде болады. Ал қазақ тілінде «род санаты» деген ұғым жоқ, сондықтан сөйлемнің мағынасына байланысты сын есім, есімдік немесе сан есім ағылшын тіліне әртүрлі аударылуы мүмкін.

«To be» етістігі ағылшын тілінде міндетті түрде қолданылады, ал қазақ тілінде ол жоқ.

Қазақ тіліндегі сөйлемдегі сөздердің өзіндік реті бар, ол тұрақты. Жай хабарлы сөйлемдегі бастауыш әдетте басында, ал баяндауыш әрқашан соңында, анықтауыш анықталатын сөздің алдында, мезгіл пысықтауыш сөйлемнің басында тұрады. Дәл осылай ағылшын тілінде де бастауыштың, баяндауыштың және т.б. сөйлем мүшелерінің өз орны бекітілген белгілі бір тәртібі бар. Мысалы, «We live in Astana» – «Біз Астанада тұрамыз», «Put the book on the table» – «Кітапты столдың үстіне қой».

Бірақ ағылшын тілінен қазақ тіліне аударуға қатысты тілдің ерекшеліктерімен байланысты белгілі бір қиыншылықтар туындайтыны жасырын емес. Белгілі қазақ лингвист ғалымы Қ.Жұбанов былай деп айтқан: «Бір тілде басқа тілдің қандай да бір сөзімен мәні бойынша дәл қатар келетін сөздер сирек кездеседі. Мәселен, орыс тілінде «пастух» деген ұғым болатын болса, қазақ тілінде «қойшы», «жылқышы», «сиыршы» деп

бөлініп көрсетіледі, сол сияқты орыс тіліндегі «тетя» сөзі қазақ тілінде «апа» да «тәте» де және «жеңеше» де болуы мүмкін. Күрделі болғанына қарамастан кез келген орыс тіліндегі сөйлем қазақ тіліне бір сөйлеммен аударылуы мүмкін. Алайда, мұндай сөзбе сөз аударма стилдің дәлдігін ғана емес, сонымен қатар оның мәнін де беруі мүмкін емес».

Тағы бір күрделілік – фразеологиялық сөздерді аударудың мүмкін еместігі немесе дәлсіздігі. Ағылшын тілінен фразеологизмдерді басқа тілдерге аудару әрқашан мұндай конструкциялардың семантикалық тұтастығы мен күрделілігіне байланысты белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Мысалы, «to get out of bed on the wrong side» – «сол аяғынан тұру»; «fish begins to stink (or stinks) at the head» – «балық басынан шіриді»; «nothing is stolen without hands» – «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды». Айырмашылық туралы айтатын болсақ ол қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі сөз тәртібі. Қазақ тілінде сөз тәртібіне үлкен мән берілген, мысалға жай хабарлы сөйлемдерді алар болсақ сөйлемде бастауыш көп жағдайларда бірінше орында тұрған болса, етістік соңғы орында. Ағылшын тілінің сөйлемдеріне келер болсақ көп жағдайларда бастауыш бірінше орында, етістік екінші орында тұруы тиіс, алайда ол сөз тәртібі де кей жағдайларда өзгеріп отырады.

Қазақ тілді ортада шетел тілін оқытудың заманына сай көрнекі құралдары, мультимедиялық құралдары өз дәрежесінде пайдалануға үлкен мән берген дұрыс. Қазіргі таңда тіл үйрету саласында жаңа ақпараттық – танымдық технологияларды қолдану қажеттігі бүкіл әлемнің білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің біріне айналды. Ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, қазақ тілімен қатар шетел тілін үйретуді бірнеше әдіс-тәсілдермен жүзеге асыруға болады.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс - әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім - жолы қиында қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда. «Кәсіби құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс - әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігімен қабілеттілігінің бірлігі».

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты

еккендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»- деді. Алайда, осындай қиыншылықтар кез келген тіл жұптарында туындайтынын түсіну өте маңызды.

Қазақстандағы шетел тілдеріне және аударманың өзінің қиыншылықтарына қатысты проблемаларға қарамастан елімізде тілдік қарым-қатынастар процесінің дұрыс жолға түсіп келе жатқанын нық сеніммен айта аламыз. Мысалы, ағылшын тілінен мемлекеттік тілге анимациялық фильмдерді аударумен (бұрынғыдай орыс тілінен емес тікелей ағылшын тілінен аударумен) айналысқан «Болашақ» республикалық жастар қозғалысы өкілдерінің қызметі мұның нақ дәлелі. «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы идеясының авторы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Ең алғаш рет бұл идея 2006 жылғы қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында айтылған болатын. Үштұғырлық идеясы мынадай қарапайым және түсінікті формуладан тұрады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін оқимыз. Азаматтардың үш тілді игеруіне бағыт ұстаған Қазақстан қазіргі күнгі жағдайды ескереді: тілдердің үштұғырлығы елдің бәсекелестік қабілетінің көрінісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алмасбек Белботаев, Жаңыл Түкебаева. Казахский язык для начинающих. 2-ші кітап. Алматы, «Қазақстан», 1993 жыл.
2. Аркен Сеитов. «Триединство языков». «Бәйтерек» журналы.
3. Ж. Қалиев, В.С. Мальцев, З.Н. Очаковская. English – Ағылшынтілі. «Мектеп» баспасы, 1981 жыл.
4. «Идея триединства языков в Казахстане правильна и будет способствовать развитию страны». Американ ғалымының пікірі, Қазинформ, 2008 жылғы 15 мамыр.
5. М.А. Колпакчи. Дружеские встречи с английским языком. Ленинград, 1978 жыл.
6. Н.М. Байғанина. Идеи профессора К. Жубанова в области теории перевода и его роль в становлении казахской терминологии.
7. Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007 жылғы 28 сәуір.

***Аннотация:** Сравнительное изучение казахского и английского языка. Особенности английского языка, фонетика, звуковые функции, грамматические особенности.*

***Resume:** Comparative study of Kazakh and English languages, features of English language, phonetics, sound functions, grammatical features.*

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жұмантаева Ж.Б.

5B011900 "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығының 3 курс студенті

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр **Оскина М.С***

Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін меңгертуді жолға қою мақсатында ерте жастан оқыту қолға алынып отыр. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруды жалпы жазба тілімен ауыз екі сөйлеу тілі тікелей байланысты. Оқушыларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу мұғалімнің міндеті. Сондықтан бұл жұмыс түріне ерекше талап қою керек. Мәтінді мазмұндауға үйрету жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс әрекеттерін әңгімелеуге үйрету.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей: «Өсіп келе жатқан ұрпаққа әлемдік стандартқа сай келетін сапалы білім беруіміз керек, сонымен қатар қазіргі мамандардың біліктілік деңгейін көтеруді де ұмытпауға тиіспіз», - деген міндетті белгілейді.

Ағылшын тілін оқытуда ауызекі сөйлеудің рөлі өте зор. Себебі ауызша сөйлеу арқылы адамдар бір-бірін түсінеді, өз ойларын айтады, дәлелдейді, естіген, айтылған хабарға өз көңілкүй қатынасын білдіреді. Сөйлеудің екі түрі бар. Олар: монологтық, диалогтық.

Ауызша сөйлеу әдістемесін суреттеуге келгенде ауыз екі тілде ойдағыдай сөйлеудің төмендегі негізгі шарттарын ескергеніміз жөн:

1) Ауызша сөйлеудің монологты және диалогты формалары оқытудың барлық кезеңдерінде қатар жүреді;

2) Тілді меңгеруге кешенді түрде ықпал ету жүзеге асырылады; яғни бұл ауызша сөйлеу мен оқытуға бір мезетте үйрету, тілдік және сөйлетуге арналған дайындық жаттығуларының жүйелі түрде орындалуы;

3) қосымша оқыту құралдарының жиі жиі қолданылуы;

4) лингафонда, компьютерлі кабинеттерде ауызша сөйлеуге бағытталған жаттығуларды кең көлемде қолдану. Ауызша сөйлеу ептілігін дамытуға үйретудің қажеттілігі, әсіресе диалогты құрастыра білуге үйрету, түсіне отырып тыңдауға үйретудің барлық торабымен тығыз байланысты.

Ағылшын тілін оқытуда тілдік тіректер арқылы оқушылардың білім, білік дағдыларын дамыту басты мақсат болып табылады. Егер оқушыларды ағылшын тілінде тілдік тіректер арқылы монолог түрінде сөйлеуге үйретсе, онда олардың сөйлеу қабілеттері, танымдық қызығушылықтары, мәтін мен жұмыс жасау кезінде шығармашылық

дағдылары қалыптасып қана қоймай, олар ағылшын тілінде еркін сөйлеуге машықтанады. Оқушыларды монолог түрінде сөйлеуге үйретуде тілдік тіректердің маңызы зор. Шетел тілдерін оқыту әдістемелерінде «тірек» ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Көптеген ғылыми жұмыстарда ол, стимул, әрекет жасауға түрткі ретінде қарастырылады.

Тілдік тіректер оқушылардың монолог түрінде сөйлеуіне көмегі зор. Көптеген әдіскерлер тілдік тіректердің сөзден мәтінге дейін, мынадай классификациясын ұсынады:

1. материалды көрсету негізінде;-тілдік-кіші көлемдегі көруге болатын мәтін, жоспар, сызба, мақал-мәтелдер;-бейнелеуші-кинофильм, диафильм, суреттер, кесте, түрлі бейнефильмдер;

2. сөз әрекетін басқару негізінде;-мазмұндық тіректер (кім, не, қайда, қашан, қалай т.б. сұрақтар);-мағыналық тіректер (неге, не мақсатпен, не үшін т.б. сұрақтар).

Мультимедиялық технологиялар. Қазіргі таңда ағылшын тілі – әлеуметтік, саяси, мәдени, іскерлік тіл болып есептеледі. Шетел тілін оқыту үрдісінде жан – жақты дамыған мұғалімдер қажет етіледі. Қазіргі заманғы жаңа технологияны қолданатын мұғалімдер аз емес, бірақ мұғалімдердің көбісі әлі күнге дейін дәстүрлі жолмен оқытып келеді. Дәстүрлі әдістердің еш қайсысы жаман емес, яғни оқушыларға кері әсерін тигізбейді. Керісінше, олардың пайдалы жақтары да бар. Бірақ оқушыларға сенімді, дамыған, заманға сай азамат болып жетілуі үшін көптеген мультимедиялық технологияларды қолдануға болады. ХХІ ғасырда шетел тілдері арасынан ағылшын тілі бірінші орында екендігін ажыратып алу маңызды. Мультимедиялық технологиялардың көмегімен аз уақыттың ішінде көптеген ақпараттарды алуға мүмкіндік болған жағдайда, дәстүрлі әдістерді қолданудың қажеті жоқ. Оқушылардың қарым – қатынасқа түсу қабілетін дамытады. Ал дәстүрлі әдіс қарым – қатынасқа тез арада түсе алуға кедергі болады. Оқушылар арасында немесе оқушы мен мұғалім арасында әр түрлі тақырыптарға сұқпат, дебаттарды ұйымдастыру да қарым – қатынасқа түсу қабілетін жақсарттады. Мультимедиялық бағдарламалық оқу құралдары, қарапайым оқу құралдарымен салыстырғанда тыңдап – түсіну қабілетін жақсартумен қатар молырақ, шынайы өмірге жақын ақпараттармен қамтиды. Мультимедиялық құралдар арқылы алынған ақпараттарды топпен талқылау арқылы сөйлеу қабілеттері де дамиды. Мультимедиялық оқыту құралдары аудиторияны жандандырып, сабақтың қызығырақ өтілуіне септігін тигізеді. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру. Оқыту құралдары – білім алу, іскерлікті жасау көзі. Олар: көрнекі құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдар, техникалық оқыту құралдары, оқу кабинеттері, зертханалар.

Диалогты сөйлеуде – оқушылар сұрақ – жауап, өтініш айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс — әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр – түрлі

сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы қажет. Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «**Warming up**» жаттығуын кіргізуге болады. Тілдік жаттығудың мақсаты – сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым – қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарылата түседі.

Шағын шығарма жазу оқушылардың тек жазу, тілді тусіну, сөйлеу қабілеттерін арттырып қана қоймай әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына себеп болады. Бұндай шығармаларды көп уақыт алмай 5 минуттық жазу ретінде өткізу әбден мүмкін немесе үй тапсырмасына беруге болады. Баланың іздену қабілеті дамиды. Тексеру кезінде баланың жіберген қателеріне көңіл бөлмей, оның идеясына, өмірлік тәжірибесін сипаттай білу қабілетіне, өз бетінше жұмыстанан мәтіннің құрылымына көбірек назар аударған жөн. Тақырыптар түрі сан алуан: “Young people and their problems”, “My favourite singer or actor”, “My hobby”, “Environmental problems” т.б

Келесі жаттығу түрі «Find the words» деп аталады. Нұсқау бойынша балалар сөзді табу тиіс.

Bread

E – is exactly in the middle.

D – is at the end.

B – is one of the letters before e.

R – is between b and e.

A – is between e and b.

Соңғы кезде көп қолданылып келе жатқан жұмыс түрінің бірі – «**Brainstroming**» әдісі, яғни суреттеліп берілген белгілерді қолдану арқылы біртұтас әңгіме құрастыру, оны әңгімелеп айту болып табылады.

Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады. Сонымен қатар оқушылырадың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс істеу үшін мынадай жаттығулар беріледі. Өз тәжірибемнен мысал келтіретін болсам осы оқу жылында 5 сыныпта өткізген ашық сабағымда түрлі әдіс-тәсілдермен жаттығарды, сонымен қатар жаңа оқыту технологиялардың элементтерін қолданып оқушылардың шет тіліне деген қызығушылығын арттыруға тырыстым. Тәжірибе алмасу мақсатында әріптестер, сіздерге ұсынғым келіп отыр.

1-тапсырма. Сабақ басталар алдында тіл жаттықтыру мақсатында Tongue-twister мен бастайтынымыз белгілі.

1. Pat's black cat is in Pat's black hat.
2. A girl sees six big grey geese.
3. A cup of nice coffee is a nice coffee cup.
4. Snow is so snowy when it is snowing.

2-тапсырма. Ask Yes-No questions and guess the Animals

Is it ...?

Does it ...?

Has it got ...?

Can it ...? (Сұрақты мағынасына қарай аяқтап қандай жануар жасырып тұрғанын табу керек. Сурет бойынша)

3- тапсырма. Guess the Animals (Мәтін бойынша табу)

I'm brown, black or grey. I live on the trees. I move, jump, run very quickly. I eat plants. I am funny. I can hang by my long tail. (a monkey)

There is an animal that has a beautiful yellow skin with black stripes on it.

It is a very

dangerous wild animal. It lives mostly in hot countries. (a tiger)

This animal has got long legs and a long neck. It is brown. It can run fast.

It can go without

food and water for a long time. What is it? (a camel)

I'm grey and I'm big. I live in the jungle, but you can also find me at the zoo or in the circus. I don't eat meat. I like leaves, vegetables, grass and fruit. (an elephant)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садыкова АК., Алденгожаева Э.С. Шетел тілінде тілдік тіректер негізінде монолог түрінде сөйлеуге үйрету. ИЯШ. №6, 2007. .30б
2. Шетел тілін оқыту әдістемесі. Педагогика.Әдістеме. Алматы, 2009. 190 б.
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №3/17. 2007. 21 б.
4. Мектептегі шет тілі. №3, 2006. 44 б.

***Аннотация:** В этой статье важно использовать эффективные методы для создания навыков общения учеников, упражнений. Определена технология развития речи на английском языке и способы ее развитие.*

***Resume:** In this article, it is important to use effective methods to create communication skills for students, exercises. The technology of speech development in English and ways of its development*

АМАНГЕЛДІ БАТЫРДЫҢ ПОРТРЕТІ ЖАЙЫНДА

Жұматай Б.Ә.

5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының кандидаты,

доцент Қалиев А.К.

Тәуелсіздік алған күннен бастап Н.Ә. Назарбаев ең алғашқы тапсырма ретінде тарихты қайта жазуды тапсырды. Осы орайда елбасымыздың мына сөзі ойға оралады: *«Тарих - өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі»*.^[1] Болашағымызды жарқын қылу үшін, өткеніміздің ақ-қарасын айқындағанымыз жөн. Кенес үкіметі орнағанда әдебиет те, тарих та бұрмаланды, жалада жабылды, атуға да бұйырды. Сол тарихты, біздер, қайта жаңғыртып жатырмыз. Ел арасындағы айтылмай қалған сырлар мен ақиқаттар көп. Қазақ халқы Иман батыр, я болмаса Амангелді Үдербайұлы десе «ата-бабасынан ұрпағына дейін батырлар ғой» - деп арқаны кеңге жая айтамыз. Әрине ел қамын ойлаған, құрбан болған тұлғалар жөнінде халқы, ұрпағы айтпаса, кім айтады? Амангелді Үдербайұлы туралы бір ғасыр бойы жеткілікті айтылды да, жазылды да. Батырдың ерлігі мен өмірі баршамызға аян. Соңғы зерттеулерден де жаңаша мағұлматтар жинақталып, халыққа кең таралуда.

Әсіресе, менің ойымша, бұл тұрғыда біз тарих оқулықтары бетінен көріп, көңілімізге жатталып қалған, көздері ұшқын атып тұратын батырдың керемет бейнесін, портретін жақсы білеміз.

Бірақ, сол сурет қалай пайда болды? Батырдың өзі ме? Осы сұрақтарға тоқталмағанымыз анық. Себебі оқулықтарда портрет авторы - қазақтың тұңғыш суретшісі Қастеев атамyzдың аты аталады. Кәсіби сурет шеберінің шығармашылығында бұл портрет ойып тұрып орын алған. Әбілхан Қастеев Амангелді Имановтың кескінін салуда көп ізденіп, жан-жақты жұмыс атқарған. 1939 жылы қатарынан төрт суретпен жұмыс жасап, салып шыққан. Олардың бірі қағазға қаламмен салынған «Ер адамның пішіні», қалған үшеуі акварель техникасында орындалған «Амангелді шабуылы», «1916 жылғы А.Имановтың шайқасы», «Амангелді портреті». 1940 жылы суретші шамамен бір жарым метрлік форматта Амангелдінің толық тұлғалық бейнесін салады.^[2] Бірақ солғын тұстары болып, қайта өңдеуге кіріседі. Амангелді бейнесін салу үшін Торғай өлкесін, көтеріліс болған жерлерді бірнеше қайыра түгел аралап шыққан. Ағайын-туыстары мен үзеңгілес серіктері болған батырдың жүздеген замандастарымен сұхбаттасқан. Батырдың тек кескінін іздеп қоймай, жан дүниесіне де үніле, екі жақты қоса отырып салған. Дайын болған портретті замандастары мен көзі тірісінде көрген жандарға көрсетіп, олар бірауыздан мақұлдапты.

Айтылған дерек көздеріне Ә.Қастеевтің 1960 жылы «Білім және еңбек» басылымына берген сұхбаты куәлік етеді. Мұнда суретші: *«Аманкелді бейнесін іздегенде екі түрлі тарихи материалдарға сүйенген едім. Оның біріншісі: документтік (архивтік) материалдар, онда Аманкелдінің суреттері болмағанымен, батырдың құрған отряды, жүргізген жұмысы туралы деректер жазылған. Сондай деректерге толық түсініп алу керек болды. Екіншісі – батыр туралы халық аузындағы аңыз-әңгімелер. Олар Аманкелдіге байланысты оқиғаларды, оның түр-сипатын, келбетін, іс-әрекетін, мінез-құлқын қолмен қойғандай етіп айтатын. Осындай материалдарды мол зерттей келіп, дұрыс түйіндегенде, іздеген бейнең ойдағыдай шығатындығын байқадым. 1940 жылы Қазақстан үкіметі мен жасаған Аманкелді портретін мақұлдап берді»*, – дейді.^[3]

Портрет шебер суретші қолынан туып, елге кең етек алып, тарай бастайды. Қазірдің өзінде қолданыста жүр. Ал мендегі ой батырдың баласы салған әке бейнесі жайында Балғабай атамнан естіген, бала кезден жатталып қалған әңгіме еді. Бұл тақырып маған естіген күннен-ақ қызық көрінетін. Атамыз қазір 90 жасқа келді. Бәлкім бұл жайында білетін жандар да табылар деп мақала жазудамын. Ең алдымен атамның әңгімесіне тоқталмақпын.

1936 жылы қыс мезгілі. Ескі үйде қыстың суығынан қорғанбаққа апам Күлзия екеуіміз әкемнің жанында отырып алғанбыз. Ол кезде жасым онда еді. Сырттан бір жас жігіт амандаса ішке енді. Алматыдан Торғай өңірінен арнайы бір істермен келген екен. Шұбалаң жұрты біздің үйге жөн сілтегесін келгенін және бірден шаруасын баяндады. Ол Торғай көтерілісінің батыры Аманкелдінің ұлы Рамазан. Жастайынан әке жылуынан жат қалған, суретінің де жоғын айтып, ең болмағанда бет-әлпетін, тұлғасын білмекке мақсат еткен. Сурет болсын, бір оқиға болсын жазып, салып бәрін тізбек. Ал әкеме келген себебі, ол батырдың отрядында болған сарбазы. Жақын біліп, таныйтын кісі. Сонда әкем марқұм былай деген: - Осы Шұбаланда Достатов Қасет есімді жігіт бар. Көзінің өткірлігіне дейін Аманкелді батырдан ауынайды, тек бойының ұзындығы болмаса. Ал тұлғасына келсем, әкеңнің денесі мендей еді.

Кешке таман Рамазанды жаңағы кісіге алып барады. Жас жігіт өзі жан-жақты екен. Естіген білгенін жазып, суретті де өзі дәптеріне салып алды. Суретке де икемді екен. Үйге қонақ болып, деректер жинады. Ертеңіне әкем Күлзия апамды бір іске жүгіртіп жіберді. Көп ұзамай ол қалың бір дәптер алып келді. Сырты таныс. Әкемнің көтеріліс жайында жазған өлеңдері еді. Соны жас жігіттің қолына ұстатты. Аттанарда дәптерді баспаға беріп, басып шығаратынын айтты. 1938 жылы көтерілістің 20 жылдығына арналып «1916 жыл» атты көк түсті жинақ шығарылып, әкеме жеткізіледі. Ал портреттің не болғаны беймәлім.

Бұл тұста айта кететін жайт. Балғабай атаның әкесі Ақыш Аймағанбетұлы көтеріліс кезінде Аманкелді батырдың «алғыншы» тобында болған. Осы жинақта «Қамалды бұзған қаһарман» дастаны жарық

көрдi. Кейiн өлеңi мойнына кұрық болып түсiп, халық жауы атанып, 1941 жылы қудаланып, 1942 жылы атылып кеткен. Ал Амангелдi Иманов қаза болғанда жасқа да толмай қалған Рамазан Амангелдiұлы әкесi туралы «Батырдың балалық шағы» повесiне деректер жинап мақала ретiнде жариялап жүрген. 1939 жылдан әке жайын зерттеп, проза жанрына түгелдей берiледi. 1940 жылы «Пионер» журналының редактор қызметiнен бастартып кұш-жiгерiн әкесi туралы бастаған еңбегiне сарп етедi. Уақытының барлығын Амангелдi әскерiнiң сарбаздарымен әңгiмелесуге, дерек жинауға, мұрағатты ақтаруға арнайды. Көздi ашып жұмғанша сұрапыл соғыс басталып, тез шешiм қабылдаған ол 1941 жылдың шiлде айында Қазақстанда жасақталған 238-атқыштар дивизиясының 843-шi полкiнiң қатарында Батыс майданға аттанады.^[4]

Ақыш Аймағанбетұлы мен Рамазан Амангелдiұлының өмiрiн осы қырықыншы жылдар ойран етедi. Екеуiнiң де басына қиын күн туып, жанұядан жырақта, ауыр хәлге тап болады. Ақыш ақын қудалауға iлiгiп, берiлген үкiм орындалады. Оның бар өлеңi копескелiнедi де, ел аузынан деп таралып кетедi. Ақыш Аймағанбетұлы тәуелсiздiк алғасын ақталып, ал авторлығы оралмады. Ендi ғана халық арасына енуде. Ал Рамазан Амангелдiұлы соғыста ерлiк көрсетiп, қаза табады. Дүниеден өткенiмен жиған – терген деректерi сақтаулы, басылып шығып жатыр. Халық батыры Амангелдiнi, ұлы Рамазанды зерттемеген кiсi кемде кем. Тiптi батыр ұрпақтары да аянып қалмады.

Балғабай атаның әңгiмесi өз көзiмен көрiп, кұлағымен естiгенi. Бұл да тарихқа өз үлесiн қосар едi. Сәл iлiп әкетер нәрсе жоқ па? Сол салынған сурет қайда? Бұл жайында зерттеушiлер бiлеме? Бәлкiм мұрағатта бар шығар? Осы ойлар мазалап бүгiндерi үмiтiмдi үзбей жазудамын. Ел арасында да бәлкiм айтылып жүрген шығар. Не болсада бiздiкi iзденiс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ой бөлістім халқыммен» Н.Ә. Назарбаев. Алматы, «Мектеп» 2006ж, 108 бет.
2. «Мәдени мұра» журналы, №6(51) «Әбілхан Қастеевтің қыл қаламы» 2013, 62 бет
3. «Әбілхан аға». Жинақ. Құрастырған – филология ғылымдарының кандидаты Бәзілжан Асылжанов. Алматы, «Жалын баспасы» ЖШС, 2003. – 13-14 бет.
4. Торғай елі энциклопедия, Алматы «Арыс баспасы» 2013. – 37-38 бет.

***Анотация:** Бессмертные герои сражались за нашу счастливую жизнь. Одним из них был Амангельды Иманов, и искусство оставит о нем память благодарным потомкам.*

***Resume:** Immortal heroes fought for our happy life. One of them was Amangeldy Imanov, and art will leave a memory of his grateful descendants.*

ФОРМИРОВАНИЕ ОБРАЗА ГОРОДА СРЕДСТВАМИ ЭРГОУРБОНИМИИ**Кенесбай А. Н.***Студентка 4 курса по специальности 5В011800 «Русский язык
и литература»**Научный руководитель: **Ибрагим А.Е.***

Лингвистическая в своей основе, ономастика включает исторический, географический, этнографический, культурологический, социологический, литературоведческий компоненты, помогающие выявлять специфику именуемых объектов и традиции, связанные с их именами, что выводит ономастику за рамки собственно лингвистики и делает автономной дисциплиной, использующей преимущественно лингвистические методы, тесно связанной с комплексом гуманитарных наук, а также наук о Земле и Вселенной.

В ономастическое пространство входят: имена людей – антропонимы (Ерсұлтан, Ерасыл, Азамат, Арайлым, Әнел, Алсу, Аес, Ыбырай Алтынсарин); географические названия – топонимы (столица Астана, гора Алатау, Белый дом); в том числе названия водных объектов – гидронимы (Каспийское море, река Волга, озеро Большое Чебачье, Черное море); клички животных – зоонимы (собака Актабан, конь Шашка, гусь Гага); собственные имена отдельных растений – фитонимы (Хлебное дерево, Дерево плача, сосна Самолет, Танцующая береза); названия зон и частей вселенной – космонимы (созвездие Большой Медведицы, звезды созвездия Ориона, созвездие Козерога, туманность Андромеды, галактика Большое Магелланово Облако); названия небесных тел – астронимы (Планета Земля, Луна, звезда Вега, планета Марс, астероид Церера, комета Галей); названия праздников (Наурыз, 8 Марта, День Победы, День геолога, День учителя); названия мероприятий, кампаний, войн (фестиваль «Тарлан», фестиваль «Тойказан», «Невада-Семипалатинск»); названия предприятий, учреждений, обществ, партий и проч. деловых объединений людей (ТОО «Корпорация Казахмыс», компания «Тенгизшевройл»); названия мечетей, церквей, монастырей (Мечеть Хазрет Султан, Мечеть Нур-Астана, Храм Архангела Михаила, Свято-Успенский кафедральный собор); названия путей сообщения (Казахский университет путей сообщения, Минское шоссе); названия средств передвижения (Автобусный терминал Сайран, самолет Boeing 757 AirAstana», Алма-Атинский троллейбус); названия произведений искусств (картина Абылхана Кастеева «Молодой Абай», «На колхозной молочной ферме», памятник Аль-Фараби, символ Казахстана «Астана-Байтерек»); названия периодических изданий (газета «КостанайТаны», газета «Казахстанская Правда», независимый еженедельник «Караван», газета

«Комсомольская Правда Казахстан», журнал «Пилот»); названия документов (Закон о земле, Договор о дружбе, Декрет о мире); заглавия книг, рассказов, стихов, статей («Ленинградцы, дети мои!», «В час когда зовет Сталин» Жамбыла Жабаева, «Аз и Я» Олжаса Сулейменова, роман-эпопея Мухтара Ауэзова «Путь Абая»); собственные имена отдельных, особо ценных предметов материальной культуры (купол жилища казахского народа- «Шанырак», древний вид юрты «Дын», «Балбалы») и т.д.

Топонимическая макросистема современного города состоит из обособленных уровней, не объединенных общей иерархией, вернее, объединяемых в различные иерархические системы. Такие уровни могут образовывать названия частей городского пространства, названия «пространствообразующих» учреждений и предприятий (промышленные предприятия, рынки, торговые центры и т.д.), названия типологически уникальных городских объектов.

Система городских объектов, структурирующих и заполняющих городское пространство, осваиваемое носителями языка, не исчерпывается собственно географическими объектами, основными характеристиками которых является пространственная соотнесенность и локализация, т.е. улицами, площадями, отдельными строениями. Пространство города заполняется объектами, имеющими социальную природу: организациями и учреждениями, промышленными и торговыми предприятиями, предприятиями сферы обслуживания. Основную специфику этих объектов определяет их социальная значимость. В то же время все они имеют более или менее жесткую пространственную соотнесенность, могут быть привязаны к тем или иным городским топологическим ориентирам, наконец, обладают кодифицированным адресом, т.е. вписаны в систему городских пространственных координат.

В качестве одного из обособленных классов городских объектов можно рассмотреть локализованные коммерческие предприятия (ЛКП). К их числу относятся прежде всего предприятия торговли, общественного питания, сферы услуг и некоторые другие. Основным признаком, по которому предприятие можно отнести к интересующей нас группе, является его основная функция - предоставление товаров или услуг на коммерческой основе (с целью извлечения выгоды) частным лицам (в отличие от других предприятий и организаций). Для обозначения названий ЛКП можно использовать термин *эргоурбоним'* (ЭУ), фиксирующий комплексный характер объекта номинации, который представляет, с одной стороны, деловое предприятие (для названия которого используется *эргоним*), а с другой - объект городского пространства (номинаруемый *урбонимом*/ *урбанонимом*).

Топонимическая система города давно сложилась и оформилась, она отражена на картах и в других письменных источниках, активно используется горожанами как система ориентиров. Поэтому представляется вполне закономерным желание номинаторов локализованных коммерческих предприятий связать названия своих

предприятий с существующей топонимической системой города, тем самым упрощая запоминание адресатом и функционирование новых ЭУ в общей системе. Способом образования ЭУ в данном случае является семантическая деривация от названия существующего топообъекта.

Представляют также интерес и некоторые закономерности территориальной организации системы ЭУ. Согласно формулировке А.В. Суперанской, «топонимическая система - это территориально организованный набор топооснов, топоформантов, а также способов их соединения друг с другом и специфика восприятия определенных топонимических образований». Словообразовательная ценность формантов для каждой конкретной территории иная, на разных территориях функционируют свои продуктивные модели образования топонимов.

При этом «каждая топонимическая система строго территориальна. Поэтому можно говорить о топонимической системе отдельной деревни, определенного района или области». Теме территориальной организации топонимии посвящено немало работ отечественных и зарубежных исследователей. Е.Л. Березович, в частности, выделяет следующие параметры «локализованной топонимической системы»: «1) экстралингвистическая заданность границ системы, ограниченная сфера функционирования, определенная исторически сложившейся территориально и хозяйственно общностью номинируемых объектов, 2) дифференциация элементов системы, однозначность каждого названия, 3) конкретность номинативной разработки представления об окружающих географических объектах, 4) иерархичность строения, проявляющаяся в наличии ядра и периферии, 5) заданность позиции номинатора, 6) тенденция к связи наименований между собой»¹. Важно отметить, что большинство топонимических исследований посвящено системе названий одной, отдельно взятой территории (см., например, работы Г.П. Смолицкой, М.В. Горбаневского, Н.В. Подольской, В.Н. Перлина, А.М. Мезенко, Н.А. Баскакова, В.А. Жучкевича и др.). Однако представляется перспективным рассматривать территориально организованные системы ЭУ в их сопоставлении с системами аналогичных территорий, поскольку именно метод сравнения может в полной мере показать их объективную специфику. Что же касается материала данного исследования, то он дает возможность для сравнительного анализа на уровне топосистем различных районов одного города.

Названия внутригородских объектов (эргоурбонимы) относятся к числу наименований, упорядочение которых не контролируется и не регламентируется. В результате отсутствия регламентирующих документов номинатор руководствуется только субъективным языковым чутьем, что обусловило появление на вывесках крайне неудачных названий, которые негативно сказываются на образе, например, белорусской столицы. Наиболее значимый вклад в разработку рекомендаций по наименованиям внутригородских объектов внесли

русские ученые И.В. Крюкова, Т.В. Шмелева и белорусский исследователь А.М. Мезенко. В своей работе «Урбанонимия Беларуси» А.М. Мезенко, исследуя наименования улиц, выделяет лексический, системный, синтагматический и грамматический критерии, которые необходимо учитывать при стандартизации наименований. В отличие от названий улиц, где отклонение от орфографических норм в большинстве случаев не наблюдается, для эргоурбонимов остро стоит проблема соблюдения орфографического критерия. Специфическим для эргоурбонимов является графический критерий, который выделяется в связи с использованием на вывесках различных систем письменности, паралингвистических средств и символов.

Образ города – понятие широкое и многогранное. Образ города формирует статус города, его облик, «душу», городской фольклор, стереотипы, городскую мифологию, эмоциональные связи с городом, городскую символику [1-2]. Особую роль в формировании образа города играет язык города. Актуальным в последнее время является комплексный подход к изучению языка города, представляющий собой контаминацию антропоцентрического и традиционного подходов. Прежде всего, это обусловлено спецификой объекта исследования – языка города, понимаемого как совокупность разнородных языковых образований, взаимодействующих друг с другом и образующих сложную единую систему в рамках конкретного города. В лингвистическом изучении языка города традиционно выделяется две сферы – речь горожан (с учетом социальных, возрастных, гендерных и других факторов) и сфера городских номинаций и текстов городской среды (вывесок, плакатов, наружной рекламы, афиш, граффити и др.), которые и являются объектом лингвистического градоведения [3, с. 22]. Одним из значимых компонентов языка города является урбанонимия, которая объединяет названия основных внутригородских объектов. Представляя собой систему ориентиров, урбанонимия существует в двух разновидностях: официальной (вывески, названия улиц, названия остановок и др.) и неофициальной, отраженной в узусе горожан [4, с.8]. Из всего многообразия урбанонимного пространства города особо выделяется эргонимия как названия делового объединения людей, в том числе союза, организации, учреждения, корпорации, предприятия, общества, заведения, кружка [5, с. 151]. В данной работе, вслед за Р.И. Козловым, мы оперируем термином эргоурбоним, который обозначает название локализованного коммерческого предприятия (торговой фирмы, магазина, кафе, ресторана, салона и т.д.) города [4, с. 9]. Таким образом, эргоурбонимическое пространство отражает реальное городское пространство и является формой существования языковой системы, которая складывается из совокупности наименований коммерческих предприятий в границах территории конкретного города. Данное пространство неоднородно по составу и включает названия различных коммерческих объектов: фирм, магазинов, кафе, ресторанов, баров, салонов, торговых центров и др. Как городские топонимы,

эргоурбонимы выполняют важную функцию ориентира и формирования образа города. Подобные единицы могут быть отнесены к выстраиванию осязаемого образа, т.е. такого, который создается вследствие восприятия города при помощи 5 чувств: впечатление о городе складывается из того, что можно увидеть, услышать, почувствовать, вдохнуть, потрогать. К этому виду относится все, начиная от названия города, его символики и заканчивая архитектурой и чистотой улиц [1, с. 105].

Таким образом, проблема межъязыковой передачи в ономастике стоит достаточно остро и нуждается в разработке общих правил по передаче иноязычных названий, которые должны быть основаны на следующих практических рекомендациях:

1. Выбор способа передачи иноязычного названия должен зависеть от функции эргоурбонима. В том случае, если номинатор ставит целью рекламировать само имя, идентифицировать его на международном рынке, избираются транслитерация или транскрипция. При популяризации предмета деятельности объекта, при наличии «говорящей» внутренней формы избирается такой способ передачи иноязычного наименования, как перевод.

2. Зарегистрированные бренды и торговые марки транслитерируются или сохраняют графику родного языка. *Графический критерий* предполагает адекватное использование графических символов и паралингвистических средств при оформлении наименования, использование единой системы письменности в одном эргоурбонимном комплексе. Основными проблемами, связанными с нарушением графического критерия, являются использование различных систем письменности; смешение лексем разных языков: «Дрожжи – United», «Терра-Pizza», «Союз-Online» и др.

При выборе названия номинатор должен руководствоваться не только общеоценочными (хорошо/плохо), эстетическими (красиво/некрасиво), этическими (морально/аморально, нравственно/безнравственно), ортологическими (правильно/неправильно с точки зрения языковых норм на разных уровнях языка), но и юридическими параметрами. При разработке стандартов следует учитывать следующие рекомендации:

1. Эргоурбоним не должен содержать ложных ассоциаций. В структуре эргоурбонима необходимо отражать сущность объекта, а сам эргоурбоним должен вызывать положительные ассоциации.

2. При передаче названий на другой язык недопустимо смешение близкородственных языков, имеющих единую систему письменности в пределах одного эргоурбонимного комплекса. У иностранных наименований рекомендуется наличие подноминации с разъясняющей дешифровкой для потребителей, не владеющих языком.

3. Выбор способа передачи иноязычного названия должен исходить из функции эргоурбонима. Если номинатор ставит целью рекламировать само имя, идентифицировать его на международном рынке, избираются транслитерация или транскрипция. При популяризации смысла деятельности объекта, при наличии «говорящей» внутренней формы

наименование должно переводиться. Зарегистрированные бренды и торговые марки должны избирать такой способ передачи, как транслитерация, или сохранять графику родного языка.

4. Предпочтение следует отдавать национальным вариантам наименований.

5. Сложные эргоурбонимы, представляющие собой словосочетания или предложения, следует оформлять через пробел.

6. Использование прописной буквы должно соответствовать правилам русского языка. Для подчеркивания игровых форм наименования целесообразно избирать не прописные буквы, а иные паралингвистические графические средства (цвет, шрифт и т.п.).

К юридическим проблемам эргоурбонимной стандартизации относятся отсутствие регистрации в едином государственном реестре рекламного имени и нормативов по определению статуса объекта и присвоении ему номенклатурного термина. В сложившейся ситуации процесс эргоурбонимной стандартизации с юридической точки зрения должен включать решение следующих задач:

1. Разработка законодательной базы, регулирующей номинацию.
2. Образование базы данных, регистрирующей названия объектов сферы торговли и услуг в пределах одного города.
3. Определение правового статуса номенклатурного термина объектов сферы торговли и услуг.

Литература:

1. Крюкова, И.В. Рекламное имя: от изобретения до прецедентности. / И.В. Крюкова: Дисс. докт. филол. наук. Волгоград, 2004.
2. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. М., 1984. С. 108.
3. Березович Е.Л. Семантические микросистемы в русской топонимии: Дис... канд. филол. наук. Екатеринбург, 1992. С. 24.
4. Шмелева, Т.В. Ономастикон современного города / Т.В. Шмелёва // Материалы международного съезда русистов в Красноярске. Т.1. Красноярск, 1997.
5. Мезенко, А.М. Урбанонимия Белоруссии. / А.М. Мезенко. Минск, 1991.

Түйіндеме: Мақалада қалалық нысан атауларының біріктірілген классы ретінде оқшауланған коммерциялық кәсіпорындары қарастырылады. Олардың атауларын бекіту үшін, ономастика ғылымының жаңа бөлімі-эргоурбонимия термині енгізілді.

Resume: In the annotation are considered isolated classes of urban objects of localized commercial enterprises. For their designation was introduced new term from the division of onomastics – ergourbonims.

СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Көбен Е.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: Шонгалова А.С.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет».

Н. Ә. Назарбаев.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елдермен терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы».

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне енуі отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және соған орай ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білім дамуындағы жалпы әлемдік үрдістерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға.

Сыни тұрғысынан ойлау - бұл ақпарат пен ойдың бірігіп алудың шынайы тәсілі. Ақпаратты алу ғана емес, сонымен қатар алған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, ой елегінен өткізу арқылы қолдану.

Сыни тұрғысынан ойлау – бұл қиын тапсырманың шешімін табу үшін жасалатын дұрыс шешім. Сол шешімге сенудің бірден бір жолы.

Сыни тұрғысынан ойлау - оқушының дұрыс ойлануына жасалатын ой моделі және ой әрекетінің қызметі.

Сыни тұрғысынан ойлау— шығармашылық ойлауын дамытатын ең маңызды бағыт.

СТО технологиясындағы мұғалім рөлі:

- Оқушыларды анықталған бағытқа бағыттау;
- Түрлі пікірлермен бетпе-бет келеді;
- Өз бетімен дұрыс шешім шығаруға жағдай жасайды;
- Оқушыларға өз беттерімен шешім шығаруға мүмкіндік береді;
- Қалыптасқан танымдық ішкі жағдаяттарды дайындайды;

Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тұмысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

М. В. Кларин «Педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық, инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесі оқушының сыни ойлауына қызмет етуі тиіс», - деп түсіндіреді. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйуін түйгенінше айтуға жарау. Айта білетін адам табылса, тіл пайдалануға әрқашан жарайды. Тек айта білетін адам табылуы қиын», – деген.

Д. Клустердің ойынша сын тұрғысынан ойлаудың 5 қыры бар:

Бірінші-бұл өз бетімен ойлау;

Екінші-бұл ойын қорыту;

Үшінші-бұл проблемалық және сол ойын бағалай білуі;

Төртінші-бұл ойын дәлелдеуі;

Бесінші-сын тұрғысынан ойлаудың өзі әлеуметтік ойлау болып табылады (өмірмен байланысты).

СТО технологиясының негізі— сабақтың үшбағыттық құрылымында:

Ой шақыру;

Ойлау ;

Кері байланыс;

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы 6 компоненттен тұрады.

Сыни ойлаушы:

- Өз ойын қалыптастыра біледі;

- Әртүрлі ойлармен санасып, өз ойын дәлелдеуге тырысады;

- Тақырып бойынша мәселені шеше біледі;

- Дәлелді пікірталас құра алады;

- Бірлескен жұмыстан түбегейлі шешім шығаруды толықтай құптайды;

- Кезкелген сұрақтың шешімін табу үшін адамның қабылдауының өзі көптеген факторлардың әсерінен болатынына түсінеді және бағалай біледі.

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжерибиенің бірлігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақ халқына жолдауы. Астана 2010.
- 2) Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау / қазақ тілі мен әдебиеті, №10, 30-35б.
- 3) Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы. / білім-образование-2007. №5. 12-15б.
- 4) Эннис Р. Х. Таксономия места критического мышления и способностей/КМ новости. – 1985, No 1, С.12.
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 2006.
- 6) Ысқақова С. Сыни ойлауға жетелеу. Қазақстан мектебі. 2010 - №5. 36-40б.

***Аннотация:** Статья посвящена вопросам формирования критического мышления в качестве нового подхода формирования компетенций будущего специалиста.*

***Resume:** The article is devoted to questions of forming critical thinking as a new approach of forming competences of the future specialist.*

ӘӨЖ 37.013.32

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ
ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ТИІМДІ
ӘДІСТЕР МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ**

Қадыркүл А.Қ.

*5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, доцент **Анапин Е.Х.***

Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат — шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі — қазіргі заманның талабына сай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды дегендей, жас ұрпаққа саналы, мән мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр.

Оқушылардың шет тілінде дұрыс сауатты сөйлеуінде тілдік материалды меңгерудің рөлі өте зор. Сөздік жұмыс мәтінде кездесетін жаңа сөздерді іздеумен қоса түрлі тұрақты сөз тіркестерді, қосымша мағыналы сөздермен жаттығулар орындау арқылы жүзеге асады. Фонетикалық материал бір қарағанда, жоғары сыныптарға керегі жоқ сияқты болғанымен, кейбір дыбыс емлесінің ерекшеліктері, дауыс ырғағы, екпін түсіру сияқты нәрселерді сабақта еске түсірудің маңызы зор. Оның бәрі оқушының тілге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың әсерлі өтуіне септігін тигізеді.

Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шет тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс- тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан – салалағына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір – бірімен байланысып кірігеді. Ағылшын тілі сабақтарында компьютермен жұмыс істеу де ерекше орын алады. Қазіргі таңдағы техникалық оқыту құралдары – телефон, телевизор, магнитофон, мультимедиялық кабинет арқылы оқыту тілдерді меңгерту қызметіне жаңаша қарауды, бұл бағытта қол жеткізген табыстарымызды сын көзбен қарап, саралап ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізуді қаже Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көздеген нәтижеге жетеді. Бұл нәтижеге жету үшін мұғалім тіл дамыту жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастыра білуі керек. Оны қандай тиімді жолдармен жүргізуге болады?

Сабақты баланың ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті қолдана отырып бастау керек. Ол әдістің бірі – диалог. Бұл әдіс бір жағынан оқушының тілін шетел тілінде сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесу болып табылады. Диалогты үлгерімі орташа оқушыларға пайдалану тиімді. Диалог арқылы әр сабақта оқушымен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл сыныпты жұмылдырып алып, балалардың зейінін өзіне аудару арқылы түрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады.

Күнделікті сабақ барысында тіл дамыту үшін төмендегідей тәсілдерді пайдалануға болады:

- сөздік арқылы тіл дамыту;
- мәтінге байланысты тіл дамыту;
- көрнекі құралдар арқылы тіл дамыту;
- үйірмеге және басқа жұмыстарға қатысу арқылы тіл дамыту.

Ағылшын тілінің негізгі мақсаты оқушыларға тіл үйрету болғандықтан, негізгі жұмыс сөз үйрету болып табылады. Ағылшын тілі сабағының негізгі арқауы – тіл дамыту жұмыстары болуы тиіс. Оқушылардың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдар туралы мағлұматтар мен анықтамаларды, түсініктемелерді ағылшын тілінде дұрыс пайдалануды игеруі, өз ойын нақты, жүйелі түрде еркін жеткізе білу қабілеті тіл дамыту жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылып, талапқа сай жүргізілуіне байланысты.

Тіл дамыту жұмыстарының тәсілдері төмендегідей:

1. Грамматикалық тапсырмаларды түрлендіріп беру;
2. Мазмұнды суреттермен жұмыс ұйымдастыру;
3. Оқушыларды топқа бөліп, өзара сөйлестіру;
4. Белгілі бір тақырыпта берілген әңгімені жалғастыру;
5. Шағын көріністер даярлату;
6. Мәтінмен жұмыс жүргізу.

Осының ішінен ең басты орын алатыны – мәтінмен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында қойылатын басты талаптардың бірі – берілген материалды түсініп оқу. Себебі оқушы оқып тұрған әрбір сөздің, әрбір сөз тіркесінің беретін мағынасын, грамматикалық тұлғасын түсінбейінше сөйлемдегі айтылар ойды қабылдай алмайды. Сондықтан алғашқы сабақтардан бастап ағылшын тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқыза отырып, әрбір оқылған сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді, мәтінді түсініп оқуға баулу қажет. Егер мұғалім мәтін бойынша тек: оқу, аудару, сұраққа жауап беру, мазмұнын әңгімелету сияқты түрлерін пайдаланса, бұл бір сарынды болып келіп, оқушыларды жалықтырады және пәнге деген қызығуын төмендетеді.

Ал шығармашылықпен жұмысты мынадай тәсілдерді пайдалана отырып өткізуге болады:

-Мәтінді өзгертіп баяндату.Мысалы: “Менің ойымша”, “Мен өз тәжірбиеме сүйеніп айтып отырмын”, сияқты сөз тіркестерін қолдану.

-Мәтіннен іріктеліп алынған сөздерге морфологиялық талдаулар жасата отырып, түбірлес сөздерді анықтату. Бұл жұмыс түрлері өтілген грамматикалық ережелерді есте сақтау, іс жүзінде пайдалана білуге жаттықтырады.

-Тілді жақсы білетін оқушылар үшін белгілі бір сөйлемнің құрамындағы сөздерді синонимдермен алмастыруды тапсыруға болады.

-Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің ретін алмастыра отырып, ауыстырылған сөйлемдерді орын, орнына қою арқылы әңгіме құрастыру. Берілген сөйлемдерді оқиға желісіне сүйене отырып, әңгіме құрастыру. Жұмыстың бұл түрі мәтін құрамындағы әрбір сөздің мән – мағынасын нақты түсінуге, яғни сөздікпен жұмыс істеуге ықпал етеді.

- Берілген мәтінге сүйене отырып диалог құрастыру.

Мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстың басқа түрлері де өте көп.

1. Оқылған әңгіменің мазмұнын қысқаша, тұжырымды түрде әңгімелету.

2. Мәтін ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу.

3. Белгілі бір жоспар бойынша мазмұнын айту.

4. Мәтін бойынша сурет салғызу.

Мысалы: 8–сыныпта “Great Britain” тақырыбын өткенде оқушылар мәтінді төмендегі сатылай кешенді талдау арқылы әңгімелей алады.

Great Britain

1. Country Great Britain

2. Population 57 million

3. Capital. London

4. The area of UK 244.100 square kilometers

5. Parts England. Scotland. Wales. Northern. Ireland.

6. Islands 5500 islands

7. Climate Mild climate

8. Rivers the Thames/the Seven

9. Weather often rains in England

Pupil1: What do you like to read?

Pupils 2: I like to read the detective stories.

Pupil 1: What is your favorite author?

Pupil 2: My favorite author is Agatha Christie. But what about you?

Қорытындылай келе, егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан- жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан- жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пассов Е.И. «Коммуникативный методобучения иностранному языку», М. 1985

2. Скалкин В.Л. «Коммуникативные упражненияна английском языке» М., 1983

3. Шубин У.П. «Языковая коммуникация иобучение иностранным языкам», М. 1972

4. Рогова Г.В. «Методика обученияанглийскому», Л., 1995

5. <https://infourok.ru/ilimi-zhoba-ailshin-tilin-oituda-oushilardi-syleu-dadilarin-aliptastirumasadinda-tiimdi-dister-men-zhattiulardi-paydalanu-1351897.html>

Резюме: В статье рассматривается цели обучения английского языка. Развивать коммуникативные навыки и соответствовать требованиям социальной культуры. Методы развитие речи и использования различных приемов во время обучения английского языка.

Resume: In this considered the purpose of learning English. To develop communicative skills and according to demands of social culture. Methods of developing speech and using different admissions in period learning English

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БАСТАПҚЫ САТЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ АУЫЗША СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Қуатбекова А.С.

5B011900 «Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы»

Ғылыми жетекші: Бакирова Ж.М.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін меңгертуді жолға қою мақсатында ерте жастан оқыту қолға алынып отыр.

Ағылшын тілі пәнінің басты міндеті - білімгерлердің тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру. Ағылшын тілі пәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірімдердің жеке бас қасиеттерін тұлға ретінде жетелдіруге қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын-оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Бастауыш сынып табалдырығында оқушының оқу дағдысын қалыптастыруды жалпы жазба тілімен ауыз екі сөйлеу тілі тікелей байланысты. Оқушыларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу мұғалімнің міндеті. Сондықтан бұл жұмыс түріне ерекше талап қою керек. Мәтінді мазмұндауға үйрету жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс әрекеттерін әңгімелеуге үйрету.

Лингвистикалық негізгі объектісі – **сөйлеу**, адамзаттың сөйлеу тілі. **Сөйлеу** – адамзаттың іс – әрекетінің ерекше формасы. Сөйлеу адамзаттың ойлауымен және басқа да психикалық процестерімен тығыз байланысты. Сондықтан адамзаттың сөйлеу іс – әрекетін тексеру бір ғана тілі білімінің үлесі емес, бұл басқа да ғылымның мәселен, психологияның, физиологияның, логопедияның т.б зерттеп қарастыратын облыс тілі.

Сөйлеу екі түрлі формада – **ішкі және сыртқы формада** жүзеге асырады. **Ішкі сөйлеу формасы** – ойлау процесі үшін осы қажет нәрсе, ал **сыртқы форма** арқылы адам өз ойын басқаларға жеткізеді, белгілі бір информатика береді.

Сөйлеудің екі жағы бар: сөйлеу процесінің нақ өзі және сол сөйлеу іс – әрекеті процесінде жасалынған нәтиже яғни сөйлемдер, мәтіндер т. б.

Адамның өмірінде сөйлеудің маңызы өте зор. Ол сөйлеу арқылы өз ойын айтып жеткізеді және біреудің ойын ұсынады. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым – қатынасты атқарады.

Біреудің дыбыстауынан құлағымызға жеткен сөз ауызша сөйлеу деп аталады. Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты біреу шектеулер болады. Әдетте, әңгімелесушілер бірін – бірі көріп тұрады немесе дауыс жететіндеу алшақтығы болуы мүмкін. Сөйлеуге үйрету **манолог** және **диалог** түрінде іске асырылады. Манолог және диалог түрінде сөйлеу іскерлігі, біліктілігі қарым – қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік – бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Сөйлесу арқылы тек қана ақпарат жүрісі орындалып қалмастан, әңгімелесушілер арасындағы бір – біріне деген ықпалда жасалынады, яғни өзара бағыт бағдар көрсете отырып, олар бір – бірінің іс – әрекет қылықтарын үйлестіруге не өзгертуге тырысады.

Лингвистикалық жоспар бойынша ауызша әңгімелеп жеткізудің 3 түрлі формасы бар: **монологты, диалогты және полилогты.**

Оқушылардың ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен әңгіені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар өрбіп отырады. Сондай ақ берілген мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде құрастыра білуге, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар кеңінен жүргізіледі. Осындай жұмыс кең түрде жүрген тұста оқушының сөйлеу ерекшелігі күннен күнге дамып, жан жақты артып отырады. Мұнда мәтіндерді көбіне оңайдан қиынға қарай өрбіткен мұғалім үшін ыңғайлы.

Оқу біліктілігін меңгерту мақсатында мәтінді оқу, көру арқылы мазмұнын түсіну мен мәтіннің мазмұнын өз бетінше оқып түсіне білу, мәтін бойынша талқылауға белсенді араласу сияқты жұмыстар кеңінен қолданылады. Оқылған мәтінге байланысты оқушы өз ойын салыстырмалы түрде жеткізе біліп, қоғамдық орындарда жазылған нұсқауларды оқып түсіну сынды талаптар қойылады.

Ағылшын тілін орта мектепте оқытудың шарттарын ескере отырып, оқушылардың мектепті бітіргеннен кейін де шетел тілінде сөйлеп, оқып түсіне білу қабілеттерін қалыптастыруға мектеп қабырғасында мән берілуі тиіс. Оқушыларды шетел тілінде сөйлеуге және кітап арқылы жұмыс жасауға баулу қажет. Шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйреткенде оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге баулып, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кездерде шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді. Осы мақсатпен анықтама әдебиетерді пайдалана білу, мәтін мазмұнын өз бетімен түсінуге бейімделу және одан түйгенін қысқаша етіп қағазға жазып алу, шағын хабарлар дайындау және өз пікірін айтып, баға беру сияқты әрекеттерге дағдыландырудың маңызы зор.

Ағылшын тілін оқытудағы оқушының өз сөзін жоспарлай білу икемділігін, мәтін мазмұны мен ағылшын тілін үйрету құралдарын ұштастыра отырып, сөйлеу этикасын пайдалана алуын талап етеді.

Ағылшын тілін үйрету барысында ескертетін жайттар:

1. Ағылшын тілін оқытуды жүйелі түрде жүргізу.
2. Үйрету күнделікті өмірде жиі қолданылатын контекстерден басталады.
3. Тапсырманы оқушының қабілетіне қарай беру.
4. Оқу материалдарын шындыққа сай етіп алу.
5. Үйрену – қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы арқылы жүзеге асады.

Оқушылар басқа халықтардың тұрмыс тіршілігімен олардың көрнекті өкілдерінің өмірімен алынған деректермен, бұл халықтар тарихының эпизодтарымен, мәдени ескерткіштерімен, көрікті жерлерімен танысады. Оқулық, оқу кітаптары, газеттегі қарапайым мақалалар арқылы оқушылардың шетелдегі адамдардың өмірімен танысуы олардың жалпы білімділік ой өрісін кеңейтеді. Оқушылардың жан жақты дамуы және олардың тұлға ретінде қалыптасуы үшін тілдік материалмен жұмыс істеу сипаты мен сөйлеу біліктілігінің елеулі мәні бар. Шетел тілі құралдарымен (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) және сөйлесу іс әрекетінің негізгі түрлерімен қарулана отырып, оқушылар танымдық белсенділік, дербестілік көрсетуі, қорытынды жасай алуы маңызды болып табылады.

Шетел тілін тыңдап түсінудің өзіне тән ұғындыруға тырысып, тілдік материалдарды көп беру қабылдауды қиындатады, сонымен бірге дағдыны қалыптастыруға кері әсер етеді. Осының әсерінен оқушы тез тыңдап түсініп, жауап дайындау үшін ойланып отырады.

Ауызша сөйлеуге үйрету – шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, ең негізгі мақсат – естігенін түсіне білуге үйрету.

Түсінуге тексерудің ең басты бөліктерін – сурет арқылы, екіншіден – жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады.

Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау – алдымен айтылған фразаға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материал мен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады.

Шетел тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы ұнтаспа арқылы әртүрлі бұйрықтар беріп, орындату. Оқытушы дұрыс, не бұрыс екенін қадағалайды. Бұйрықтарды тек бұйрық рай түрінде берумен қатар әртүрлі нұсқаулар түрінде де беруге болады.

Мысалы: “When Tom walks to the window, John will write Kate’s name on the blackboard” Мұндай бұйрықтар тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады және сөздерді, шетел тілінің грамматикалық формаларын есте сақтауға көмектеседі.

Фонетикалық және грамматикалық құрылымдарды тыңдау арқылы салыстыра және ажыраты білуге арналған тапсырмалардың мұндай түрлерін бірте-бірте күрделендіруге болады.

Диалогты, әңгімелерді, мәтіндерді тыңдау шетел тілін түсініп үйрене білудің ең қажетті бөлігі болып табылады. Тыңдауға арналған мәтіндер оқылған тілдік материалдар негізінде құрылады. Оның ішіне 3-4% таныс

емес лексикалық материалдар қосуға болады. Алғашқы рет тыңдауға арналған мәтінге жіберілген уақыт 1-1,5 минут көлемінде болуға тиіс. Төмендегі мәтінді мысал ретінде алуға болады:

My friend Bill is a geologist. He does not stay in town in spring and summer. He goes on expeditions. There he lives in a tent and cooks his own meals. He thinks he is a very good cook and when he comes back to town he tries to teach his wife and mother in law the art of cooking. He tells everybody that canned meat and porridge are the best dishes. His wife in his opinion spends too much time on cooking. So he does not let her stay in the kitchen.

Neither his wife nor his mother in law contradicts him, for he never stays long at home.

When he leaves his children are sorry to part with him but they are glad that grandmother will cook their meals again.

Шетел тілінде тыңдағанын, естігенін түсіну біліктілігі басқа кісілермен сөйлесуге, тілдік қарым-қатынас жасауға қажетті жағдайлар тудырады. Шәкірттер тыңдап түсінуге арналған аутентті мәтіндермен түрлендіре жұмыс істеуге, сөйлеуге одан ары қарай жаттығады, баяндамалар жасайды.

Ағылшын тілінде мектеп бағдарламасы ауқымында шәкірттерді сөйлеуге үйрету, ауызекі тілде сөйлету күні бүгін шетел тілін оқытудың ең басты міндеті болып отырғаны белгілі. Әр мұғалім өзі еңбек етіп жүрген мектебінің оқыту тәсілдерін тиімді етіп, түрлендіре отырып жоспарлауы тиіс.

Мектеп жағдайында оқушыны ауызша сөйлеуге үйрету үшін жүргізілетін жұмысты дифференциялап жүргізуді екіге болуға болады: іштей және сырттай.

Іштей дифференциялау барысында оқушыларды қабілетіне қарай шағын топтарға бөліп, олармен тіл үйретуде ерекше әдістемелік тәсілдерді қолдану қажет. Бұндай топтарды әрине оқушылардың деңгейлеріне және мүмкіндіктеріне қарай жұмыстар атқарылады. Әр мұғалім сынып оқушыларын әр түрлі бөлуі мүмкін, мысалы бір топта тілге қабілеті бар оқушылар, екінші топта тілді нашарлық білетін оқушылар, үшінші топта қабілеті, білімі жоғары да, нашарлау да оқушылар аралас болады.

Ал **сырттай дифференциялау** бойынша әрбір топ пен топтардағы оқушылардың коммуникативтік икемдігін, олардың шеңбер тілін оқуға деген психологиялық жағынан дайындығын, елтануға байланысты материалдарды оқып және де оларды өз еліндегі және басқа елдердегі реалиялармен салыстыра отырып меңгеруге қабілеті, мүмкіндігі ескеріледі.

Іштей дифференциялау сырттай дифференциялаумен өзара біріге келе оқушылардың тіл үйренуге деген мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Бұл орайда, әрине, оқушылардың жеке бас ерекшелігіне баса назар аудару керек. Сыныпта бала саны неғұрлым көп болса соғырлым мұғалім оқушының өзіне тән ерекшелігіне көңіл бөліп, дифференциялауға неғұрлым көп мүмкіндік жасауға тырысу қажет.

Оқушыны ауызша сөйлеуге жаттықтыруда тағы бір ескеретін жағдай- жеке оқушыдан сабақ сурау кезеңі. Бір ғана оқушы жауап беріп тұрса, нашарлау (сөйлейтін) оқитын оқушылар оны тыңдамай отыруы

әбден мүмкін. Сондықтан мұғалім сабақ сұраудың әрбір кезеңінде барлық оқушыны қамтитындай тәсіл қолдануы тиіс.

Ауызша сөйлеуді дұрыс жолға қою үшін ең әуелі оқушылардың шетел тілінен сөз қорын дұрыс жинақтауына көңіл бөлу керек. Оқушылар әр сабақта өтілетін жаңа сөздерді жазып алып, жаттауы міндетті. Тіл үйренуші мектептегі сабақта тілді қалай үйренудің, қалай сөйлеудің жолдарын үйрене, үйде, сабақтан тыс кезде көп оқыса білімі сөйлеу дағдысы бай болары сөзсіз. Мектеп мұғалімі шәкірті жақсы сөйлесін десе оқушылардың екеуара сөйлесуіне көп көңіл бөлгені жөн. Пәнді жақсы меңгеріп келе жатқан оқушы мен үлгерімі төмендеу оқушыны нашар үлгерімді баланың айтқанын түзеп, көмектесіп отырады.

Ауызша сөйлеуге баланы дұрыс жаттықтырудың тағы бір түрі үйренген материалды жаңа материалға ауыстырғызып дағдыландыру. Алдымен материалды, сөздерді бала түрлі ситуацияға байланысты өзгерте отырып қолдануға дағдыланса сөйлеу қабілеті мығымдала түседі.

Шетел тілінде сөйлеуге, қарым-қатынас тіліне үйретуде оқушыларды әсіресе өз бетімен жұмыс істеуге, өзі ізденіп білім алуға дағдыландыруы керек. Бұл қазіргі уақыт талабы. Сонымен оқушының шаршауын сейілтіп, қызығуын арттыратын сабақ арасындағы ойын түрлері үлкен роль атқарады. Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Сондай-ақ ойын оқушының сөйлеу қабілеті әрекетін тездетеді, танымын күшейтеді. Осы тұрғыдан ойын оқушының жас ерекшелігімен мүмкіншілігіне сай және тәрбиелік, дамытушылық мәні зор болуы тиіс. Ойнау арқылы оқушының сөйлеуге деген ішкі жан дүниелік ынтасы, іздену дағдысы қалыптасады.

Ойын түрлерін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталатын болады. Ойын түрін қолдану оқушыға ерекше әсер етеді, оны дұрыс жоспарлау қажет. Сынып оқушылары оған түгел қатынасуы шарт. Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын тек ойын түрлері болып табылады. Ойын оқушыны бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, іздендіруге дағдысына қалыптастыруына мүмкіндік туғызады.

Ағылшын тілінде ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолданған дұрыс:

1. Әліпбиді дұрыс меңгерту;
2. Орфографияны дұрыс оқыту;
3. Оқу дағдысын қалыптасыру;
4. Лексиканы меңгерту;
5. Грамматикалық құрылымды меңгерту;
6. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Таңдап алынған ойындар оқушылардың сөз байлығын, тіл қорына сай болу керек. Мұғалім кез-келген ойынды өткізу үшін алдын-ала жоспар құрып алуы керек. Тиімді пайдаланған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп

отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Сонымен бірге сынып ішінде ойнайтын ойындар мен іс-әрекеттер арқылы да оқытуға болады. Біз сынып ішінде ойындарынды қашан қолдануымыз керек. Мысалы сабақ үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, отілген жаңа сабақты еске түсіру үшін қолданған жөн.

Сынып ішінде мынадай ойындарды ойнауға болады:

What's in the bag?

Around the world

Board Race

Order Race

Question race

Bingo

Go fish

ойындарын қолдануға да болады. Бұл ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі.

1.What's in the bag? Сумкада не бар? ойыны.

Мұғалім алдымен балаларға бір сумка алып келеді. Балалардан сұрайды. Балалар сумкада не бар? Балалар ішінде дәптер, қалам, кітап бар деп айта бастайды. Мұғалім бұл ойынды сабақ соңында қолданса болады. Әсіресе жаңа сөздерді еске түсіру үшін қолдануға болады. Мұғалім сумканың ішіндегі заттармен таныстырады. Сумкада не бар? Мұғалім оқушылардан What's this? Сұрағы арқылы затты көрсету арқылы сұрайды. Мысалы: Pen, copybook, pencil, ruler, rubber деп көрсетеді. Сосын оқушыларға жеке-жеке қайталатады. Сөздерді ұмытпау керек. Сосын оқушыларға сумка ішіндегі заттарды таратып беріп, оқушылардан осы заттарды мына сұрақ арқылы сұрауға да болады. Мысалы: Who has a pencil? Who has a ruler? Жауап бергенде оқушылар кімде екенін табу керек. Оқушылар тапса Janatbek has a pencil деп табу керек. Бұл ойын оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сөздік қорлары молайып, есте сақтау қабілеті артады.

2.Board race Тақта сайысы ойыны

Бұл ойынның шарты:

Мұғалім оқушыларды екі топқа бөліп, ойынның ережесімен таныстырады. Бұл ойында мұғалім түстер, сандар, сөздер айтады сол айтылған сөздерді, сандарды оқушылар қатесіз жазу керек. Келесі оқушы әрі қарай жалғасын жалғастырып отырады. Соңында оқушылардың жазғанын тексеріп қателерін жөндеп қай топтың жеңгенін анықтайды.

Мысалы:

P-1	P-2
Red	Red
Ten	Ten
Stone	Stone
Winter	Winter
Book	Book

Осылай рет-ретімен оқушылар жалғастырып болған соң қателерін жөндеп қай жақтын жеңгенін айтады. Бұл ойында оқушылар шапшаңдықты, дұрыс жаза білуді, есте сақтау қабілеттері артады.

3.Question Race Сұрақтар сайысы

Бұл ойынның шарты:

Мұғалім сол сабаққа қатысты сұрақтар қойылады. Осы сұрақтар оқушыларға таратылып беріледі. Оқушылар сол сұрақтарға дұрыс жауап беру керек. Мысалы жыл мезгілдерін өткен кезде суреттер арқылы да мынадай сұрақтар арқылы қолдануға болады.

1. How many seasons are there in a year?
2. What are they?
3. How many months are there in a year?
4. What are they?
5. What season is it now?
6. What month is it now?
7. How many days are there in a week?
8. What are they?

Осы сұрақтар арқылы оқушылардың сөйлеу қабілеттері артып, сөздік қорлары молайып, сабаққа деген қызығушылығы арттырудың өту барысының жоспарын жасау.

Оқушының ойынға белсенді қатысуына қарай еңбегі бағалануы қажет.

I. Алфавитті дұрыс меңгеру үшін барлық әріпке карточкалар жасалады. Мысалы карточкалардағы сол әріптен басталатын аңдардың суреттерін салуы. Бұл ойында оқушылар әріптермен қатар аңдарын аттарын қоса жаттап, әріптерді әліпби тәртібі, ретімен қойып үйретеді.

II. Орфографияны дұрыс оқытуда алдыңғы сабақтармен байланыс ретінде «Сөздіктен сөзді тап» сөзжұмбақтары шешіледі. Тақтаға шыққан оқушы қате жіберсе, қалғандары дұрыс керекті әріптерді айтады. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын осылай ауызша, жазбаша екі бағытта жүргізу. Олардың тілін дамытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше.

III. Лексиканы меңгертуде төменгі сыныптар үшін ойынға қажетті материал: карточкада бірінші басталатын әрпі жоқ сөздер жазылады. Ойынның мақсаты-сөздің бірінші әрпін тауып жазу.

IV. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру. Қазіргі мектептегі негізгі мәселелердің бірі-оқушыны өз бетімен оқуға үйрету. Сондай-ақ бұл мәселе өздігінен білім алуға да әсерін тигізеді. Ынта қойып оқуға жаттығу арқылы оқушы көп нәрселерді біліп, өздерінің білімін толықтырып, ой-өрістерін дамиды. Сонымен қатар дұрыс оқуға дағды алған оқушы мәтіннің ішінен

өзіне қажетті деректі материалдарды таңдап алуға мүмкіншіліктері болады. Мәтін оқумен байланысты мақсаттар қойылады: мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтін не жөнінде айтылған, оқиға қай жерде болған, шығармадағы басты бейнелер. Мәтіннің мазмұнын айту үшін оқылған мәтінге жоспар құрылады, оны бөлімдерге бөледі, ат қояды, оны анықтау мақсатында жоспар құрылады.

Ү. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттырудың тағы бір жолы-грамматикалық ойындарды жиі ұйымдастыру. Ойын оқушылардың белсенділігін арттырып, өтілген тақырыпты қалай меңгергенін көрсетеді. Екі команда оқушылары: а)сөйлем, ә)жіктеу, б)жаттығу орындау, в)суреттеу, г)осы етістіктер арқылы 3-4 сөйлем көлемінде әңгіме құру арқылы жарысады. Мұндай жұмыстар оқушылардың сабақ үстінде шаршамай сергек отыруына жағдай жасап, сабаққа ынтасын арттырады және пәнге көзқарасын қалыптастырады.

Оқушылар сабақты толық меңгеру үшін төмендегі тапсырмаларды ұйымдастыруы қажет:

1. Үйге берілген тапсырманы үнемі орындау;
2. Көрнекілік, техникалық құралдарды қолдана білу;
3. Сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау әрекеттеріне арналған өзіндік жұмыстарға көңіл бөлу;
4. Белсенді талдау кезінде топтасып шулауды тоқтатпау;

Қазаргі таңда біздің алға қойған мақсатымыз егеменді еліміздің болашағы үшін, тәуелсіздігіміздің баянды болуына, қазақ халқын, яғни мемлекетіміздің дамушы мемлекеттер қатарына қосу үшін аянбай еңбек ету.

«Тәрбие басы бесіктен» демекші, егер біз мектептегі тәрбие мен білім беру үрдісін дұрыс және тиімді, ұтымды ұйымдастырсақ, тәуелсіз, егемен іліміздің болашағының жарқын әрі жарық болғаны.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шетел тілін оқыту әдістемесі №3/17 2007ж 21 бет
2. Қазақстан мемлекеті №3 2007ж 59 бет
3. Шетел тілін оқыту әдістемесі №2 2003ж 21 бет
4. Т.В.Рогова, Т.Е.Сахарова «Методика обучения иностранного языка в средней школе» Москва 1998г 162 бет
5. Шетел тілін оқыту әдістемесі №5 2007ж 6 бет
6. Шетел тілін оқыту әдістемесі №4 2008ж 27 бет
7. Мектептегі шет тілі №3 2006ж 44 бет
8. Иностранные языки в школе Москва 2000г 79 бет
9. Т.А.Китайгорская «Методические основы интенсивного обучения иностранным языком» Москва 1986г 78 бет
10. «Ізденіс» журналы №1 2005ж 125 бет

Аннотация: В этой статье сказано о методах изучения английского языка для учеников. И нужно уделять больше времени на устное занятие. С помощью игр можно развить мышление учеников в лучшую сторону.

Resume: This article talks about methods for learning English for students. And you need to spend more time on oral exercise. With the help of games you can develop students' thinking for the better.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫ МЕКТЕПТЕРДЕ
ОҚЫТУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ**

Мамыт С.С., Темірхан Ә.Ж.

5B011900 "Шетел тілі: екі шетел тілі" мамандығының 3 курс студенттері

Ғылыми жетекші : Ахметова Г.Х.

Педагогика ғылымдарының магистрі,

шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы

Егеменді еліміздің қарқынды даму саясатының негізінде қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіліп жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік негіздегі сапалы білім беру мақсатына орай ҚР-ның білім беру жүйесіне жаңаша көзқараспен қарау міндет болып табылады. Бүгінгі таңдағы ұстаздардың міндеті - жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру. Яғни, заман талабына сай білімді де, білікті маман иелерін даярлау. Нарық заманының бәсекесіне құзыретті білім деңгейінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін көрсете алатын мамандарды тәрбиелеу. Біліктілік - әр маманның үнемі жетілдіріп отыратын дайындық дәрежесінің деңгейі. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» - дегендей жас ұрпаққа саналы, мән мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім бүгінгі күннің талабы. Шетел тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарды дамытуға мүмкіндік беретін тұлға аралық және мәдени аралық қарым-қатынастың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттердің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде шетел тілінің сұранысқа ие болуын қажет етіп отыр. Тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып, Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кем дегенде үш тілді қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін білуге тиіс екендігін айтты. Тіл ұлттық мәдениеттің белгісі, оның қайнар көзінің кілті. Тілді тек қарым қатынас құралы ретінде қарау бір жақты ғана құбылыс. Тіл, сонымен қатар, ұлттық ойдың, ұлттық сананың көрсеткіші. Ағылшын тілін білу өмір талабы. Шетел тілін үйрету - қиын да қызықты жұмыс. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған ағылшын тілін меңгеруін келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару - біздің қазіргі басты міндетіміз.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып элуеметтік өркениеттің даму жолына түсуі ағылшын тілін жетік меңгеруін талап етеді. «Жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандартының» талабына сай ағылшын тілін оқыту қазіргі мектептерде төменгі сыныптан басталады. Ағылшын тілін оқытудың мақсаты - оқушының ағылшын тілінде қарым-қатынас алу, негізін меңгеру болып табылады. Ерте жастан шетел тілін оқыту оқушылардың коммуникативтік даму біліктілігін, оқушының қызығушылығын ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бірден көп тілде сөйлеуге мүмкіндік алады.

Шетел тілін оқытуда, тәрбиелік мақсатқа да көңіл бөлген жөн. Текстерді оқыған кезде оқушыларда интернационализм сияқты түсінік қалыптасады. Шетел тілін оқығанда әр уақытта сөздік пен справочник қолдану керек. Сондықтан ағылшын тілі сабағы оқушылардың өздігінен ізденуіне көмектеседі. Қазіргі таңда жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне көңіл аудара отырып, сапалы білім беру талаптары алға қойылып отыр.

Встает вопрос, какие есть эффективные средства обучения иностранного языка? Именно чтение дает возможность для всестороннего развития обучающихся иностранному языку. Формирование навыков и умений в чтении является одной из важнейших составляющих процесса обучения иностранному языку на всех его этапах.

Чтение относится к рецептивным видам речевой деятельности, входит в сферу коммуникативно-общественной деятельности людей и обеспечивает в ней письменную форму общения. Это речевая деятельность, направленная на зрительное восприятие и понимание письменной речи. Для понимания иноязычного текста необходимо владение набором фонетических информативных признаков, которые делают процесс опознавания мгновенным.

Рецептивная речевая деятельность складывается из восприятия и осмысленной речи. В отличие от восприятия устной речи при чтении информация поступает не через слуховой, а через зрительный канал.

По мере накопления лексических единиц многие люди нуждаются при изучении иностранного языка в зрительной опоре, так как воспринимать только на слух речь крайне трудно. Особенно это касается тех людей, у которых зрительная память развита лучше слуховой памяти. Поэтому так актуально чтение.

Читающий слышит себя, поэтому и слуховые ощущения являются обязательным элементом чтения. Они дают возможность проконтролировать правильность собственного чтения. Одновременно с восприятием читаемого происходит его осмысление. Эти две стороны процесса неразрывно связаны между собой.

Изучающие иностранный язык знают, как нелегко самостоятельно выбрать подходящее пособие. А особенно трудно приходится начинающим. Обычно они имеют весьма смутное представление о том, что такое хороший учебник по иностранному языку. В таком случае проще тем, кто изучает иностранный язык с персональным преподавателем или на курсах. Скажут какие пособия позволят и как с ними работать. Выбор

учебника зависит от цели обучения. Некоторые пособия позволят быстро «разговориться» и не загрузят большим объемом грамматики, другие направлены на постепенное глубокое погружение в иностранный язык, которых грамматический материал излагается очень подробно с множеством примеров и упражнений.

Многие из нас любят читать и многие хотели бы улучшить свой английский. Это совместить приятное с полезным. Регулярное чтение, а особенно вслух, существенно ускоряет процесс освоения языка. Во-первых, книга дает «чувство языка» того, как языковые конструкции и грамматика работают на практике. Во-вторых, пока новые слова встречаются в текстах, их гораздо запомнить и выучить, чем повторяя по отдельности, выписывая на карточки или в тетрадь. Заметим, что чтение вслух ускоряет освоение языка вдвойне, так как речевые слуховые и лингвистические центры нашего мозга тесно связаны между собой.

К сожалению, не достаточно услышать слово на иностранном языке однажды, чтобы запомнить его на всю жизнь. Даже новые слова на родном языке нам не всегда просто запомнить. Лучший способ борьбы с забыванием – это регулярное повторение. Но зубрежка – это самый неэффективный и способ повторения. Гораздо приятнее читать книги. Слова лучше всего запоминаются в контексте. Если новое слово ассоциируется у нас с каким-то событием в книге, с какой-то сюжетной линией, то оно намного лучше запомнится, чем если мы просто возьмем в руки словарь и будем учить все слова подряд в алфавитном порядке.

Литература:

1. Вайсбурд М.Л., Блохина С.А. Обучение пониманию иноязычного текста при чтении как поисковой деятельности. // Иностр. яз. в школе. 1977, №1-2. с.
2. Программа по иностранным языкам для 1-11-х классов общеобразовательной школы. / МИПКО; Под ред. В.В. Пономаревой. - М.: Р.Пресс, 2000 - 82 с.
3. Преодоление трудностей в обучении чтению на английском языке в средней школе. / Матковская И.Л. www.ISeptember.ru.
4. Шевякова А. Методики обучения чтению: что лучше? [http //www.mast/quensuca /~alexch/F _sTht/read_meth/ htm](http://www.mast/quensuca/~alexch/F_sTht/read_meth/htm)

Түйіндеме: Мақалада шетел тілін оқыту үдерісінің барлық кезеңінде оқуда маңызды құрастырудың білік және дағды мәселелері қарастырылады.

Resume: This article deals with the questions of forming skills and abilities in reading as one of the important process of teaching foreign language in all stages.

СҮЙІНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрлан Ж.Қ.

5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Рахметова Б.А.

Қазақ әдебиетінің алғашқы даму сатысындағы жоғарғы орын алатын саласы – ақындық өнер. Ақындар үшін сөз таласы, сөз барымтасы, сөз майданы – суырып салмалық өнер болатын. Ол – ақындық өнерді салыстыратын, жауаптала отырып, білім шарқын байқататын. Сондықтан да, суырып салма ақын бұл жайды жақсы ұғынып, әрдайым сөз саптап жүретін болған. Қыныптан қылыш суырғандай жалт еткен өнер иелері заманның қиындығына қарамастан сол кездегі би-шонжарлардан тайсалмай, істерінің көлеңке тұстарын бетіне басып отырған.

Ұлы ақын Жамбылдың ұстазы Сүйінбай Аронұлы – қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі өнерпазы, табиғаты зор талант иесі, суырып салма өнердің жарық жұлдыздарының бірі. Оның поэзиясы біздің көп ұлтты әдебиетіміздің алтын қорына қосылған әлеуметтік мәні үлкен шығармалардың қатарына жатады.

Жыр дүлдүлі Сүйінбай ақын өзінің шығармаларында үнемі еңбекші халықтың атынан сөйлеп, қарапайым көптің үміті мен бақытты келешекке деген сенімін және арман-тілегі мен мұрат-мақсатын бейнелейді. Өз дәуіріндегі қоғам өмірінің ішкі сырларына жете үңіліп, оған тән барлық әлеуметтік қатынастар мен қасиеттерді халықтық көз қарас тұрғысынан бағалап, кесімді ой-пікірлерін шыншылдықпен айтып берді. Бүкіл саналы өмірі мен қажыр-қайрат, күш-қуат, бойындағы ақындық талантын түгелдей туған елдің болашағына арнады, тек қана еңбекші халыққа қызмет ету жолына жұмсады. Қазақ халқының өткен ғасырдағы өмір шындығы, тарихи қоғамдық даму сипаттары мен ұлттық тұлғасы ақынның шығармашылығында барынша жан-жақты көркем суреттелген.

Сүйінбайдың поэзиясы әрқашан терең философиясымен, ой сұлулығымен және тіліндегі поэтикалық өрнек-айшықтарымен ерекшеленеді. Оның ақындық, азаматтық даңқы туған жерінің шегінен асып, туысқан қырғыз, қарақалпақ халықтарына да кеңінен мәлім болған. Міне, сондықтан да академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов Сүйінбайды «айтыс өнерінің алтын діңгегі» деп атаған. Ал, суретші Ә.Қастеев Сүйінбайдың ақындық талантын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында: «Сүйінбай ақын бір ғана Жамбылдың ұстазы емес, ол күллі көркемдіктің, әдеміліктің ұстазы», – деп бағалаған.

Жыр нәсері Сүйінбайдың тілінде таудың суындай тазалық, алмастың жүзіндей өткірлік бар. Ол табиғат пен адамзаттың арасындағы байланысты айтса да немесе қоғамдық қатынастарды бағалап сынаса да, яки өмірдің ағысы мен қозғалысын жырласа да оның поэзиясынан теңіз астынан терілген лағыл тастай әдемілік пен сұлулық сезіледі. Сол себепті, қарапайым адам айта беретін кез-келген ой ақын орындауында құбыла өзгеріп, сыршыл сипат алады, сиқырлы әуен-саз бітіп, белгілі бір өлшем, пішіні бар түр-реңге енеді. Оған көз жеткізу үшін Сүйінбай жырларына тереңінен еніп, сыйқыры мол тілімен үндесетін боламыз.

Өлең сөздің ішкі мүмкіндігін жарқырата ашып, оның сәні мен әрі болатын суретті сөздердің бірі – эпитет. Ол – көңіл күйге және суреттемелік құбылыс пен мазмұнына тікелей бағытталып, әрқашан ақынның тереңде жатқан жан тербелісінен хабар береді. Мысалы:

*Елімді қораишсынба, дәу Батырбек,
Көргем жоқ әлі ешкімнің ақысын жеп.
Даңкеуде, доң қабырға, қомпылдаған,
Жуандық кісі екенсің ақылы жоқ.*

Жоғары шумақта ақын ел езген азулы феодалдың лаң ісіне наразылық білдірген. Ол ойын бірнеше эпитеттерді қатар қолданумен екі ауыз сөзбен өте ұтымды жеткізген. Жоғарыдағы қарамен ашып көрсетілген сөздер – күрделі эпитеттер. Ол сөздер Батырбектің мінез-құлқы мен кескін-кейпін түгелдей сипаттап ашып отыр. Әрі одан автордың елге тізесі батқан феодалға деген ашу, кегі, бітіспес өшпенділігі анық байқалады. Бір ескертетін жай – Батырбек сияқты халық жек көрген билеушіні шенеу үшін ақын айтқан эпитеттер жоғарыдағыдай уытты мысқыл, кекесін түрінде болып келеді.

«Сөз өнерінің зергері Сүйінбай Аронұлы қолданған эпитеттер қазақ поэзиясында бұрын да болған. Атап айтқанда, олар сын есімнен, көсемшеден, өткен шақ есімшеден және тұрақты эпитет болып төртке бөлінген. Осы төрт түрлі тәсіл арқылы Сүйінбай көркем өлеңнің озық үлгілерін жасаған»[1. 175].

I. СЫН ЕСІМНЕН:

*Бір сөз айтсам, кетесің қарғып-орғып,
Нетермін асыл сөзді саған қор ғып.*

II. КӨСЕМШЕДЕН:

*Батырдың ызғарына шыдай алмай,
Далбаңдап Орман қашқан таудан асып.*

III. ӨТКЕН ШАҚ ЕСІМШЕДЕН:

*Ей, Салиха, Салиха,
Мыңғырған байдың малы үшін,
Құрбан болып барасың.*

IV. ТҰРАҚТЫ ЭПИТЕТ:

*Тұлпар аттар сол елде,
Ақ ордаға бағылып,
Дорбадан торғын жем жеген.*

Эпитеттерді жоғарыдағыдай өмір, қоғам тынысын ашуда зор суреткерлікпен пайдаланып, тиімді қолдана алуы Сүйінбайдың аса нәзік, сезімтал өлең сөзге қатал талап қойғыш тағампаз, тәжірибе-таразысы биік ақын болғандығын аңғартады.

Ойын көркем айтып, нақты жеткізуде, әсіресе, ақын салыстырып бейнелеу әдісін шебер пайдаланған. Сол арқылы теңеудің небір тамаша, әдемі түрлерін жасаған. Адамға мінездеме, баға берген кезде ол – ойын көбіне – көп теңеулер арқылы жүзеге асырады. Алынған объектінің пішін-бітімін айқын, дәл ашатын жанды теңеулерді жиі қолданады.

*Қырық құлаш қорғанға,
Сен неге сонша шаппадың?!
Ат бауырына жабысып,
Қолыңдағы ақберен,
Жауға сілтеп атпадың!
Қорқақ қоян секілді,
Өз басыңды сақтадың.*

Үзіндіде Тезек төренің жауға қарсы бара алмай тайсақтаған табансыздығын әшкерелеген. Оның ел мүддесінен алыс жатқан ниетін, тек өз басының амандығын көздеген жүрексіздігін «қорқақ қоянға» теңейді. Төренің «қорқақ қоян» секілді мүшкіл, мүсәпір, халі ажуаланады.

Ақын салыстыра қарау үстінде адам характерін оған тән белгі, қасиеттерді соншама жақын, анық елестетеді. Алған теңеулері де табиғи, жатық, қонымды.

*Жақсы кісі көрінер жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұңғысындай.
Қоқанның ханы қағынды,
Байлаулы тұрған төбеттей,
Аласұрып шабынды.*

Бірінші мысалда адам бойындағы мінез-құлық екіге бөлініп қаралған да, олардың әрқайсысына шақ, лайықты баға айтылған. Ел алдында атқарған қызметі бар, көпке сыйлы, қадірлі адам «жыл құсына» теңелген. Жыл құсы жылына бір рет көрініп, ұзақ күттіріп жетсе, мінезге бай жақсы адам да нақ сол құс сияқты өзін сағындырып, аңсатып отырады, өйткені ол барша халықтың аяулы азаматы деген ой аңғарылады. Осыған қарама-қарсы халық жаратпаған, жүріс-тұрысы күдік-күмән тудыратын адам кейіпі суреттеледі. Бір ғана «балтанаң ұңғысындай» деген теңеуден жағымсыз, мінезі жайсыз адамның бүкіл іші-тысы түгел көрінеді.

Ал, соңғы мысалда Қоқан хандығының соғысқұмар ниеті шенеліп, барынша ащы мысқылданады. Көрші елдің жер суына қол сұғып, ойына келгенін істеген Қоқан ханы «төбетке» теңеледі. «Төбеттей аласұрып шабынған» басқыншының күлкілі, мазақ бейнесі жасалған. Мұнда теңеу өткір, улы сарказыммен астарласып, оның әсерлілігі мен мәні арта түскен. Осындай қоғамдық, әлеуметтік тыныс тіршілікті екінші бір затпен салыстырып, ұқсатып көрсететін суретті теңеулер ақын творчествосында өте мол.

«Сүйінбайдың жеке орнына көпшені, бүтін орнына бөлшекті қойып айтқан өлеңдері, әрдайым, адам мінез-құлқын ашудағы дәлдігімен, құрылыс-бітімінің ширақтығымен ерекшеленеді»[2.172]. Ауыстырып айтудың мұндай түрінің ақын шығармаларындағы үлгілері төмендегідей:

*Даулысың көптен бері Балғалымен,
Күнің өтті сол істің жан-жалымен.
Өзге төре өлсе де Сөк өлмейді,
Осы пұшық құдайдың кенже ұлындай.*

Мұндағы синекдохалар – «Балғалымен», «пұшық» деген сөздер. Алғашқы мысалда жалқының орнына жалпы қолданылған. Себебі, Балғалы – Ұлы жүздегі Жалайыр тайпасындағы бір рудың аты. Шындығында өлеңде сыналып отырған адам тұтас бір елмен жан жалдасып жүрген жоқ, сондағы бір кісіменен даулы болып жүр. Бірақ ақын істің әсерлілігін күшейту мақсатында жалқыны жалпымен алмастырған. Ал, келесі мысалда бөлшек бүтіннің орнында тұр. Бір ғана «пұшық» өзі азулы феодал Сөк төренің бүкіл іс-әрекеті мен мінез-құлқын сипаттайды.

«Адамға тән іс-қимылдарды ақын кейде жанды-жансыз заттардың әрекеті етіп те сипаттайды. Сүйінбайдың астарлап айту әдісінде жанды-жансыз заттың қалқасында адам мінезі, ісі көрініп тұрады»[3.257].

Асылы, Сүйінбай шығармаларында аллегорияға қойылатын талапқа қарғаның атынан айтылатын сөздер сай келеді.

ҚАРҒА:

*Қарға деген ел едік қарқылдаған,
Қар жауып боран соқса жалпылдаған,
Ауыз бірлік бізде де болушы еді,
Үлкен айтса бас изеп мақұлдаған.
Біздің де ішімізден жуан шықты,
Бөлінген ру басы уан шықты,
Шоу қарға, қара қарға, құзғын қарға, –
Деп атап, таңба басты Дуан мықты.*

Ақын қарғаны сөйлету арқылы үлкен әлеуметтік мәселені қозғаған. Феодалдық қоғамдағы тап теңсіздігін ашып берген. Қазақ халқының үш жүзге бөлініп қырқысып жатқанын да өлең арқылы баса айтқан. Ақын аллегорияны шебер пайдалана білген.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілдерінің бірі халық мүддесі үшін сөз жарыстырып, бәйгеге түскен азамат ақын Сүйінбай Аронұлыны өз шығармаларында ел өмірінің тарихи даму сатылары мен қоғамдық қарым-қатынастарды үлкен шыншылдықпен көркем бейнелеген. Тарихи ортадағы қандай ірі оқиғалар болмасын, қандай талас-тартыс болмасын, оған тән барлық ішкі қайшылықтар мен өзгерістерді ақын тек қана халықтың мұң-мүддесі тұрғысынан бағалап шешкен. Әрқашан еңбекші халық атынан сөз сөйлеп, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқтығын» аңғарта білген.

Оқиға және құбылысты немесе білгілі бір адам мінезін суреттеуде ақын дамыту тәсілін де өте оңтайлы қолдана білген. Дамытудың бір шарты – бір сөз екінші жерде қайталанбау керек. Айтылатын ой бірден-бірге өсіп, өрбіп, үдеп отыруы тиіс. Ондайда алдыңғы ойдан соңғы ой артып, беретін әсер, күші жағынан асып-түсуі шарт.

*Хан емессің қиықсың,
Жанға жауап бермейтін,
Дүлей мылқау сияқты,
Қиял мінез тұйықсың.
Дүниені жұтса тоймайтын,
Түпсіз жатқан ұйықсың.
Қадірің жоқ халыққа,
Аққан судай сұйықсың.
Судан да сусын қанады,
Оппа балшық сықылды,
Жұтқыш лай былықсың.*

Шумақта ақын ел билеген әділетсіз ханға жан-жақты сипаттама жасаған. Әр шумағында сол сипаттаманы асыра отырып ұлғайтуды пайдаланған. Хан ісіндегі терістікті, тойымсыздықты дамыту әдісімен өлтіре шенеген.

Сүйінбай поэзиясына тән көркемдік мәнер-машықтың бірі – қалыпты жағдайдағы сөйлем құрылысын әдейі бұзып, сөздердің орнын ауыстырып айту. Ондайда инверсия заңына сәйкес ақын өлеңдерінде сөйлем мүшелерінің тұрақты орны өзгеріп, ауысып келеді.

*Қоймасаң бұзықтықты, кезеп төре,
Кетерсің біз қозғалсақ таудан асып.*

*Көргенде алдыңдағы жақсыларды,
Болсам деп сен де солай ойлап едің.*

Бірінші мысалды әдетте «Қоймасаң», «Кетерсің» деген сөздер сөйлем соңында, ал «кезеп төре» тіркесі жол басында келуі керек. Екінші мысалда «Көргенде» сөзінің орны жол аяғында, «Болсам деп» сөзінің орны «ойлап едің» баяндауышының алдында болуы керек еді. Ақын осы тәртіпті өзгерте отырып, сөйлемді өзінің қалауынша қолданған. Бірақ ол аса тапқырлық пен ақындық машықты көрсете білді. Сөйтіп, өлеңге тиімді, әуезді ырғақ берген, айтайын деген ойына жаңа леп, екпін қосып, мағынасын күшейте түскен.

Поэзиялық шығармаларда кездесетін көркем айтудың бір түрі болып табылатын бұл фигурада ойын әсерлі етіп беру үшін Сүйінбай табиғатта болатын әрекет, өзгерістерді тілге тиек етеді. Өзінің ішкі толғаныс күйін табиғат құбылысымен қатар қойып суреттейді. Бұл – өлеңге өзгеше ажар, көрік, рең үстейді.

*Күннің көзін жасырар,
Аспады бұлт торласа.
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.*

Шумақта күн мен ел егіз алынған. Күн мен ел тағдырын параллель қою арқылы ақын өзінің ішкі ой қорытындысын ұсынып отыр. Өлеңнен күн тағдыры бұлтқа, ел тағдыры әділеттілікке қатысты екенін ұғу қиын емес. Табиғат құбылысын ел тілегімен үндестіре отырып, ақын терең мағыналы әлеуметтік ой айтқан. Өзі өмір сүрген қоғам сипатына баға беріп, оның қимыл-амалын, тыныс-тірлігін параллелизм әдісімен ашқан. Міне осылай, ақын тілдік көркемдегіш құралдардың тың мүмкіндігін көрсеткен. Эпитеттің, метафораның көптеген күрделі, қиын жасалу жолдары Сүйінбай шығармаларында жаңа айшық, реңге енеді. Әсіресе, жансызға жан бітіріп, кейіптеп айтуда ақынның тек өзіне ғана тән ізі, образды қабылдаудағы көркемдік әлемі бірден көзге түседі. Ал, екпіндей төге жырлап кеткен тұстарда өлең тармақтары кәдуілгі төрт, бес, алты өлшемдерге сыймай түйдек-түйдегімен түсіп отыруы – ақынның талант табиғатындағы ерекше қасиеті, өзіндік өрнек тәсілі болып табылады.

Қорыта айтқанда, Сүйінбай Аронұлының ақындық өнері мен әлеуметтік-қоғамдық қызметі жөнінен мынадай тұжырымға келеміз:

Сүйінбай – еңбекші елдің күрескер, бұқарашыл, азамат ақыны. Ел мүддесін, қарапайым халық мүддесін қорғаушы, халық атынан шығып залым феодалдар алдында қаймықпай жауап беруші, талап етуші. Оның шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық құрылысы, ондағы ішкі-сыртқы саяси оқиғалар мейлінше айқын, шыншылдықпен көрініс тапқан.

Сүйінбай – айтыс өнерінің ұлы ұстазы. Оны XIX ғасырдағы халық ақындарының бәрі дерлік пір санаған. Оның сөздері от ауыздан шыққан өткір де нәсерлі болатын. Дәл тауып айтысатындығымен де, қарсыласының осал тұсын, не ойлап тұратындығын біліп жауап қатуымен де оның айтыстары ерекшеленетін. Жамбыл, Бармақ, Майкөт, Бақтыбай сияқты ақындар Сүйінбайдың айтыс өнеріне ден қойып, оның ақындық мектебінен баулынып, тәрбиеленген.

Сүйінбай – адам тағдыры мен тіршілік әрекеттерін даму, жаңару, жаңғыру үстінде болады деп түсінген. Өмірдің өту, өзгеру мәні, құндылығы жайында көптеген қорытындылар жасаған халықтық-философ ақын. Өткір мысқыл мен аз сөзге көп мағына сыйдырып айтудың үздік шебері.

Сүйінбай – ақындықты өнер деп білген сөз зергері. Ол өлең сөзге қатаң талап қойған. Ақын өлеңдері мағынасының айқындылығымен, буын, бунақ сандарының симметриялық дәлдігімен ерекшеленеді. Сондықтан да Сүйінбай жыры, Сүйінбай сөзі туған халқымен бірге ғасырдан-ғасырға мәңгі жасай береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәріпов Ә. Қазақ жерінің ұлы ақыны. Алматы, 1973.
2. Ахметов Ш. Ақиық. «Социалистік Қазақстан», 1972.
3. Нұрмағамбетова О., Тәжібаев Ә. Ұлы жыршы. Алматы, 1972.

***Аннотация:** Сүйінбай Аронұлы, поэт поэтического искусства, богат графическими и преувеличенными словами. Его поэзия – это художественное средство языка, которое воплощает уникальную красочную мелодию и заканчивается*

таинственной мелодией, тропе и фигурой (явление и ясность). При использовании артефактов поэт продемонстрировал большой интеллект и тонкую чувствительность, изобретательность и впечатляющее явление, действие и характер.

Resume: Suyunbai Aronovich, the poet of poetic art, is rich in graphic and exaggerated words. His poetry is an artistic medium of the language, which embodies a unique colorful melody and ends with a mysterious melody, trail and figure (phenomenon and clarity). When using artifacts, the poet demonstrated great intelligence and subtle sensitivity, ingenuity and an impressive phenomenon, action and character.

УДК 81-22

ВОПРОСЫ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ПОЛИЯЗЫЧИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ

Нұрсали Ә.С.

*Студентка 3 курса специальности 5В012200 «Русский язык и литература
в школах с нерусским языком обучения»*

Научный руководитель: Ибрагим А.Е.

*Магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры
иностранных языков, русского языка и литературы факультета
педагогики и филологии*

Современное иноязычное образование, как важная составляющая образования в целом, отражая сложную сущность процесса и результата обучения иностранным языкам, а также воспитания и развития личности обучающегося средствами образовательной дисциплины «иностранный язык», позволяет выходить в область лингвообразовательных ценностей и смыслов.

Также оно затрагивает сферу приобретения обучающимся социально значимых качеств, помогает проследить системные связи всех социальных институтов и всех субъектов столь сложных процессов и явлений, какими являются межкультурное и межличностное общение, познавательная, профессиональная деятельность на родном и на изучаемом языках [1].

Мир, стремительно меняющийся под воздействием глобальных вызовов, заставляет расширять рамки деятельности, выдвигать новые инициативы во всех сферах жизнедеятельности. Президент Казахстана Н. А. Назарбаев, разрабатывая политический курс страны, обозначил цель – быть приверженными диалогу культур и цивилизаций [2].

Одним из важных направлений в данном вопросе является рождение такого феномена, как полиязычие казахстанцев. Это основа конкурентоспособности нашего государства. Именно поэтому дети с ранних лет, наряду с казахским языком, активно изучают русский и английский языки.

Исследования разных культурных общностей через сравнение их образа мира особенно важно в настоящее время, когда расширяющиеся межэтнические контакты обнажают различия в сопоставляемых культурах. Идея диалога культур разворачивается на уровне повседневного общения автономных личностей. Возможность и способность к тотальной коммуникации персонифицированных индивидов в условиях нарастания глобальных процессов времени становится проблемой не только сознания, но и бытия вообще.

Как известно, язык и сознание образуют противоречивое единство. Язык влияет на сознание: его исторически сложившиеся нормы, специфичные у каждого народа, в одном и том же объекте оттеняют различные речевые признаки. Основой развития сознания является диалог, коммуникация, содержащие всё богатство человеческих отношений, позволяющие освоить не только мысли других людей, но и бесконечные смыслы культуры. В развитии сознания язык играет амбивалентную роль. То есть с одной стороны - языковая среда опосредует этническую окрашенность сознания. С другой стороны - выступает определенным посредником между бытием и логическими структурами.

Между потенциальными общающимися всегда существуют определённые взаимоотношения. Каждый из общающихся достигает своих целей с помощью таких средств, как говорение, письмо, чтение и так далее. Поскольку общение диалогично по своей природе, в нём участвуют две стороны. Правда есть и многосторонние формы общения. Например, дискуссия. Но акт социального взаимодействия как единица общения двусторонен. Именно вследствие его двусторонности продуктом общения становится интерпретация информации.

Иначе говоря, происходит «столкновение» двух позиций. При этом не обязательно противоположных. Таким образом, появляется нечто новое – новые знания, мысли, чувства. Это новое и оказывает воздействие на общающихся и определяет их тактику в рамках задуманной стратегии [3].

Благодаря конструктивным мировоззренческим инициативам наше государство сегодня стало своеобразным мостом в диалоге культур. Поэтому актуальность иноязычного образования определяется всеобщей мировой тенденцией к интеграции в экономической, культурной и политической сферах. Полиязычное обучение – это целенаправленный процесс приобщения к мировой культуре средствами нескольких языков, когда изучаемые языки выступают в качестве способа постижения сферы специальных знаний, усвоения культурно-исторического, и социального опыта различных стран.

Вся эта работа связана с созданием благоприятных психолого-педагогических условий для формирования у обучающегося ценностных ориентаций, мотивов, личностных позиций, компетентностей межличностного и межкультурного общения, познания и самопознания и совершенствования компетенции; развития у него способности к самоидентификации, умений критически мыслить, работать с

информацией на иностранном языке, достойно представлять свою страну в ситуациях межкультурного общения; воспитания средствами учебного предмета таких социально-значимых качеств и личностных свойств, как: толерантность, креативность, открытость, коммуникабельность, ответственность, мобильность и другие.

Язык не только способ и средство общения и самовыражения, но и средство понимания, расшифровки бесконечных смыслов Вселенной. На внутреннюю и внешнюю действительность человек накладывает сетку значений, выраженных в языке. Тем самым человеческое бытие живет в языке и само себя через язык понимает.

Этническое самосознание, возникая и развиваясь вместе с самой этнической общностью, проходит различные исторические стадии, проявляется с различной степенью интенсивности – от слабо осознанной принадлежности к своему этносу, перекрываемой чувством принадлежности к другим группам (религиозным, территориальным и т.д.) до сильно развитого патриотического чувства, связывающего воедино личную судьбу и судьбу нации, подчиняющего личные интересы и саму жизнь индивида интересам национального целого.

Как известно, специфика иноязычного образования обуславливается рядом факторов, к которым относятся:

1) *социально-экономические и политические факторы*: престижность или непопулярность знания неродных языков, социальная потребность в иностранном языке как средстве общения, возможность у граждан общества реального использования неродных языков, традиции в изучении и выборе иностранных языков, финансовая база системы образования и др.;

2) *этнокультурные/ социокультурные факторы*: близость, общность, различия языков и культур, отношение к народу – носителю неродного языка, к чужой культуре, к обществу, система культурных и социальных ценностей, принятая в обществе и др.;

3) *социально-педагогические факторы*: государственная политика в области образования, в том числе иноязычного, концепция образования, принятая на государственном уровне, место иностранного языка как учебного предмета в образовательной системе в целом, наличие квалифицированных кадров, материально-техническое оснащение образовательной сферы и др.;

4) *методические факторы*: уровень развития методической науки и смежных с нею наук, методическая концепция/ подход, цели, содержание, принципы обучения иностранным языкам, зафиксированные в программах, учебно-методических комплексах, монографиях и так далее;

5) *индивидуальные факторы*: индивидуальные и социальные особенности обучающегося и преподавателя/учителя, их позиция как субъектов образовательного процесса, интересы, намерения, желания, мотивация в изучении иностранных языков и их практическом использовании.

Подобное разделение факторов, детерминирующих иноязычное образование, условно, и подчас достаточно трудно провести между ними четкую границу. Это объясняется тем, что связь этих факторов не носит причинно-следственного характера, а - скорее, они взаимосвязаны и взаимообусловлены, позволяя устанавливать взаимосвязь таких категорий, как «общество» - «наука» - «практика».

Изменения в общественной жизни, новые данные в области базисных и смежных с методикой наук, в равной степени, как и новаторство на управленческом и операциональном (технологическом) уровнях образовательной деятельности и в сфере практической деятельности педагогических кадров влияют друг на друга. Так, например, новые социально-экономические условия неизбежно приводят к изменению требований к уровню и качеству иноязычного образования на общественно-государственном, общецивилизационном и индивидуально-личностном уровнях.

Кроме того, тот или иной неродной для обучающегося язык выступает в качестве одного из средств социального и межкультурного взаимодействия, поэтому социально-экономические и политические факторы сказываются на престижности и практической целесообразности изучения этого языка и, конечно, на содержании образовательного процесса в целом.

В свою очередь, методическая наука обладает интегрирующими свойствами, «преобразуя» требования, выдвигаемые обществом и системой образования по отношению к учебному предмету “неродной/иностранный язык”, в учебные программы, учебные пособия и рекомендации по организации и содержанию иноязычного образования.

В то же время и реальный образовательный процесс, в силу тех или иных обстоятельств, может тормозить или ускорять внедрение новых эффективных форм и технологий обучения иностранным языкам. К таким обстоятельствам относятся, прежде всего, слабый уровень профессиональной подготовки преподавателей/учителей, их нежелание отказаться (по тем или иным причинам) от укоренившихся в их опыте привычек в организации образовательного процесса, несоответствующих современным воззрениям на иноязычное образование, их неумение соотносить методические системы с конкретными условиями реального образовательного процесса.

Это самым естественным образом сказывается на качестве реализации общественно-государственных и индивидуально-личностных запросов по отношению к этому образованию.

Следует заметить, что названные выше факторы не являются принципиально новыми. Они всегда находились в центре внимания исследователей образовательной сферы. Однако содержание, а, точнее, характеристика совокупности данных факторов, существенно изменилось в последние десятилетия. Изменения, являющиеся отражением мировых тенденций общественного развития, обусловлены тем, что XXI век явился веком интеграции в различных областях общественной, культурной и научной жизни.

Исключение не составляет также и образовательная сфера, в том числе и по иностранным языкам. В то же время, наряду с процессами, сближающими народы, необходимо отметить также возникновение и обострение глобальных проблем (этнические конфликты, экологические проблемы, терроризм и другие), имеющих жизненно важное значение для всего человечества и требующих для своего разрешения консолидации его усилий. Не случайно культурная, духовная интеграция выдвигаются в качестве безальтернативного императива настоящего столетия.

Особая роль в этом отводится образованию в целом и иноязычному в частности. Как известно, насилие не заложено в человеческих генах, но в них отсутствуют навыки и умения осуществлять социальные преобразования ненасильственным способом. Эти навыки и умения диалога и переговоров, целеустремленного поиска того, что людей объединяет, а не разъединяет, последовательного стремления к демократии составляют (или должны составлять) содержание современного образования.

Значение иноязычного образования как составной части гуманитарного образования в решение этой задачи трудно переоценить. Оно, являясь средством адекватного взаимодействия между представителями разных лингвоэтнокультур и, следовательно, средством осуществления на планетарном уровне социальных преобразований ненасильственным путем, формирует личность обучающегося, его готовность жить и работать в меняющемся мире с его эколого-информационными проблемами, развивает способность к различным формам общения, умение перерабатывать информацию и принимать необходимые решения.

Отсюда очевидно, что в настоящее время иноязычное образование ориентировано на решение проблемы развития языкового многообразия в обществе и многоязычия его граждан. Известно, что современное общество становится поликультурным, требующим от его субъектов терпимости и понимания в общении с представителями иных национально-культурных социумов, а самый ближайший мир ученика многомерным и многокрасочным.

Поэтому для иноязычного образования особо значимым становятся, во-первых, учёт культурной, этнической и религиозной специфики обучающихся, и, во-вторых, развитие у них толерантного отношения к представителям и явлениям иной лингвоэтнокультуры, умение лучше понять свою культуру и её роль в становление мирового общекультурного пространства.

В ситуации многоэтничности и мультиязычия, столь характерных для любого современного общества, каждый человек должен осознать, что он – лишь отдельный микрокосм более глобальных процессов и явлений, протекающих в окружающем его мультилингвальном макрокосмосе, который имеет многообразные лингвоэтнокультурные оттенки.

Это положение определяет основные смысловые приоритеты современного иноязычного образования и позволяет определить его специфические особенности на современном этапе общественного развития.

Казахстан многогранен и силён своей многонациональностью. Евразийские корни казахстанцев позволяют соединить восточные, азиатские, западные, европейские особенности и создать уникальный казахстанский вариант развития поликультурности. Обретая свой собственный имидж в условиях глобального мегамира, мы стремимся найти новые позиции с целью развития, упрочения имеющихся мультикультурных связей.

В заключение, делая выводы по данной работе, хочется привести слова из Послания Президента страны Н.Назарбаева: «Казахский язык – наш духовный стержень. Владение русским языком – это наше историческое преимущество. Нельзя игнорировать тот факт, что именно посредством русского языка уже на протяжении не одного столетия казахстанцы обретают дополнительные знания, расширяют свой кругозор и круг общения как внутри страны, так и за её пределами. Мы должны сделать рывок в изучении английского языка. Это откроет для каждого гражданина нашей страны новые безграничные возможности в жизни» [4].

Список использованной литературы

1. Гарбовский Н.К. Сопоставительная стилистика профессиональной речи. М.: Изд-во МГУ, 1988. С. 144.
2. Дорошок Е. «Полиязычие сегодня востребовано». Газета «Учительская плюс», выпуск № 33. 2013. С.5
3. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. М.: «Просвещение». 1991. С.222.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 14.12.2012 г.

Түйіндеме: Қоғамдық дамудың қазіргі кезеңіндегі шет тілдік білім мен көптілділіктің ерекшелігі әлемдегі саяси және экономикалық үрдістердің кейбір тұрақсыздығына қарамастан, шет тіліндегі білім беру миссиясы қоғамдағы лингвистикалық және мәдени әртүрлілікті қолдау болып табылады. Сонымен қатар, азаматтардың басқа лингвистикалық этномәдениетті өкілдерімен нақты және виртуалды мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігі мен дайындығын дамытуда.

Resume: The specificity of foreign-language education and multilingualism at the present stage of social development is such that, despite certain instability of political and economic processes in the world, the mission of foreign-language education is support linguistic and cultural diversity in society. And also in the development of the ability and readiness of citizens to real and virtual intercultural interaction with representatives of other linguistic ethnocultures.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУЫ**

Оспан Ф.Ж.

5B011900 – «Шетел тілі : екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Анапин Е.Х.

Шетел тілдері, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Мектепте тәрбиелеу – оқыту жұмысында оқушылардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасындағы балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі – тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі. Ағылшын тілі сабағында сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектепте оқушылардың сөздік қорларын дамыту ісінде:

- оқушылардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді оқушы үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Оқушылардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Оқушылардың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын білу аса қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдық – тақырыптық негізінде сөз іріктеледі. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты мақсаты – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, оны сөйлеу тілінде түрлі тұлғада қолдана білуі, яғни оқушы ол сөзді кез келген грамматикалық формада қолдана алуы қажет. Мысалы: оқы, оқып отыр, оқыған, оқиды т. б. мысалда олар әртүрлі грамматикалық формада беріліп тұр. Әрине, сөздік жұмысы арнайы сабақ болып өтілмейді. Ол біздің әрбір сабағымыздан орын алады. Сондай – ақ, сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздермен ұғымдарды түсіндірумен ғана шектелмейді. Оқушының сөздік қорын қалыптастыруға байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

1. Әр сабақта белгілі мөлшерде оқушыға жаңа сөз үйретіп отыру, яғни оқушының сөздік қорын дамыту.

2. Оқушыны сөзді тыңдауға жаттықтыру.

3. Оқушы меңгерген сөздерімен сөз тіркесін, екі – үш сөзден тұратын сөйлем құрай алатын болуға тиісті. Бұл сөйлеуге, сөйлесуге үйрету үшін қажет.

4. Ағылшынша сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру керек.

5. Оқушыларға қысқа өлең, тақпақ, мақал – мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттап үйрету керек. Оның ағылшын тіліндегі дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне тілдерін жаттықтыруда үлкен пайдасы бар.

Мысалы,

1. Many hands make light work.

Көп түкірсе, көлболады.

2. Too many cooks spoil the broth.

Қойшы көп болса, қой арам өледі.

3. Make hay while the sun shines.

Қыстың қамын жаз ойла

Оқушылардың бақылау, заттарды қарау, суретқарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын – сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, оқушылардың ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында оқушы үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Мұғалім балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үштүрлі етіп өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Find similarity» «Салыстырда, атын ата», «Compare and call», «Қай ағаштың жапырағы», «By what leaf of the tree», «Бірдей ойыншықты тап», «Find similar toys», «Қайсысы көп, қайсысы аз» «Where more, where less», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті кұрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «By what subject like?» «Қай сурет тығылды?», «Which figure is hidden?», «Бір сөзбен ата», «Give one word», «Кім байқағыш», «Who observant», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «Spot the difference», «Есінде сақта», «Remember». Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Remember the words», «make words», «Жұмбақ ойла», «Make a puzzle», «Жақсы - жаман», «Good or bad», «Жалғастыр», «Continue».

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Gallery of figure», «Remember the figure», «Қиын жолдар», «Difficult road», «Суретті жалғастыр», «Continue picture» «Бишіадамдар», «Dancers», «Көңілді таяқшалар» «Funny sticks» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өзнәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Оқушылардың ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен оқушылардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

Қорытынды: Оқушылардың сөздік қорын қалыптастыруда сабақта пайдаланатын көрнекі құралдардың маңызы зор деп айтар едім. Көрнекі құралдың мазмұнын оқушылар мұғалімнің ауызша түсіндіру арқылы біледі де, ал көрнекі құрал сол айтқандарын айқындай немесе нақтылай түседі.

Қытай даналығында: «Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын; маған көрсетсең, мен есімдес ақтаймын; ал өзіме әрекет жасауға мүмкіндік берсен, мен үйренемін» деп айтылғандай, біз балаға бір ақпаратты тек айтып қана қойсақ, ол ұмытып кетуі мүмкін, көрсетсек есінде қалуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку. – Москва, 1975.
2. Старков А.П. Диксон Р.Р. Остроковская О. Учебник для 7 класса средней школы Книга для учителя к учебнику 7 класса.
3. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы:
4. Амандықова Г.Н, Мұхтарова Ш.Е, Баймұқанова Б.С «Шет тілін оқыту әдістемесі»
5. Питер Клаттербак « Англиский язык шаг за шагом»
6. «Ағылшын тілі мектепте» журналы»

Резюме: В этой статье рассматриваются методы развития словарного запаса английского языка. Важную роль играет наглядные пособия используемые в классе при формулировании словарного запаса учеников.

Resume: This article deals with the methods of developing of vocabulary at English lesson. The main role of using visual aids at the lessons are important when formulating the vocabulary of pupils.

ӨОЖ 81 36

**НЕМІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ ГРАММАТИКАСЫНДАҒЫ
ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР**

Үсенбай Ж.М.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Шонгалова А.С.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Тіл – адамдардың бір – бірімен қатынас жасайтын, пікір алысатын, өзара түсінісетін құралы, сонымен бірге оның заңдылықтары ерекшеліктерін құрылысын оқытатын, зерттейтін ғылым. Неміс және қазақ тілдері – туыстық және типологиялық жағынан бөлек топтарға жататын тілдер. Неміс тілі үнді – еуропа тілдеріне, оның ішінде герман тілдері тобына жатады. Қазақ тілі түркі тілдері тобының қыпшақ тілдері тармағына жатады. Сонымен, туыстық тұрғыдан неміс тілі мен қазақ тілі арасында ешқандай қатынас жоқ. Бірақ осыған қарамастан грамматика жағынан екі тілдің де тиімді әсерін қарастыруға болады. Типологиялық тұрғыдан неміс тілі аналитикалық – флективті, ал қазақ тілі агглютинативтік тілдер тобына жатады. Демек, типологиялық тұрғыдан да бұл екі тіл арасында жақындық жоқ екен. Оның үстіне неміс тілі мен қазақ тілі даму тарихында өзара байланысты болмағанын ескерсек, екеуінің арасында ұқсастықтан гөрі өзгешеліктер көп болуы – заңды құбылыс. Дегенмен екі тілдің арасында ешқандай ұқсастық жоқ деуге де болмайды.

Алдымен неміс тілінің грамматикалық формаларының үш түрлі тәсіліне тоқталсақ:

1. Ішкі тәсілдер арқылы сөз түбіріндегі дауысты дыбыстың алмасуы.

а) жуан дауыстылардың жіңішкеруі

ә) дауысты дыбыстардың алмасуы

б)-е- дауыстысының і(ie) -ге айналуы.

2. Аналитикалық немесе күрделі формалар құрайтын тәсілдер. Неміс тілінің флективті-аналитикалық тілдер санатына жататыны. Сол себепті неміс тілінде күрделі грамматикалық формалар жиі кездеседі. Аналитикалық формалар етістікке тән.

3. Супплевтивтік тәсілдер. Кейбір грамматикалық формалар сөз түбірінің өзгеруі арқылы жасалады.

Жоғарыда берілген неміс тілінің грамматикалық формаларының үш түрі қазақ тілінің грамматикалық формаларының үш түрі қазақ тілінің грамматикалық формаларын құрайтын тәсілдерінен мүлдем басқаша екеніне М.Ғалиұлы айырықша мән бергені аңғарылады. Десек те, жуан дыбыстардың жіңішке айтылуы немесе күрделі грамматикалық формалар секілді тәсілдер қазақ тіліне де тән екенін айтады. Неміс және қазақ тілдері грамматикасы саласындағы ең басты ұқсастық – екі тілде де сөз таптары толық мағыналы : зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, үстеу, етістік және шылау сөздерден тұратындығы. Сөз таптары саласында екі тіл арасындағы мынадай ерекшелікті ескеру қажет: неміс тілінде шылау сөздер құрамында септеулік деп аталатын сөз табы бар, қазақ тілінде мұндай сөз табы жоқ. Ол әдетте зат есімнің алдында қолданылып, оның белгілі септік тұлғасында тұруын талап ететін шылау сөз. Қазақ тілінде септеулік ұғымының болмауы қазақ оқушыларына үлкен қиындық келтіреді. Оқушыларға оны түсінудің өзі ауыр тиеді. Бұл қиыншылықтар жеңуге орыс тілі көмектесе алады. Жекелеген сөз таптарын салыстыру арқылы да екі тілде белгілі ұқсастықтар мен өзгешеліктер барын анықтауға болады. Мысалы, неміс тілінде де, қазақ тілінде де зат есімнің септік категориясы мен сан категориясы бар. Демек, қазақ оқушылары үшін неміс тіліндегі зат есімдердің септелетінін, оның жекеше және көпше түрі барын түсіну қиындық келтірмейді. Бұл категорияны меңгеру қазақ оқушылары үшін жеңіл, өйткені бұл жерде ана тілі тиімді ықпалын тигізіп тұр.

Алайда неміс тілі мен қазақ тілі арасындағы ерекшелікті неміс тілінде род категориясы бар, ондағы зат есімдердің әрқайсы үш родтың біріне жатады: мужской род – der Tisch, der Lehrer, der Schüler; женский род – die Schule, die Tafel, die Lehrerin; средний род – das Buch, das Kind, das Mädchen т.б. Қазақ тілінде мұндай род категориясы жоқ. Екі тілде де зат есім септеледі, бірақ олардың септелуі бірдей емес.

Қазақ тілінде жеті септік болса, неміс тілінде төрт септік бар. Қазақ тіліндегі септіктердің мағынасы неміс тілінде зат есімнің белгілі бір предлогпен тіркесуі арқылы білдіреді. Қазақ тілінде барлық зат есімдер біртектес септеледі. Неміс тілінде зат есім септелуінің үш түрі бар: Неміс тілі мен қазақ тілінде сын есімдер арасында да ұқсастықтар мен

өзгешіліктер бар. Екі тіл де сын есім екі синтаксистік қызмет атқарады: анықтауыш қызметі және күрделі есім баяндауыштың есім бөлігі *Dastan ist ein fleißiger Schüler* – Дастан — ұқыпты оқушы (анықтауыш). *Der Schüler ist fleißig* – Оқушы ұқыпты (есім баяндауыш). Екі тілде де сын есімнің 3 шырайы бар: 1. Жай шырай – *lang* — 2. Салыстырмалы шырай 3. Асырмалы шырай – ұзын – *länger* — ұзынырақ *der (die, das) – längste* – ең ұзын. Екі тілдегі бұл ұқсастықтар қазақ тілі неміс тіліндегі сын есімнің синтаксистік қызметтерін, шырайларын меңгеруде тиімді ықпалы тигізеді.

Етістік саласында да неміс тілі мен қазақ тілінің арасында осы сияқты ұқсастықтар көптеп кездеседі. Екі тілде де етістіктің жіктік, жақ, шақ категориялары бар. Екі тілде де үш шақ бар, бірақ оларды білдіру үшін әртүрлі шақ формалары қолданылады. Мысалы: неміс тілінде осы шақты білдіру үшін бір шақ формасы (*Präsens*) , келер шақты білдіру үшін екі шақ формасы (*Futurum I und Futurum II*) қолданылса, өткен шақты білдіру үшін 3 шақ формасы қолданылады (*Imperfekt, Perfekt, Plusquamperfekt*). Ал қазақ тілінде мұндай шақ формаларының саны одан да көп. Осы шақтың екі формасы: нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ; келер шақтың 3 формасы бар: ауыспалы келер шақ, болжалды келер шақ және мақсатты келер шақ. Ал өткен шақтың қазақ тілінде 4 шақ формасы бар: жедел өткен шақ, анық өткен шақ, ежелгі өткен шақ және ауыспалы өткен шақ. Екі тіл шақ формаларының әртүрлігіне қарамастан мағыналары арқылы ұқсастықты айқындауға болады. Қазақ тілінің нақ және ауыспалы осы шақтағы сөйлемі неміс тілінде тек бір осы шақпен беріледі. Мысалы: қазақ тілінде нақ осы шақ – ол кітап оқып отыр, неміс тілінде — *er liest ein Buch*; Қазақ тілінде ауыспалы осы шақ – ол күнде келеді, неміс тілінде – *er kommt jeden Tag*. *Liest* және *kommt* неміс тілінде бір шақта, яғни *Präsens* – те қолданылып тұр. Қорыта келгенде, неміс және қазақ тілдері – туыстық және типологиялық жағынан бөлек топтарға жататындығына қарамастан екі тілдің грамматикасындағы ұқсас құбылыстар бар екені анық және ол неміс тілін үйренуде тиімді ықпалын тигізеді.

Ескерсек, қазақ ұлты үшін неміс тілі жақындау келетінінің бір себеп-салдары айқындалып тұр. Өмірде қазақтар неміс халқымен іргелес болса, тез уақыт аралығында немісше, неміс ұлты қазақша сөйлеп кететіні осының нәтижесі демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арын М. Рухнама 2-кітап. - Павлодар, 2003. - 15 б.
2. Арынов М.Ғ. Неміс тілі грамматикасы. Морфология.- Алматы: Мектеп, 1986,- 214 б.

Резюме: В этой статье представлена грамматическая система немецко-казахских языков для изучения иностранных языков. Для учащихся, изучающих иностранные языки, самым важным является знание грамматики. Важносначала овладеть навыками грамматики.

Resume: This article presents the grammatical system of German-Kazakh languages for studying foreign languages. For pupils studying foreign languages, the most important is the knowledge of grammar. It is important to first master the grammar skills.

**ҚАЗІРГІ ТАҢДА МЕКТЕПТЕРДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ
ӘДІСТЕМЕСІ: СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ**

Хасиденова А.А, Мұқтарова А.Е

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенттері

*Ғылыми жетекші: **Оскина М.С.***

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Рухани интеграция дәуірлеген бүгінгі таңда ағылшын тілі – ғаламдық феноменге айналды. Мемлекетаралық байланыстарды нығайту елдердің экономикалық қарқыны ғана емес, ол руханиятқа, соның ішінде, тілге де тәуелді. Оқыту саласына түбегейлі өзгеріс жүріп жатқан, оқыту әдістері мен оның мазмұны қайта қарастырылып жатқан қазіргі таңда шетел тілдерін оқытудың тарихи тәсілдері мен оның негізгі тенденцияларын жетілдіру жүйесіне орала кету орынды.

Қазіргі шетел тілін оқыту методикасы ғылым болып қалыптасып келе жатқанына ешкім күмән келтіре қоймас. 1930 жылы Е.М.Рыт методикаға алғаш анықтама берген. Ол: «Шетел тілін оқыту методикасы салыстырмалы тіл білімінің тәжірибелік айқындаушысы», -деп баға берген болатын.

Шетел тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтырылуы, дамытылуы тиіс деп, Ел президентінің 2011 жылғы жолдауында көрсетілгендей қазіргі шәкірттеріміз ертеңгі күн әлем кеңістігіне еркін ену үшін білім беру жүйесі халықаралық деңгейге көтерілуі керек. Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып және әлемдік білім берудің кеңістігіне бағыт алып, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу қолға алынуда. Мектептерде “2-сыныптан бастап ағылшын тілін үйрету” эксперимент-сынақтар өткізілуде. Сондықтан да ағылшын тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптар ауқымы үлкен. Болашақ шетел тілі мұғалімінің I курстан бастап даярлығын қамтамасыз етудің негізі-болашақ маманның зиялы, интеллект ретінде және сезімтал жан болуы үшін, оның шығармашылық қабілеттерінің дамуына көмектесу болып табылады.

Шетел тілі- үлкен тәрбиелік диапазон. Ол оқушылардың жан дүниесін байытады, өй-өрісін кеңейтеді, көркемдік талғамды ұлғайтады, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Сондықтан да осы шетел тілін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдер қолдану маңызды. Сол әдіс-тәсілдер аясында біз сөз еткелі отырған мәселе-критикалық(сыни) ойлау технологиясы.

«Критикалық ойлау» деген сөздің өзі гректің *kritikos* яғни «ойлай білетін» деген мағына беретін сөзінен алынған. Критикалық ойлау – неге сеніп, не істеу керектігі жөнінде саналы ойлай білу.

Сыни ойлаудың мәні өзінің немесе басқа біреудің ойын бағалап, сараптау кезінде іс-әрекетке және көз жеткізуде озық ойды қалыптастыруда жатыр. Критикалық ойлаудың өзегі қате ойлау түсінігі,

қорытындыны айқындау, нақтылық пен дәлелді бағалау және нәтижені сараптай білу секілді бірқатар дағдыларда жатыр. Сыни ойлаудың қорытындысы деректер мен бөтен біреудің пікірін өзіңе сіңіріп алу емес, пікірге төрелік айта білу және өз пікіріңді алға тарта білуде жатыр.

Критикалық ойлаудың артықшылығы

Оқу орындарында

Критикалық ойлау оқу барысында маңызды рөл атқарады. Оқуда табысқа жету үшін сіз зерттеліп отырған нақты пәндердің тақырыбын жетік біліп алғаныңыз жөн. Сыни ойлай білу дағдысы өтіп жатқан сабақ барысында қиын тақырыптарды оңайлата алмауы мүмкін, ал, бірақ, уақыт өте келе жинақталатын тәжірибе арқылы сіздің оқулығыңызда келтірілген дәлелдер мен дәйектерді түсінуді елеулі түрде арттырады. Бұл өтілген сабақтың тақырыбын жақсы түсінуге айтарлықтай ықпал етеді.

Жұмыста

Жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігіне назар аударып қана қоймайды. Олар ақпаратты өңдеп, оны талдап, сараптай білу қабілетіне, шығармашыл деңгейде ойлай білуіне, сөйлер сөзін жұптап, алынған мәліметтерді орнымен пайдаланып ойын нақты, тұжырымды, сенімді жеткізе білу қасиетіне де ден қояды.

Критикалық ойлау дағдысын дамыту- ұжымдарда өткізіліп жататын тимбилдинг жөніндегі семинарлардың бір бөлігі болуы мүмкін. Солайша, барлық қызметкерлерді қамтитын іс-шара болуы қажет. Соның нәтижесі ұжымда және жекелеген адамдарға жақсы жағдай туғызуға оңды ықпал етіп, әр адамның өз қызметі тұрғысынан жай, қалыптағыдай емес, парасатпен, түпкі нәтиженің жақсы болуы үшін мен не істеп отырмын, оны дұрыс жасап отырмын ба жоқ па деген сұрақтарды қою арқылы нәтиже мен сапаны жақсартуға тырысады.

Күнделікті өмірде

Сыни ойлау жұмыста немесе оқу процесінде ғана емес күнделікті өмірдегі әртүрлі жағдайда да аса бағалы болып келеді. Критикалық ойлау дағдысының арқасында Сіз оқу процесінен тыс өмірде де кез-келген жағдайға, мысалы біреуді таңдау қажет болғанда, сонымен қатар өз пікіріңізді өзгертпеуді талап ете алатын кездерде мұқият дайындықта бола аласыз. Критикалық ойлау Сізге өз ойыңызды (жазбаша және ауызша түрде де) әлдеқайда анық айтуға және де айналаңыздағы адамдарды өз пікіріңізбен иландыра алуыңызға көмектеседі.

Критикалық ойлаушының 7 қасиеті

1. Көзқарастар мен дәйектерді жақсы түсінеді және бағалай біледі.
2. Көрсетілген мәліметтер мен дәлелдер арқылы дұрыс ойланады және сәйкес келетін тұжырым жасайды.
3. Қарама-қарсы пікірлерді тыңдап, өзіне қатысты өзгелердің болжамдары мен сындарын қарсы алады.
4. Өз тұжырымдарын жеке басының қызығушылығымен қажет деп санаған ойымен емес нақты дәйектермен негіздейді.

5. Өзінің дүниетанымын қалыптастыратын нанымдарын саналы түрде қабылдайды. Білмейтіндерін мойындайды және өзінің шектелу қажеттігін ұғынады.

6. Егер де өзінің критикалық ойлауына қарсы болса көпшіліктің пікірімен келіспеуден қорықпайды.

7. Кең ауқымды сұрақтарды қызықтайды. Қиындық пен кедергілерге қарамастан ақиқатты орнатуда табандылық танытады.

Сыни ойлау сіздің дәлелсіз болжамдар мен идеологиялардан, жалған нанымдардан босауыңызға көмектеседі. Қорыта келгенде мұндай ойлау Сізді ойлануға және өз-өзіңізден “Бұл маған айтқан және мен естіген дүние ме? Бірақ, бұл нақты осылай болу керек пе?”деп сұрауға алып келеді. Қандай да бір ақпаратты оқыған, кез-келген жаңа ақпаратты естіген бойда Сіз өзіңізге “Мұны кім айтты?”, “Ақпарат көзіне сенуге бола ма?”, “Мұның нақты дәлелдері бар ма?”, “Ғылыми жолмен дәлелденген бе?” т.с.с сұрақтар қоя бастайсыз.

Критикалық ойлауға арналған жаттығулар

Сыни ойлауды пікірлерді сараптау мен болжамдар, ұсыныстар кезінде қолдану қажет. Баспасөзден ғалымдар мен саясаткерлердің пікірлерін жиі кездестіруге болады. Мұндай пікірлермен көзді жұмып келісе салғаннан гөрі критикалық ойлай білетін адамдар келтірілген дәйектер бойынша өз бағаларын беруге тырысады.

а) Көбінесе мемлекеттің тапсырысымен жасалынатын, “Емдеуге қарағанда, алдын алу арзанырақ” деген қағида бойынша жұмыс жасайтын әлеуметтік жарнаманы мысал ретінде келтіріп өтуге болады. Міне, осылай мемлекетқоғамға қамқорлық таныту мақсатында әлеуметтік жарнамамен айналыса отырып, қоғам назарын мәселеге аударып, қоғамды жаңа әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады.



1. Бұл жарнаманың мақсаты қандай? Жарнама кімдерге арналған?
2. Сіз мұндай жарнаманы қалай қабылдай едіңіз және неліктен?
3. Сіздің ойыңызша неліктен «Любимый город-Алматы» жазуы жасыл, ал «Водитель будь внимателен» қызыл түсте берілген?
4. Көрсетілген жарнама бойынша дизайнер жүргізушіге қалай әсер етуді көздеуі мүмкін?
5. Өзіңіз тұрып жатқан тұрғылықты мекенде болатын жол көлік апаттары мәселесін шешу үшін мұғалімге әлеуметтік жарнаманың өзіңіз қалаған нұсқасын ұсыныңыз.

ә) Қазақстандық Forbes журналында зейнеткерлік жас бойынша экономистердің мынадай пікірлері пайда болады:

Ер адамдардың әйел адамдарға қарағанда 60-тан асқан жасында өлімі жиі кездесетіндіктен ер адамдардың зейнеткерлік жасын 63-тен 58-ге төмендету дұрыс болатын сияқты. Ер адамдарға зейнеткерлік жасының молырақ болып, немерелерінің қызығын көруге мүмкіндік беру қажет. Балаға атасымен өткізген бір күн, әжесімен өткізген күніне қарағанда көбірек даму процесін беретіні белгілі.

1. Экономистердің басты тұжырымы неден тұрады?
2. Сіз экономистің тұжырымымен келісесіз бе?
3. Экономистер дәйектерін бағалаңыз?

б) Абай Құнанбаев. Он тоғызыншы қара сөзі.

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естелік жеке өзі іске жарамайды.

Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?

Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

1. Онтоғызыншы сөздің негізгі мағынасы неде?
2. Бұл мәтінге қандай ат қоюға болады?
3. Тек қана «естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деген тұжырымдамамен келісесіз бе?
4. «өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы...» деген тіркестерді қандай мақсатта қолданып отыр?
5. Сіз өз ортаңызда кімді білімді деп санайсыз?

Қорытындылай келе, «Қалай сыни-продуктивті ойлауға болады, жана ой тудырудың, еркін ойлаудың өзіндік бір шарттары, қалыптары мен жүйесі бар ма, қарапайым сананы қалай сыни ойлауға бейімдей аламыз?» деген сияқты сауалдар қоя отырып, оның белгілі бір бағыттары, өзіндік мәнері бар екендігін ұғынамыз. Мысалы, психолог Д. Халперннің пікірінше, әр түрлі жағдайда қолдануға болатындай етіп сыни ойлаудың құрылғыларын оқыту арқылы арнайы енгізуге болады және ол маңызды іс болып табылады.

Олай болса, біз, сыни ойлаудың бағыттарын іздестіре келе, оның мәнерлері мен өзіндік ерекшеліктері бар екендігін ұсынып, оны «сыни (продуктивті) ойлаудың әдістемелік нұсқаулары » деп атап, формулалармен белгілеп, нақты мысалдар келтіре отырып, кейбір бағыттарын ғана түсіндіріп өтуді жөн көрдік. Бұл баршаның сыни ойлауына негізделген, ғылыми танымдағы жаңалық ашуға бағытталған ақылдың әдіснамасы ретінде де белгіленетін өзіндік бір тың бағдарлар болып табылады.

Әдебиеттер:

- 1) Қалиев С., Аюбай Қ. «Қазақстанның педагогикалық ойлар антологиясы» (2012ж);
- 2) Құнанбаев А. «Сөздер кітабы» (1993ж);
- 3) И.П.Иванова «Теоретическая грамматика современного английского языка» (1988г);
- 4) Л.С.Бархударов «Грамматика английского языка» (1986г);
- 5) Jackson D., Newberry P. «Critical Thinking» (2010y);
- 6) Thomson A. «Critical reasoning: A Practical Introduction»
- 7) Nazarbayev University Practice Papers <http://admissionsnu.edu.kz/>

Аннотация: «Основы критического мышления» - позволяет читателю в освоении этих навыков. Особенность этой статьи в её простоте, где приводятся примеры из ежедневной жизни, простым и доступным языком, учетом международного передового опыта. Надеемся, что в дальнейшем наш небольшой труд на пути повышения конкурентоспособности всего Казахстана во всех отношениях еще больше улучшится.

Resume: «Bases of critical thinking» allows the reader to learn these skills. The feature of this article in its simplicity, which gives examples from daily life, in simple and accessible language, based on international best practices. We hope that our small work on ways to improve the competitiveness of Kazakhstan in all respects will further improve.

ӘОЖ 821. 512. 122

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – ЖАҢАШЫЛ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Хасимова Ұ.К.

5B011900 «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Оскина М.С.

Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген.

Бүгінгі таңда елімізде «үш тілді меңгеру» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Елбасы 2006 жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария еткен болатын. Ал 2007 жылғы жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобасын кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қарым –қатынас тілі және ағылшын тілі –жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз деген мақсатта бұл жоба аясы кеңейіп, білім беру жүйесінде де өзіндік орнын алып отыр [1]. Осындай әр тілдің функциясын арттыруға бағытталған бағдарламалардың бірі – «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Жобаны Қазақстан Республикасының мәдениет министрі Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед дайындады.

Бағдарламаның басты мақсаты:

- Қазақ тілінің мәртебесін көтеру;
- мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу;
- ағылшын тілін меңгерту;
- орыс тілін жетік білу;
- әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау;

Жобаның іске асу мерзімі:

Бірінші кезең: 2011-2013 жыл

Екінші кезең: 2014-2016 жыл

Үшінші кезең: 2017-2020 жыл

Жобаның қорытындысы:

- Мемлекеттік тілді меңгерген мектеп бітірушілер - 100%;
- Мемлекеттік тілді меңгерген жалпы халық саны - 95%;
- Мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу -100%;
- Республикамыздағы орыс тілін меңгерген азаматтардың үлесі - 90%;
- ағылшын тілін меңгерген халық үлесі - 20%;
- Өз тілдерін меңгерген өзге ұлт өкілдері - 30%.
- үш тілді жетік меңгергендер жалпы халықтың 20%-ын құрауы керек;

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» - деп [2,3], Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру - заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі - мектепте үш тілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Көптілді білім - көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру [4]. Қазақстан республикасының Білім Заңында көрсетілгендей: «Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек» делінген. Осындай еліміздің саясатын қолдай отырып, қазіргі таңда мектептерде үштілділік мәселесі толықтай жүзеге асып жатыр. Мектептердегі үштілді білім беру мәселесі бекітілген Білім заңына, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген Мұхтар Абрарұлының жобасының негізінде жүзеге асып жатыр.

Білім беру жүйесі 4 деңгейден тұрады. Ол Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңымен бекітілген. Бірінші деңгейі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту. Оның келесі білім сатыларында алатын орны ерекше. Бастауыш білім қоры және сол білімді қай тілде меңгерудің де орны зор.

Жасы	17-18	Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім		4	Білім деңгейлері		
		Докторантура Университеттер, академиялар, ҒЗИ – 3жыл					
		Аспирантура Университеттер, академиялар, ҒЗИ – 2 -3 жыл					
		Жоғары білім		3			
		Жоғары ғылыми-педагогикалық					
		(Магистр) Университеттер, академиялар – 1-2жыл					
		Арнаулы жоғары					
			(Дипломды маман) Университеттер, академиялар, институттар – 4-5 жыл				
		Базалық жоғары					
		(Бакалавр) Университет, академия – 4жыл					
	17-18						
		Орта білім				2	
		Жалпы	Кәсіптік				
		Жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, лицейлер, 10,11(12) сыныптар	Бастауыш кәсіптік	Орта кәсіптік			
Кәсіптік мектептер, лицейлер – 2-3(4)жыл	Колледждер – 3-4жыл						
15-16							

15-16	Негізгі жалпы		
10-11	Жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, негізгі мектептер – 5-9 сыныптар		
10-11	Бастауыш жалпы		
6-7	Жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар, негізгі мектептер – 1-4 сыныптар		
5-6	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту	1	
	Мектепалды даярлық		
	Отбасы, балабақшалар, жалпы білім беретін мектептер		
	Мектепке дейінгі тәрбие		
	Отбасы, балабақшалар, бүлдіршіндер бақшасы		

Кестеден байқап отырсақ, білімнің негізі отбасы, балабақшадан бастау алады [5]. Бала «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, алғашқы сөздерді қай тілде меңгеріп, үйренсе, сол тілге жақын тұрады. Сондықтан отбасында, балабақшаларда қазақша сөйлеулеріне назар аудару керек. Бастауыш сыныпқа келген бала сөздік қорын толықтырады, білімін жүйелейді, жаңа ілім-білімге ұмтылады. Қазақ тілін меңгеріп келген бала, білімін ары қарай осы тілде жалғастыруды қалайды. Яғни, баланы, балабақша жасынан бастап қазақ тілінде сөйлеуге бағыттау керек. Осы арқылы біз 100% қазақ тілін меңгерген азаматтарды тәрбиелей аламыз. Жәнеде Елбасы жолдауларында көрсетілгендей маңызды мәселе болып табылады. Ол келер он – он екі жылдан соң қазақша сөйлейтін қоғамның кепілі болмақ.

Орыс тілі мен ағылшын тілі мектеп қабырғасында жас ерекшелігіне қарай оқытыла бастауы керек. Сонымен қатар, тек грамматикасын меңгертіп қана қоймай, мұғалімдер оқушылардың еркін сөйлеп, өзіндік пікірін білдіре алатын дәрежеде оқытылып шығуларына баса назар аударғаны жөн. Бұл мәселелердің іске асуы, нәтижелі болуы барлық жағдайдың жасалуын қажет етеді. Ағылшын тілі мен орыс тілін меңгерген азамат шет елде білім алып, ел экономикасымен, саяси ахуалымен, салт-дәстүрімен, болмысымен таныса алады. Оны еліміздің түрлі салаларында қолданып, жетістіктерге қол жеткізе алады. Тілді білудің ерекшелігі де осы. Сондықтан жастарды тілге баулу, еркін сөйлеуге машықтандыру балабақшада, мектеп қабырғасында, оқу орындарында қолға алынып, жүзеге асырылуы қажет.

Мектептегі білім беру міндеттерінің негізгілерінің бірі – оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау болып табылады. Сол шынайы өмірге аяқ басар негізгі сатылардың бірі ол – үш тілді меңгеру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой - өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік

туғызады. Оқушының шет тілін меңгеруі кез - келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, болашақта жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. Алматы. – Дастан, 2000 – 336бет.
- 2 Ақиқат. 2013 жыл, №1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
- 3 Ақиқат. 2011жыл, №5. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі
- 4 Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. №4 (22), 2006ж.
- 5 ҚР «Білім туралы» Заңы

Аннотация: В статье рассматривается трехязычное образование как часть современного образования и его особенности. Большое внимание уделяется содержанию основных этапов развития трехязычном образовании.

Resume: In the article considers trilingual education as a part of modern education and its features. Much attention is paid to the content of the main stages of the development of trilingual education.

МАЗМҰНЫ:

Алғы сөз.....	3
I Секция	
Жаратылыстану және ақпараттық технологиялар	
Айтмырзаева Э.Б	Ағылшын тілі сабағында интербелсенді оқыту
Багитжанова Ш.С.	технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігі
Амангелді А.К.	Шетел тілін оқыту үрдісінде жаңа технологияларды
Оскина М.С.	қолданудың маңызы.....
Әсенова С.Б.,	Модульдік оқыту әдісін ағылшын тілі сабағында тиімді
Бердімұратова К.Д.	қолдану.....
Анапин Е.Х.	12
Батыргалиева Г.Д.,	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
Жанабай И.С.	– бүгінгі заман талабы.....
Боранбаева А.Б.	15
Джурабой З.М.	Шетел тілін деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы
Багитжанова Ш.С.	арқылы оқытудың тиімділігі
Ержан Ж.Н.	Үш тілде білім беру – жаңашылдық бастауы.....
Шонгалова А.С.	23
Есенбаева А.	Применение инновационных методов обучения,
Оскина М.С.	основанных на коммуникативной, информационной
	технологии.....
	26
Икрамова Н.А.,	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде
Насирова М.Х.	ағылшын тілі сабақтарын жүргізу жүйесі.....
Ахметова Г.Х.	30
Исахова С.	Content-language Integrated learning as one of the
Оскина М.С.	polylingual approaches.....
Нурмухамбетова М.Б.	35
Оскина М.С.	Визуально-аудиальный метод изучения иностранных
Сактапбергенова М.У.	языков в контексте самостоятельного обучения.....
Байдалина Ж.Ж.	39
Сүйіндік А.Қ.	Трехязычие, как один из приоритетов современного
Шонгалова А.С.	образования.....
	42
	Көптілділік дегеніміз – мәдени құндылықтардың бірі..
	46
II Секция	
Педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар	
Ashirova K.M.	Multilingualism in Kazakhstan Higher Education: Prospects
Akhmetova G.Kh.	and Challenges.....
Dusenbi K.	The role of English language in Kazakhstan
Oskina M.S.	56
Nagykanova B.M.	Critical thinking as a method of teaching communication
Bakirova Zh.M.	for stimulating creativity of students at english lessons.....
Omirbay N. K.	61
Bakirova Zh.M.	Creating conditions and forms of work with gifted students
Toimatova D.G	at secondary school.....
Baidalina Zh.Zh.	66
Yessenbekov Sh.	The ways to improve the efficiency and problems of
Bakirova Zh.M.	learning English.....
Yntymak K.	70
Oskina M.S.	The group form of work as means of activating the learning
	process at english lessons.....
	75
	Reflective practice in teaching.....
	78

Адылбекова С.А.	Рефлексия на уроках английского языка.....	83
Байдалина Ж.Ж.		
Айманова Т.Б.	Использование игровых технологий и элементов драматизации на уроках английского языка в начальных классах.....	88
Анапин Е.Х.	Роль английского языка в современном мире.....	90
Алтынтурина И.Д.		
Ахметова Г.Х.	Неміс және қазақ тілдері лексикалық жүйелерінің салыстырмалы сипаттамасын талдау.....	94
Аманжолова Н.А.	Ситуативность и диалог.....	98
Багитжанова Ш.С.		
Артикбаева О.З.	Үш тілді білім берудің маңызы мен мақсаты.....	100
Аубакирова Ж.З.		
Әбілбаева Ш.А.,	Эффективное изучение английского языка по песням....	103
Бакберген А.Қ.		
Боранбаева А.Б.	Ағылшын тілі сабақтарында алғашқы түсінік айтуға үйрету - оқытудың маңызды міндеттерінің бірі.....	106
Әбдібекова Н.А.		
Оскина М.С.		
Әмірхан П.		
Ахметова Г.Х.		
Байдуллаева Ұ.Н.,	Ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйренудің маңызы..	110
Жанарыстан Ж.М.		
Боранбаева А.Б.		
Байжумина З. Б.	Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері.....	113
Штатбаева Г.С.	Английский язык в условиях глобализации.....	118
Балтабаева А.		
Ахметова Г.Х.	Ағылшын тілі фонетикасын игерудің жолдары.....	122
Бекеш С.Н.		
Штатбаева Г.С.		
Беков М. Е.	Развитие языкового чутья и опора на него в обучении родному языку.....	126
Абдрашитова Р.А.	История происхождения русского языка	133
Беков М. Е.		
Абдрашитова Р.А.	Применение проектной методики в преподавании иностранного языка.....	140
Бектибаева А.Н.		
Байдалина Ж.Ж.	Шетел тілі сабағында оқушының сөйлеу іскерлігін дамыту.....	145
Есенқұл С.Ғ.		
Анапин Е.Х.	Ағылшын тілін қазақ тілімен салыстыра оқытудың тиімді жолдары.....	149
Жолдасбек А.Н.	Ағылшын тілінде оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын дамыту жолдары.....	153
Шонгалова А.С.	Амангелді батырдың портреті жайында	157
Жұмантаева Ж.Б.		
Оскина М.С.	Формирование образа города средствами эргоурбонимии	160
Жұматай Б.Ә.		
Қалиев А.К.	Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы.....	166
Кенесбай А. Н.		
Ибрагим А.Е.		
Көбен Е.	Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығуларды пайдалану.....	168
Шонгалова А.С.		
Қадырқұл А.Қ		
Анапин Е.Х		

Қуатбекова А.С	Ағылшын тілін оқытудың бастапқы сатысында	
Бакирова Ж.М.	оқушыларды ауызша сөйлеуге үйретудің жолдары.....	172
Мамыт С.С.,	Ағылшын тілінің маңызы және оны мектептерде	
Темірхан Ә.Ж.	оқытудың алғы шарттары.....	180
Ахметова Г.Х.		
Махамбетова А.П.	Білім беру мекемелеріндегі билингвалды оқытуға	
Ғалымжанова З.Т.	сипаттама.....	184
Мұхамбеткереева Г.І.	Әлем әдебиетіндегі катарсистің орны	187
Таутина Б.А.		
Муратова А.Б.	Общность фразеологических оборотов казахского,	
Жумабаева Г.С.	русского и английского языков	190
Насириддинова Д.З.	Чтение как средство обучения иностранному языку.....	195
Тургумбекова Б.Н.		
Нұрлан Ж.Қ.	Сүйінбай шығармаларының көркемдік ерекшеліктері....	198
Рахметова Б.А.		
Нұрсали Ә. С.	Вопросы иноязычного образования и полиязычия на	
Ибрагим А.Е.	современном этапе общественного развития	204
Оспан.Ф.Ж.	Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың сөздік	
Анапин Е. Х.	қорын дамыту	210
Үсенбай Ж.М	Неміс және қазақ тілдерінің грамматикасындағы	
Шонгалова А.С.	ұқсастықтар мен айырмашылықтар	213
Хасиденова А.А,	Қазіргі таңда мектептерде ағылшын тілін оқытудың	
Мұқтарова А.Е	әдістемесі: сыни тұрғыдан ойлау	216
Оскина М.С.		
Хасимова Ұ.К.	Үш тілді білім беру – жаңашыл білім беру жүйесі	220
Оскина М.С.		

«ШЕТ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ: ТӘЖІРІБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ»
атты институтішілік студенттердің ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
28 қараша 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской студенческой научной конференции
«ИНОЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, НОВИЗНА»
28 ноября 2017 года

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 5.12.2017 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7x21½. Көлемі 14,82 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №01048

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru